Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ...
АБАЙ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың наурыз айынан бастап шығады

5/2014 **МАМЫР**

МАЗМҰНЫ

Адамзаттың Абайы

Марат БЕКБОСЫНОВ, Мақсат ӘЛІПХАН. «Абайтану» пәні (курсы).....3

Көкейкесті көзқарас

Гүлайым ҚАБЛАҚАТҚЫЗЫ. Қазақ тілінің дыбыс құрамы.....14

Құралай АҚБАЖАҚОВА. Қазақ тілі дыбыстарының талданымы (профессор Қ.Жұбанов еңбектері негізінде)..23

Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ. Жыршы тастардағы түркілік рух.....30

Бану ОМАРОВА. Сілтеу есімдігінен жасалған есімді сөйлемдер.....43

Шаттыгүл ЛЕСБЕККЫЗЫ. Құрмалас сөйлемді оқыту жайынан.....50

Бижомарт ҚАПАЛБЕК. Контрастивті лингвистиканың бастау көздері.....57

Роза САҒЫМБАЙҚЫЗЫ. Прецедентті антропонимдердің лингвомәдени аспектісі.....64

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Кәмшат САРМАНОВА. Сапалы білім мен тәрбиенің тәжірибелік мәселелері.....70

Раушан ЖҰМАНҚЫЗЫ, Гүлнәр БАҚЫТҚЫЗЫ. Тұйық етістіктің түрленуі.....74

Гүлден МАКСИМОВА. Қайталау сабағы – есімдік.....79

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Гүлбадан МӘМБЕТРЗАЕВА. Махамбет өлеңдерінің талдамасы.....81

Марфуға СЛЯМҚАНҚЫЗЫ. Сәбиттің қос жыры.....87

Айткүл ҚОБЫЛАНОВА. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы кейіпкерлер.....90

Әсел АМАНБАЙҚЫЗЫ. Сәкеннің «Сыр сандығы».....93

Назгүл ТАЗАБЕККЫЗЫ. Мұхтар Әуез әңгімелері.....97

Жас маманға жәрдем

Әсем ПІРІМОВА. Мәшһүр Жүсіп пен «Гүлшат – Шеризат».....100

Асылтас ТҰҢҒАТАРОВА. Сәбит Мұқанов және «Саятшы Ораз».....103

Таңат ҚУАНҰЛЫ. «Ақсақ киіктің» ақындық сезімдері.....107

Күнімай ҚАЛМАТАЕВА. Нәтиже сабақ.....109

Баян БАЙҚАДАМОВА. Тест түрлерін қолдану.....112

Авторлық бағдарлама

Ботагөз ДОСҚАЗИЕВА. Көркем сөз зергері.....116

Пәнаралық байланыс

Гүлнәзия ДОШНИЯЗОВА, Бақытгүл ДӘРМЕНОВА. Баяндай батырлар мекені.....127

Ашық тәрбие сағаты

Нұрдана ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ. Әдебиет деген әлем бар.....131

Сыныптан тыс сабақ

Айгүл ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА. «Сөз – мерген» сайысы.....136

Оңаша жыр отауы

Перизат ШАХАБАЙҚЫЗЫ. Жарық дүние, ғашықпын келбетіңе!.....139

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұрғелді Уәлиұлы.

Марат БЕКБОСЫНОВ,
Мақсат ӘЛІПХАН,
филология ғылымдарының кандидаттары, доценттер.

«АБАЙТАНУ» ПӘНІ (КУРСЫ)

АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ТУРАЛЫ ІЛІМІ

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде).

Толық адам танымы – Абайдың шығыстық дүниетанымдық қайнар көзінен тапқан рухани төл қазынасы. Толық адам, жақсы қайырымды адам, жетілген адам туралы ойлар – барша адамзатқа ортақ таным. Сөйтсе де бұл ілім Абайға Шағатай тіліндегі әдебиет пен шығыс ойшылдары арқылы жеткен. Философияның адамгершілік болмысы мен табиғаты, негіздері Абай шығармаларында жүйелі де көркем жырланған. М.Әуезов осы орайда ақын туралы: «Абай мораль философиясын барлық жайдан жоғары қояды» деген түйінді ойын тегін айтпаған. Абайдағы адамгершілік ілімі ретіндегі таным М.Әуезов зерттеулерінде «нравственная личность» деп аталса, М.Мырзахметұлы оны ақынның өз сөзімен «толық адам» деп атаған. Абай дін, тәрбие, адам жаратылысы, адамшылық туралы ойларында үнемі «толық адам» танымын сөз етіп, насихаттап отырады. Абайдағы толық адам танымының мән-мазмұны М.Әуезовтің мына ойынан айқын танылады: «Ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты жеке адамдарды жаманшылықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп өзгертпек болады». М.Әуезов ақын мұрасын танып, зерттеу барысында «Абай моральдік философияны барлық жайдан жоғары қояды» деп түйіндесе, ақындағы адамгершілік ілімін арнайы зерттеп, ақын мұрасы мен өмірлік ұстанымының өзегі, негізі болған

адамгершілік тақырыбын ақынның өз сөзімен атаған «толық адам» ілімі аясында танып білуді ғылыми айналымға енгізген – М.Мырзахметұлы. «Толық адам» ілімінің мәні мен мазмұны қазақ әдебиеттану ғылымында М.Мырзахметұлының зерттеулері арқылы мәлім болып отыр.

«Толық адам» ілімі – адамзат ойшылдарын әр заманда ойландырып, толғандырып келген тамырлы да іргелі таным. Иран оқымыстысы Мұртаза Мұтаххари(1919-1979) «Совершенный человек в исламе» деген кітабында толық адам танымының тарихымен қоса, бұл танымның мән-мазмұнын да біршама таратып сөз еткен. Оның пікірінше, толық адам ілімінің негізін теософ ғалым араб Мұхин ал-дин ибн-Араби (1165-1240) қалаған. Ал Абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы бұл ілімнің төркінін Алып Ер Тоңа туралы жырлардан тауып таратады. Оның ойынша, қазақ жерінде Х-ХІ ғасырда Ж.Баласағұнидың «Құтадғу білік» дастанында негізделген жәуәнмәртлік ілімін Ж.Румиге жеткізіп, оның көзқарасын түбірінен өзгеріске түсірген сырдариялық Шамс Табризи болған. Адамшылық негіздері туралы жәуәнмәртлік ілімі әл Фарабидің парасатты адам, кемелділік туралы танымымен тиянақты қалыптасып, берідегі Абай шығармаларындағы «толық адам» танымына дейінгі даму жолынан өткен. Әл Фараби, Ж.Баласағұни, А.Иассауи, Абай шығармаларындағы адамгершілік ілімі инсанияттың кәмәләттығы мен бенделіктің кәмәләттығы бағыттары бойынша дамып келген. Ж.Баласағұни мен Абай негізінен инсанияттың кәмәләттығы бағытын ұстанған. Абайдың адамгершілік ілімін танытатын «толық адам» ақындағы жәуәнмәртлік, иманигүл (үш сүю) арқылы өзегі мен мәніне жетеді. Толық адам адамзаттың болмыс бүтіндігін танытса, иманигүл (үш сүю) адамзатты асыл, абзал ететін адамгершіліктің ең түпкі негізін көрсетеді. Ақындағы адамгершілік асыл қасиеттерді іш тарта уағыздап, кеселдік қасиеттерден безіндіре әшкерелеуі де – толық адам аясындағы ақындық ой-әрекеттері. «Адам болу», «жарым адам», «толық адам», «адамның адамдығы», «адамшылық», «адамшылығының

кәмәләт таппағы», «бенделіктің кәмәләті», «толық инсаният», «инсанияттың кәмәләттығы», «кәмәләт-ғазамат» секілді ұғымдар Абайдағы адамгершілік туралы таным – толық адамды танытуға құрылған. Толық адам танымы камили инсан мен бенделіктің кәмәләт таппағы ұғымдарын ажырата ашумен де табысты болмақ. Ақын толық адам танымын насихаттауда жүрек пен жүректен шығар әділет, рақым, шапқат, мейірім қасиеттеріне айрықша көңіл бөледі. Ақындағы нұрлы ақыл да жүректен шығар әділет, рақым жолында жүріп қалыптасады. Оспан, Әбдірахман туралы өлеңдердің мазмұнындағы толық адам көрінісі де назар аударуды керек етеді. Абайдың толық адам ілімі өзінің жүйелі де заңды жолымен Шәкәрімнің ар ғылымы арқылы дами түсті. Абайдың толық адам ілімі мен Шәкәрімнің ар ғылымы қазақтың ғана емес, барша түркі халықтарының моральдік кодексінің іргетасын қалауға толық жарап жатыр.

Абай және орыс, Батыс әдебиеті

Абайдың орыс, сол арқылы Батыс әдебиетінен алған үлгі өрнектерін сөз етерден бұрын, Абай дәуіріндегі қоғамдық тарихи жайға көңіл бөлу қажет. ХІХ ғасырдағы қазақ халқының тұрмыс қалпы бодан елдің отарлық езгідегі қараңғылық пен надандықты өрістеткен озбыр биліктің табанының астында өтті. Патша өкіметі мен оның отар елдегі билігі, биліктің қолдауымен қазақ даласына қоныс аударған переселендер, казак орыс әскерлері, саяси жер аударылғандар, патшалық биліктің жергілікті жердегі қолдаушы би-болыстары – бәрі де қазақ үшін жау, дұшпан есепті еді. Осындай жағдайдағы елдің күрес қарсылығы аяусыз жаншылып, сағы сынған халықтың тығырықтан шығудағы жалғыз жолы – өктем жұрттың аңысын аңдып, үлгісін тұтыну, оның өз құралымен құралдану болды.

Алғашында Семейдегі приходская школада өз бетімен орыс тілін игеруге ұмтылған Абайдың ой мақсаты да осы жолмен орыс тілі, орыс билігінің заң-законымен «аз білгенін көпсініп, көп қазаққа епсінуге» бағытталды. Мұны М. Әуезовтің Абай ғұмырбаянына арналған алғашқы өмірбаяндық очеркі –

«Абайдың туысы мен өмірі» шығармасынан көреміз. Кейін ел билігіне араласып, халықтың ауыр тұрмысын, мұң-зарын көзбен көріп, орыс оқуы жолында саяси жер аударылған Е.П.Михаэлис, Н.И.Долгополов, С.С.Гросс, А.А.Леонтьев, т.б. танысып, араласу барысында Абайдың әлеуметтік теңсіздік сырларының себеп-салдарын тануда көкірек көзі ашыла бастайды. Сөйтіп бұлар Абай алдына «халықтар түрмесі» болған патшалы Ресейден өзге, екінші азаттық-демократиялық жолдағы Ресейдің бар екендігін көрсеткен адамдар еді. Алайда бұлар, әсіресе, Михаэлис Абайдың жаңа ізденіп жүрген кезіндегі алғашқы жол көрсетуші, жол сілтеушісі ғана болды. Ал өңге орыс әдебиеті мен мәдениеті, сол арқылы барған Батыс әдебиеті мен философиясындағы әдеби-көркемдік сипаттар мен озғын ой өзегін Абай сол руханият өкілдерінің өз туындыларынан алған. Сондықтан Абайдың орыс, Батыс әдебиетіне бару жайын сөз еткенде, Абайдың рухани өсу эволюциясын, орыс достарының бұл бағыттағы берген көмегінің шегін біліп айту керектігін М.Әуезов атап көрсеткен.

Абайдың орыс, Батыс әдебиеті мұрасынан алған үлгі-өрнектерінің басты белгісі – ақындықты ел мүддесіне қызмет еткізу, қоғамның әлеуметтік күйіндегі әділетсіздікті ашына түйреп, сын тезіне салу. Бұл, көбіне, Абайдың Крыловтан аударған мысалдарынан байқалса, қоғам дертіне күңіреніп, түңілген жанның көңіл шерін, адамның ішкі әлемін суреттеу, ғашықтық тақырыбы, табиғат көріністері, ақындық өнер шабыты жайына келгенде бұл әдебиеттің ең таңдаулы өкілдерінің туындыларын аударып қана қоймай, сол үлгідегі өлең өрнегінен асып түсер поэтикалық көркем, сыршыл, нәзік сезімді поэзияны дүниеге әкелді. Мәселен, И.В.Гете – М.Ю.Лермонтов – Абай нұсқасындағы «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі.

Асылы, Шығыс пен Батыстың адам баласына ортақ рухани қазына қорының ең асыл жауhарларын аудару, сол үлгіде тыңнан шығармалар жазу, Европа әдебиетінде бар сюжеттер негізінде шәкірттеріне романтикалық туындылар жаздыру

– осының бәрі – Абай тағылымының халықтық, адамзаттық қадір-қасиетінің айнасы.

Абай және орыс, Батыс әдебиетінің өзара байланысын оқыту барысында осы айтылған мәселелерді терең де жан-жақты таныту үшін М.Әуезовтің «Орыс классиктері мен Абай» атты ғылыми еңбегіне арқа сүйеу қажет.

Абай мұрасы. Абайдың жас шағындағы шығармалары

Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай шығарылған академиялық Абай «Шығармаларының екі томдық толық жинағы» (1995) бойынша, Қ. Мұхамедхановтың жинақтың «Түсініктер» бөлімінде берілген Абайдікі деп айтылып жүрген сегіз шығармасын қоспағанда, жалпы жиыны 171 өлеңі, 52 аударма өлеңі, 3 поэмасы,1 аударма поэмасы, 45 қара сөзі, 1 тарихи сөзі бар. Абайдың бұл жинағы қазіргі күнгі ең толық соңғы басылым ретінде басты оқу құралы болуы керек. Сонымен бірге «Абай энциклопедиясы» (1995) мен М.Әуезовтің «Абай Құнанбаев» монографиясы (1959) Абай мұрасын оқытуда басшылыққа алынуы тиіс. Өйткені Абайдың шығармашылық мұрасына қатысты негізгі дерек-мағлұматтар осы еңбектерде берілген.

«Абайдың толық жинақтарын хронологиялық» ретімен бастырғанымыз сияқты ақындық жолын да ең алғашқы өлеңдерінен бастап, жылма-жыл өсіп, даму ретімен тексеретін боламыз. Бұл ақын өнерінің дамуына, ойларының өсу, өрістеуіне сәйкес тексеру болады» деп М.Әуезов жазғанындай, Абай мұрасын хронологиялық ретпен оқыту орынды. Бұл орайда Абай шығармаларының 1995 жылғы басылымының ретіне сай, оның лирикалары мен аударма өлеңдерін бірге қарастыру қажет. Бұл өзі нәр алған рухани бұлақ көздеріне Абайдың қаншалықты сапалық сыни көзқараспен барғанын және сол шығармаларды қандайлық көркемдік шеберлікпен дәлме-дәл аударуын немесе нәзирә жолымен оларды өзгеше идеялық-мазмұндық шешімде суреттегенін танып білу үшін де қажет.

Сонымен, Абай мұрасының алғашқы кезеңі – Абайдың жас шағындағы шығармалары. Олар 1855 - 1882 жылдар ара-

лығындағы төл әдебиет үлгісіндегі экспромт өлеңдер, Шығыс ақындарына еліктеуден туған шығармалар, М.Ю.Лермонтовтан аударған тәржіма өлеңі және «Сап, сап, көңілім» атты таза ұлттық әдеби тілдегі көркемөнерге ден қойған ақындық бетін айқын танытатын осы кездегі соңғы жазған өлеңі.

Ақынның экспромт өлеңдерін өзіне дейінгі және ақынның жастық шағындағы қазақ ақындарының осындай өлеңдерімен өзара салыстыра отырып, Абай өлеңіндегі әжуә, мысқылдың кейінгі шығармаларындағы нағыз әлеуметтік-саяси сатираға ұласу жайын саралау.

XIX ғасырдағы мұсылмандық оқу жүйесі, ондағы ислам шарттары мен Шығыс әдебиетін оқыту дәстүрлері және Абайдың шығыстық үлгідегі өлеңдерінің әдеби көркемдеу әдістері мен өлең өлшемі үлгісінің өзара байланысына шолу жасау. Науаи ғазелдері және Абайдың «Әлифби» өлеңінің өзара ұқсастықтары мен Абай өлеңінің соңғы жолдарындағы төл әдебиетке ауысқан өзгешелік.

«Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға» атты М.Ю.Лермонтовтан (М.Ю.Лермонтов Ф.Шиллердің екі жолдық миниатюрасынан тәжімалаған) аударған бір шумақ өлеңдегі ұлттық философиялық толғам, теңдік, адамгершілік идеяларының Лермонтов сарынында ел қайғысын мұңлы жанның көңіл шерімен байланыста суреттеудегі алғашқы Абай аудармасының өзінен-ақ танылар теңдессіз аудармашылық шеберлік дәйектерін түпнұсқалармен салыстыра талдау.

Абайдың жас шағындағы шығармаларының соңғысы «Сап, сап, көңілім» өлеңінің таза ұлттық әдеби тілде жазылған Абай шығармашылығының бастау көзі екендігі. Өлеңдегі қазақы салт-дәстүрдің реалистік көріністері. Бұл өлеңнің идеялық өзегінің өзіндік сыншыл ой арқылы барша қазақ жастарына қарата айтылған үлгі сөз екендігі.

Абай мұрасын оқытуды ақынның осы кездегі шығармаларынан бастаудың Абай стилінің қалыптасуының алғашқы көздерін танудағы және Абайдың шығармашылық іздену, өсу эволюциясын айқындаудағы маңызы зор.

Абай лирикасының 1882-1890 жылдардағы кезеңі

Өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінің өрнектерін, халықтың өткен тарихын, рухани қазынасын жете меңгерген Абай сөз өнерін халықты тәрбиелеудің құралы – ұстаздыққа қызмет еткізуге бел буып, жаңа дәуірге жаңаша ақындық бағдарламамен келген 1882 - ші жылғы «Қансонарда...» өлеңінен бастап, үнемі өсу, өрлеу, толысу, кемелдену үстінде болды. Иждиһатпен, михнатпен іздену нәтижесінде «қазақтың жаңа әдебиетінің, классик әдебиетінің үлгісін өзі қалап туғызып, сол әдебиетке басшы, халыққа қамқор, қайраткер болды» (М.Әуезов.)

Абай лирикаларын шартты түрде 1882 - 1890 және 1890 жылдан өмірінің соңына дейінгі екі кезеңге бөлуде де М.Әуезов зерттеулері негізінде Абайдың өзге жанрлардағы, яғни, «Қарасөздері» мен эпикалық поэмаларының жазылу мерзімдерінің осы соңғы кезеңге сәйкес келуіне орай, Абай мұрасының хронологиялық реті мен шығармашылық өсу эволюциясының жүйілі қамтылатыны ескерілуі қажет.

Осы кезеңдегі Абай лирикаларының реалистік, халықтық, ағартушылық, саяси-әлеуметтік, философиялық және көркемдік даму жолдары. Олардағы жылма-жыл тақырып ауқымының кеңейуі, идеялық-мазмұндық сипаттарының тереңдеуі, Абай енгізген поэтикалық көркемдік жаңалықтардың қазақ әдебиетіндегі реформаторлық, көшбасшылық маңызы. Бұл мәселелерді жүйелі де терең түрде оқыту үшін М.Әуезовтің ғылыми тұжырымдамасы (концепциясы) негізінде Абай лирикаларын шартты түрдегі тақырыптық топтарға бөлмей, ақынның шығармашылық ғұмырбаянымен байланыста қарастыру керек.

Сонымен, Абайдың осы кезеңдегі лирикалары «Қансонарда...» өлеңінен басталып, «Евгений Онегин» романының Абай аударған өлеңдері аралығын қамтиды.

Бұл жылдардағы Абай лирикасының басы қазақ тұрмысындағы саятшылық өнерді реалды табиғат құбылыстарымен, адамның іс-әрекеттерімен байланыста тірі,

жанды кейіптегі қимыл-қозғалыста алып, ұлттық сипаттағы таза қазақ поэтика өнерінде суреттеуімен ерекшеленетін «Қансонарда...» өлеңінен басталады. Осы өлеңнен басталатын өмірді реалистікпен суреттеу әдісі Абай шағармаларының өзегі ретінде үзіліссіз өз жалғастығын тапқан.

Бұл шақтағы Абай шығармашылығында ғашықтық, оқу-білім, ел бұзар атқамінерлер образы, отарлық езгі зардабы, табиғат бейнесі, сөз өнері, т.б. көп-көп тақырыптарды өз өлеңіне өзек еткен. Асылында өз заманының ғана емес, тарих көшінде өз ұлтының келешек тағдырына да кесір келтірер келеңсіз кесапаттардың қай-қайсысы да Абай поэзиясының тақырып ауқымынан қалыс қалған емес. Және ол тақырыптар үнемі шығармашылық шеберліктің өрлеу үрдісінде көрініс берген. Мысалы, ақынның осы кездегі өлеңдерінің бір парасы ғашықтық тақырыбындағы «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» сынды өлең десек, осында суреттелетін сұлу қыздың сырт портреті ақынның шағармашылық іздену үдерісі нәтижесінде туған кейінгі осы тақырыптас өлеңдерінде сезімді, жанды бейнедегі сырт келбеті мен ішкі әлемі іс-әрекетімен, сөздерімен оқушы алдында жанды кейіпте бедерленген. Міне, бұл Абайдың өмірді реалистік тұрғыда суреттеу шеберлігінің өсу эволюциясын көрсетер бір ғана мысал.

Абай мұрасының осы кезеңге қатысты шығармаларының ішіндегі «Интернатта оқып жүр» және «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» атты өлеңдерінің Абайдың «Толық адам» ілімін танытудағы жан азығының пайдалы, зиянды жақтары мен жәуәнмәртлік ілімінің негізін құрайтын адам баласындағы қасиеттерді сараптап көрсетудегі мән-маңызын ескере отырып, оларды терең талдап оқыту керек.

Абай шығармаларының 1890 жылдан өмірінің соңына дейінгі кезеңі

Абайдың 1890 жылдан өмірінің соңына дейін ұласқан шығармашылық мұрасы дана қаламгердің лирикалық поэзиясынан өзге «Қарасөздері» мен эпикалық поэмаларын, сондай-ақ «Тарихи сөзін» де қамтиды. Бұл орайда М.Әуезов:

«1890 жылдан бастап, Абай ақындық шығармаларымен қатар, өзінің жазушылық еңбегіне жаңа бір түр – «Қарасөз» деп аталған жанрды қосады» дей келіп, Абайдың осы жылдардағы поэзиясында бұрын қазақ әдебиеті тарихында болмаған жаңа түр, тың өлең құрылымдарын тудырғанын атап өткен.

Бұл кездегі Абай лирикалары «Бай сейілді» өлеңінен басталып, өзінің ақындық жолға түскендегі алғашқы қадамында-ақ алға қойған мақсаты – сөз өнерін халық тәрбиешісі ету жолындағы арпалысты өмірінің соңғы сөзін де «Жалын мен оттан жаралған» найзағайдай жалынды, отты сөзімен, ызалы жүрек, ащы тілінен шыққан аяусыз сын, мұңлы күйікпен аяқтайды.

Абайдың осы кездегі лирикаларының ішінде кемеңгердің Шығысқа, исламиятқа, төл танымдағы толық адам іліміне қатысты «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Алла деген сөз жеңіл», «Әсемпаз болма әрнеге», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңдеріндегі ой-танымдарды М.Мырзахметұлы зерттеулері негізінде талдау.

Абайдың поэмалары, олардың жазылу тарихы мен көтерген мәселелері, тағылымдық сипаттары. Абайдың ақын шәкірттерінің сюжеттік, романтикалық поэма жазудағы Абайдың ұстаздық еңбектері, оның тарихи-әдеби дерек-дәйектері.

Абай қарасөздері, олардағы көтерілген тақырыптар мен қарасөздердің Абай лирикасымен байланыстылығы. Қарасөздердің Шығыстық «намалық» жанрмен өзара сабақтастығы. Абайдың 7-ші, 14-ші, 17-ші, 27-ші, 37-ші, 38-ші, 43-ші, 45-ші қарасөздері, олардың өзекті желісі.

Абайдың ақындық мектебі

М.Әуезов:«Абай өзі үшін, елі үшін ізденді, ізденді де тапты және бар тапқаны мен тудырғанын ұстаздыққа салды. Ақын болып өсер ақынды тәрбиеледі»- деп жазғандай, Абай өзі нәр алған рухани бұлақ көздерін игеріп қана қоймай, өзінің сана сарабында, қайнар жүрегінде қорытып, ұрпаққа үлгі етіп ұсынуда дарынды шәкірттер даярлап, жаңа, тың әдеби дәстүрлі

жол салды. Яғни, ұстаз Абай қазақ әдебиеті тарихында ақындық мектептің іргетасын қалады.

Абайдың ақындық мектебі мәселесін ең алғаш М.Әуезов «Абай ақындығының айналасы» атты зерттеу еңбегінде саралап жазды. Онда ғылым Абайдың ақындық мектебі аясында Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері деп Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрімдерді атаса, «Абай ақынның төңкеріс алдында, не төңкерістен бергі қазақ ақындарына еткен әсері» деген тезисінде Абай дәстүрін жалғастырушылар ретінде XX ғасыр басындағы ояну дәуіріндегі әдебиет өкілдеріне сілтеме жасаған.

Абайдың ақындық мектебіндегі Абайдың ұстаздық еңбектеріне, үлгі-өнегелеріне мыналарды жатқызамыз: әдебиет тарихында жаңа, тың идеялық-көркемдік бағыт қалыптастыру, рухани бұлақ көздерінен алынған сюжеттер негізінде шәкірттеріне тарихи, реалистік және романтикалық эпикалық шығармалар жаздыру, мораль философиясын, толық адам ілімін адам тәрбиелеудің рухани құралы ретінде ұсыну, сөз өнерін ұлт, адамзат мүддесі жолындағы әділеттің күрес құралы ету.

Абайдың ақындық мектебінен тәлім алған Абай шәкірттері мен Абай дәстүрін жалғастырушылардың бұл бағыттағы шағармашылық еңбектеріне талдау жүргізу қажет. Оларға Ақылбай мен Мағауияның Абай тапсырмасы негізінде романтикалық поэмалар жазуы, Көкбай мен Шәкәрімнің тарихи жырлар тудыруы, Шәкәрімнің Абайдың «Толық адам» ілімін «Ар ғылымына» ұштастыра дамытуы, Абайдың азаттық танымдарының Алаш арыстары ұстанымдарының темірқазығы, өзекті идеялық негізі болғандығы, Қасым Аманжоловтан бастап, қазірге дейінгі қазақ әдебиеті тарихының ең таңдаулы өкілдерінің шығармашылықтарындағы Абай тағылымының көріністері, т. б. жатады.

Абайдың ақындық мектебі мәселесінің зерттелу тарихы және Қайым Мұхамедхановтың, т.б. еңбектері.

Пайдаланылған әдебиеттер :

Негізгі әдебиеттер: 1. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. А., 1995. 2. М.Әуезов. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. А., 1997. 3. М.Әуезов. Абай Құнанбаев. Монография. А., «Санат» 1995. 4. М.Әуезов. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. А., «Санат», 1997. 5. З.Ахметов. Әдебиеттану терминдері. А., 1996. 6. З.Ахметов. Абайдың ақындық әлемі. А., 1995. 7. Қ.Мұхамедханов. Абай мұрагерлері. А., 1995. 8. М.Мырзахметұлы. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. А., «Ғылым», 1982. 9. М.Мырзахметұлы. Абай және Шығыс. А., 1994. 10. М.Мырзахметұлы. Абайдың адамгершілік мұраттары. А., 1993. 11. С.Қалиұлы, К.Аюбай. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. I-X томдар. А., «Сөздік-Словарь», 2005-2010.

Қосымша әдебиеттер: 1. Қ.Жұмалиев. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. 2. Е.Әлімжан. Толық адам туралы. А., 2005. 3. Абайды оқы, таңырқа... А., 1993. 4. Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш. Алматы, «Ғылым», 1988 ж. 5. М.Мырзахметұлы. Абайтану тарихы, А., 1994. 6. М.Мырзахметұлы. Әуезов және Абай. А., «Қазақстан», 1997. 7. Ж.Ысмағұлов. Абай:даналық дәрістері. А., «Өнер», 2007. 8. М.Әуезов. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. А., «Санат», 1997. 9. М.Бекбосынов. Тәуекел мен батыр ой (монография). Семей, «Үш анық», 2010. 10. М.Әліпхан. Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі (монография). А., ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2013.

Анықтамалық әдебиеттер:

1. Абай.Энциклопедия. А., «Атамұра», 1995.
2. Абай тағылымы. А., 1988.
3. Жүрегіңнің түбіне терең бойла. А., «Рауан», 1995.
4. Қ.Өмірәлиев. Абай афоризмі. А., «Қазақстан», 1993.
5. Т.Құнанбаев. Әкем Абай туралы. А., «Ана тілі», 1993.
6. Жасымда ғылым бар деп ескермедім. А., «Рауан», 1995.

Интернет-көздері www.abai.kz, www.abaitanu.kz.

Гүлайым ҚАБЛАҚАТҚЫЗЫ,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДЫБЫС ҚҰРАМЫ

Қазақ тілінің дыбыс құрамы жайлы ғылыми әдебиетке шолу жасағанда оларды негізінен екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топтағы еңбектер қазақ тілінің дыбыс құрамын әліпбилік дыбыстар деңгейінде қараған. Басқаша айтқанда, әліпби тізімге қандай дыбыстар енсе, сол дыбыстардың талдауына көңіл бөлінеді. Осы топтағы еңбектердің өзін іштей тағы екі топқа бөлуге болады. Оның бірі қазақ тілінің төл және ертеде енген дыбыстарды қамтыған еңбектер болса, екіншісі –кейінгі кезде «қазіргі қазақ тілі» деген атпен шығып, бүгінгі жазуымыздағы барлық төл және кірме дыбыстарды түгел қамтып отырған жұмыстар. Сонда талданып отырған дыбыстардың саны қырық әріптен аспайды және әр дыбысқа олардың түрленімі ескерілмегендіктен бір түрлі ғана артикуляциялық анықтама беріліп отырады.

Екінші топтағы еңбектер қазақ тілінің төл дыбыстарын бөліп қарастырады да, кірме әріптер мен кірме дыбыстарды шығарып тастайды. Соның бір көрнекі үлгісі ретінде соңғы шыққан «Қазақ грамматикасын» алуға болады [«Ел орда», Алматы, 2002. 781 б.]. Және бұл бағыттағы еңбектерде төл «әліпби» дыбыстардың түрленім варианттарына арнайы көңіл бөлінеді. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы сан жағынан «әліпби» дыбыстардың құрамынан артық болып шығады. Өйткені бір дыбыстың бірнеше әуез түрленімі қамтылады, сөйтіп дыбыс санының мөлшері дәстүрлі зерттеулер нәтижесінен артық болып шығады. Мысалы, А.Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарының құрамын 5 дауысты және 17 дауыссыз

деп алып, олардың жуан-жіңішке үндесім варианттарын есепке алып, қазақ тілінде 43 дыбыс бар деп қорытындылайды. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы айтқан 43 дыбыс пен қазіргі 42 әріпті сан жақындығына қарап өзара шатастырмау керек. Бұлар – бір-біріне жақындамайтын, басқа-басқа мәселелер. Бұл – қазақ тілінің жуан-жіңішке үндесім әуезін есепке алғандағы сан құрамы.

Егер Ә.Жүнісбек ұсынған жолмен қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтайтын болсақ, онда қазақ тіліндегі негізгі дауыстылар 3 (ашық дауысты, қысаң дауысты және құранды дауысты) дыбыс, ал дауыссыздар 17 дыбыс, барлығы 20 дыбыс болып шығады. Енді ғалым қазақ тіліндегі төрт үндесім әуезді есепке алады, сонда 9 дауысты дыбыс, 66 дауыссыз дыбыс, барлығы 75 дыбыс болып шығады. Сонда қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың құрам саны шығады. Ал егер, қазақ тіліндегі дыбыстардың үйлесім, шеп, т.б. түрленім ретін саралап шығатын болсақ, онда дыбыс варианттары тағы да көбейіп кете береді.

Қазақ тіліндегі дыбыс варианттарын түгелдеу теориялық фонетиканың мақсаты мен міндеті болып табылады. Осыған орай өзге тілдерге байланысты қандай нәтижелер бар дейтін болсақ, онда түркі тілдеріне қатысты мәлімет табу қиын. Әзірге өзге түркі тілдерінде бұл мәселе әлі қолға алынбай жатқан сияқты, өйткені ғылыми әдебиеттен мәлімет кездестіре алмадық. Ал қазақ тіліне қатысты үндесім түрленімнің дыбыс құрамы толық анықталды .

Лингвистикалық зерттеу әдістері теория-практикалық тұрғыдан жолға қойылған үнді-европа тіл білімін алатын болсақ, ағылшын және орыс тіліндегі дыбыс түрленімі жайлы жеткілікті мәлімет табылды. Г.П.Торсуев [Фонетическая система в русском языке. Москва,1975,14с] ағылшын тілінің дыбыс түрленімі жайлы бірнеше еңбек жариялаған, ал Аванесов [Русское литературное произношение. «Просвещение», Москва, 1972. 415 с.] Орыс тілінің дыбыс түрленімі жайлы үлкен монография беріп отыр. Мысалы, ағылшын тілінің бір

дауыссыз дыбысының ондаған ассимилятив варианттары, орыс тілінің бір дауысты дыбысының ондаған ассимилятив варианттары айтылым деңгейінде кездеседі екен.

Ендеше, теориялық тұрғыдан басшылыққа алатын, әдістемелік тұрғыдан үйренетін еңбектер жалпы тіл білімінде бар.

Қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтаудың тарихи желісінің негізгі сәттерін тізіп көрсетейік.

В.В.Радлов нұсқасы (XIX ғ.):

а, ә, е, о, ө, ы, і, ұ, ү; к, қ, х, ғ, г, ж, дж, з, й, л, ł, м, н, ң, р, с, т, б, у(w), п, ш, д

А.Байтұрсынұлы нұсқасы (XX ғ. басы):

а, ә, ы, і, о, ө, ұ, ү; б, д, ғ, г, ж, з, қ, к, п, т, с, ш, м, н, ң, л, р, й, у, х, h

І. Кеңесбаев (С.Мырзабеков) нұсқасы (XX ғ. екінші жартысы):

а, ә, е, э, ы, і, о, ө, ұ, ү, и, у, я, ю, ё; б, д, ғ, г, ж, з, п, т, қ, к, с, ш, м, н, ң, л, й, р, у, в, ф, х, ц, ч, щ, h

Ә.Жүнісбек нұсқасы:

					а	ә	п	б	м
ы	і	т	д	н					
	е	қ(к)	ғ(г)	ң					
ұ	ү	с	з	р					
о	ө	ш	ж	л					
				й					
				у (w)					

Қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтауда кірме дыбыстар мен кірме әріптердің әсері мол болғанын көреміз. Ұяң дауыссыздарды бөліп қарайтын болсақ, онда оның құрамында африкат дж дыбысының XIX ғ. кезінде арнайы бөлектенгенін көреміз. Бертін келе ж дауыссызының африкат айтылымы еске алынбаған, сондықтан да оны арнайы белгілеудің де жолы қарастырылмаған. Дауыссыздың африкат айтылымы үйлесім түрленімге жатпайтын болғандықтан, оны зерттеу нысаны ретінде қарастырмадық.

Қазақ сөзінің үндесім айтылуына сол тұстағы қазақ

зерттеушілердің бәрі көңіл аударған. Х.Досмұхамедұлы «Бір сөздің жуан, я жіңішке болып екі түрлі айтылуы қазақ-қырғыз тіліндегі әр дыбыстың біресе жуан, біресе жіңішке болып қос айтылуынан» [Аламан. Алматы, 1991,81-99б] деп түйіндейді. Х.Досмұхамедұлы жуан және жіңішке айтылымның артикуляциялық себебін де түсіндіріп өткен: «Дыбыс жуан айтылғанда тілдің түбімен айтылып, тамақтан (көмейден) шыққандай болып сезіледі; сол дыбыс жіңішке айтылғанда тілдің ұшымен сөйлегендей болып, ауыздың алдыңғы жағынан шыққандай болып сезіледі». Әрине, ол кезде қазіргідей қалыптасқан артикуляциялық ғылыми аппарат болған жоқ, сондықтан да анықтама қарапайым тілмен түсіндіріліп отыр. Ғалым «сол дыбыс» деп әңгіме тек бір дыбыстың екі үндесім варианты жайлы айтып отырғандығын баса көрсетеді. Оны қазіргі фонетикалық тілмен айтсақ, дыбыстың «үндесім аллофоны немесе варианты» болып шығады.

Қазақ тілінің дәстүрлі фонетикасында дыбыс үйлесімі арнайы зерттеу нысаны болмағандықтан, дыбыстардың артикуляциялық сипаттамасы дыбыстардың негізгі белгілерін анықтаумен аяқталып отырды. Мысалы, дауыстылар үшін олардың жасалу орыны, жақ қатысы мен ерін қатысы жеткілікті болса, дауыссыздар үшін олардың жасалу орыны, жасалу тәсілі мен дауыс қатысы жеткілікті болды. Алайда бұл белгілер дыбыстарды жалпылама сипаттауға жеткенімен, олардың түрленім варианттарын сипаттауға жеткіліксіз еді. Сондықтан да қазіргі қазақ фонетикасында, жалпы лингвистикадағыдай, негізгі және үстеме артикуляциялық белгілер құрамы ендірілді. Оның қазіргі үлгісін «Қазақ фонетикасының» сингармонизмге арналған бөлімінен көруге болады. Онда қазақ дыбыстарының үндесім әуезіне байланысты, мысалы, жуан-жіңішке әуезді ұғымды беру үшін ілгерінді-кейінді атауы ендірілді.

Сонан соң дәстүрлі фонетикадағы басы ажыратылмай келген, сондықтан дыбыс анықтамасында араласып жүрген жасалым, айтылым және естілім атаулар жіктеліп берілетін болды. Мысалы, артикуляциялық «тіл арты» атауы мен естілім

«жуан» атауы бір дыбыстың анықтамасында қатар кездесе береді. Кейде артикуляциялық атаудың орынына естілім атау қолданыла береді. Дыбыс сипаттамасының жүйеге түскен түрі артикуляциялық анықтама (тек артикуляциялық атаулар пайдаланылады), акустикалық анықтама (тек акустикалық атаулар пайдаланылады), естілім анықтама (тек естілім атаулар пайдаланылады) болып шығады.

Бұған ерекше тоқталып жатқан себебіміз бар. Әрі қарайғы дыбыс талдауын Ә.Жүнісбек ұсынған жаңа үрдісті басшылыққа алып, сол ретпен жүргіземіз. Соның нәтижесінде дыбыс варианттарының анықтамасы күрделеніп кетеді. Өйткені дыбыстың негізгі артикуляциялық белгілерінің құрамына үстеме артикуляциялық, акустикалық және перцепциялық белгілер жалғасады.

Қазақ тілі дыбыстарының анықтамасына жаңғырық (резонатор) белгілер қосылады. Мысалы, ауыз және көмей қуыстарының өзара қатысына қарай дыбыстар ауыз қуысты немесе көмей қуысты болып жіктеледі. Ауыз не көмей қуысының қатысына қарай дыбыс әуезі түрленеді. Ауыз қуысындағы кедергінің көлеміне қарай жоғарылы немесе төменді болып жіктеледі. Оның да дыбыс жасалуына өзіндік түрленім әсері бар. Ауыз қуысының бітер тұсының, яғни, ерін қалпының өзі бірнеше түрленімге себеп болады. Сөйлеу мүшелерінің тоғысым және жуысым күшіне қарай лепті, босаң, бос атаулары енгізіледі, т.б.

Қазақ тілі дыбыстарының анықтамасына негізгі белгілердің бірі болып әуез қатысады. Дыбыстың құлаққа естілуі жайлы қазақ түсінігінде «дауысы жуан екен, төмен екен, қоңыр дауысты екен, дауысы ашық екен» деген сықылды ұғымдар бар. Ендеше, артикуляциялық фонетиканың құрамында жүрген жуан-жіңішке, еріндік-езулік белгілер естілім анықтаманың құрамына енгізілді. Сонда артикуляциялық фонетиканың еншісіне жасалу орынын білдіретін болғандықтан, ерін-езу деп қосымшасыз атаулар қалдырылды. Сонда ерін-езу артикуляциялық тұрғыдан дыбыстың жасалу орынын көрсетсе,

еріндік-езулік естілім тұрғысынан дыбыстың әуезін көрсететін болады.

Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленімі өте күрделі құбылыс болып табылады. Оның үстіне үйлесім түрленіміне арналған зерттеулер өте аз, бірлі-жарым ғана.

Әзірге белгілі зерттелімдер дауыссыздардың жасалым жіктеліміне қарай сараланған [Оразалин І. Қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарының жасалым түрленімі. Филол.ғылым.канд... дис.автореф. Алматы, 2001. 30 б.]. Ал дауыссыздардың үйлесім түрленімнің дауыс желбезегінің (дауыс шымылдығының немесе дауыс жарғағының) қатысына қарай жіктелімі енді қолға алынып отыр . Дәстүрлі фонетикада дауыс желбезегінің қатысын «дауыс қатысы» деп те атайды. Бірақ «дауыс қатысы» деген атау акустикалық фонетиканың термині болып табылады, ал біз бірінші кезекте зерттеу нысанын артикуляциялық фонетика тұрғысынан талдап отырмыз. Ендеше, бұл жерде «дауыс желбезегі» деген атауды қолданған орынды болады.

Төменде жасалым және дауыс желбезегінің қатысына қарай зерттеу нысанына айналып отырған дауыссыздардың жіктелім топтары көрнекі бейнеленіп отыр. Жасалу амалына қарай зерттеу нысанына айналған дауыссыз дыбыстардың топтары иін қоршаумен бөлектенген, ал дауыс желбезегінің қатысына қарай зерттеу нысанына айналған немесе айналуға тиіс дауыссыздар тік қоршаумен бөлектенген. Үйлесім түрленімнің жасалу орынына қарай жіктелімі әзірге зерттеу нысанына айналған жоқ. Сондықтан да біз оның орынын көрнекілеген жоқпыз.

Біздің зерттеу нысанымызға дауыссыздардың дауыс желбезегінің қатысына қарай жіктелім тобы алынып отырғандықтан, алдымен сол дауыс желбезегінің артикуляциялық қызметін модельдеп шықпақпыз. Дауыс желбезегінің моделі алғаш рет ұсынылып отыр.

Дәстүрлі фонетикада қазақ тілінің «дауыс қатысына» қарай жіктелімі төмендегідей болып отыр. Сонда дыбыс: - егер тек үннен (дауыстан) тұратын болса, онда дауысты болады; егер салдырдан дауыс басым болса, онда үнді дауыссыз болады;

егер дауыстан салдыр басым болса, онда ұяң дауыссыз болады; егер тек салдырдан тұрса, онда қатаң дауыссыз болады.

Мұндағы «салдыр, дауыс, үнді, ұяң, қатаң» деген атаулардың бәрі акустикалық-перцепциялық фонетиканың ұғымдары болып табылады. Ал біздің талдауымыздың негізі артикуляциялық болғандықтан, сөйлеу мүшелерінің қатысын алуымыз керек. Бұл жердегі бізге қажет сөйлеу мүшесі дауыс желбезегі болып отыр. Дауыс желбезегінің қатысына байланысты ұғымдар мен оның атаулары «Қазақ грамматикасында» берілген . Ал біз болсақ дауыс желбезегінің дыбыс жасаудағы артикуляциялық қатысын қазақ тілінің артикуляциялық базасының сыртына шығардық. Артикуляциялық базаның моделін алатын болсақ, оның екі қанаты мен төбесі бос емес. Ол жерлерде ерін қатысының (сол қанаттағы еріннің тұсын меңзеп тұр), жасалу орынының (жоғары жақтағы тілдің көлденең қатарын меңзеп тұр) және жасалу тәсілінің (оң қанаттағы тілдің тік қалпын меңзеп тұр) белгілері орналасқан. Бос орын тек артикуляциялық база моделінің төменгі жағында ғана бар. Ендеше, дауыс желбезегінің қатысын сол төменгі жаққа орналастырдық. Бір жағынан бұл модельдеу шешіміміз орынды болып шықты. Өйткені дауыс желбезегінің өзі модельдің төмен жағындағы көмей қуысын бейнелеп орналасқан, сөйлеу мүшелерінің физиологиялық құрылысына сай келіп тұр. Сөйтіп дауыс желбезегіне қатысты айырым белгілердің орынын дәл меңзеп тұр.

Сонда соңғы «Грамматикада» ұсынылған дауыс желбезегінің қатысына байланысты артикуляциялық белгілер жаңа модельмен төмендегідей болып үйлеседі: дауыс желбезегі толық тербелсе, онда тербелмелі (дауысты) дыбыс пайда болады (жасалады); дауыс желбезегі мол тербелсе, онда тербелімді (үнді) дыбыс пайда болады (жасалады); дауыс желбезегі жартылай тербелсе, онда тербеліңкі (ұяң) дыбыс пайда болады (жасалады); дауыс желбезегі тербелмесе, онда тербеліссіз (қатаң) дыбыс пайда болады (жасалады).

Нәтижесінде мұндағы ұғым-атаулардың бәрі артикуляциялық болып шығады, өйткені оның бәрі сөйлеу мүшесі ретіндегі дауыс желбезегіне телініп тұр. Оның артикуляциялық моделі көрнекі шығады .

Л.Р.Зиндер «дыбыстардың түрленім үлгілерінің тілдік мәні жоқ» деген пікірмен келіспей, керісінше, дыбыстардың түрленім үлгілерінің сөйлеу үстінде аса маңызызды рөл атқаратынын айтқан [Общая фонетика. «Высшая школа» Москва, 1979. 312 с.]. Ғалымның осы пікірін басшылыққа ала отырып, қазақ тіліндегі ұяң дауыссыздардың үйлесім түрлерін жан-жақты сипаттап шығатын боламыз.

Қазақ тілінің дыбыс құрамы мен оның жүйесі үндесім және үйлесім дыбыс варианттарынан құралады. Аталған түрленімдер қазақ тілінің фонетика тарихында әр түрлі деңгейде зерттеу нысанына айналып отырған.

Алғашқы зерттеулерде (XIX ғ.) дыбыстардың негізгі құрамына көп көңіл бөлінген. Дыбыс түрленімі тұрғысынан дауыссыздардың жуан және жіңішке айтылымы ескеріледі, бірлі-жарым дауыссыздардың артикуляциялық варианттары өз алдына таңбаланады (л, қ, к, ғ, г). Дауыссыздардың үндесім (гармония) түрленімін көрші дауыстының артикуляциясына теліп отырған. Сондықтан да талдау тәсілінде «гармония» (гармония гласных) термині жиі қолданылады.

Бұл дәуірде қазақ тілі дыбыстарының негізгі құрамы дұрыс анықталып, сөздің орфоэпиялық айтылымы дұрыс көрсетіліп отырғаны жетістік деп бағаланады.

Келесі кезең – XX ғ. басы. Қазақ тілінің үндесім құрамы шынайы анықталған кезең болып табылады. Және қазақ тілінің айтылым артикуляциясына байланысты атаулар қалыптасты, талдау нәтижелерінде көрнекі кестелер құрылып, дыбыстардың айырым-ортақ белгілері өзара жүйеге түсті. Осы кезде жарық көрген еңбектерді қазақ тіл біліміндегі айырым белгілер теориясының бастау көзі деп қарау керек. Сонымен қатар батыс лингвистикасында қарқынды дами бастаған «фонем» теориясының қазақ тілтанымына көше бастаған кезеңі болды.

XX ғ. екінші жартысы фонема теориясының әбден орныққан

кезеңі болды. Зерттеу жұмыстарының бәрі қазақ тілінің дыбыс құрамын «фонемалар құрамы» ретінде қарастырды. Фонетикалық зерттеу әдісі ретінде құралды (экспериментал) амалдары кеңінен пайдаланыла бастады. Соның нәтижесінде дыбыс артикуляциясының анықтамаларына жаңа деректер қосылып жатты. Қазақ тілінің төл дыбыстарының құрамында кірме дыбыстар бірге қарастырылды.

Сингармонизм теориясының қалыптасуы нәтижесінде қазақ тілі дыбыстарының үндесім құрамы анықталып, олардың жасалым, айтылым және естілім сипаттамалары берілді. Қазақ тілінің төл дыбыстарының құрамынан кірме дыбыстар (және кірме әріптер) шығарылып, екеуі екі бөлек қарастырылатын болды.

Қазақ тілінің артикуляциялық базасы моделінің жасалып, оны зерттеу әдісі ретінде пайдаланудың нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамын түгел қамтып, әрбір дыбыстың негізгі және қосалқы түрленім үлгілерінің артикуляциясын тәптіштеп анықтап, көрнекі сипаттап беруге мүмкіндік туды. Артикуляциялық беттеме модельдер арқылы екі дыбыстың, сондай-ақ бір дыбыстың екі және бірнеше түрленім үлгілерін өзара көрнекі салыстырып, айырым белгілерін кестеге түсіріп беріліп отыр.

Қазақ тілінің үндесім құрамы анықталғаннан кейін, енді үйлесім құрамы зерттеу нысанына айнала бастады. Үйлесім түрленім дыбыстардың жасалу орынына, дауыс желбезегінің қызметіне қарай топтастырылып зерттелді. Алдағы уақытта дауыстылар өз алдына, дауыссыздардың жасалу тәсіліне, тілдік деңгейлерге (буын, сөз, шеп, тіркес, т.б.) қарай топтастырылып зерттеу жалғаспақшы.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамының зерттелу жайы дыбыстардың үйлесім түрленімінің зерттеу нысаны ретінде кешеуілдеп жатқанын көрсетті.

Қазақ фонетикасының ғылыми әдебиетін шолып қарағанда, дыбыстардың үйлесім (ассимилятив) түрленіміне арналған, әсіресе, артикуляциялық еңбектердің өте тапшы екенін

көруге болады. Мұның өзі қазақ тіліндегі үйлесім түрленімінің артикуляциялық жағы арнайы зерттеу нысанына айналмағанын көрсетеді.

Қазақ тілі дыбыстарының зерттелу жайы сөз болғанда алдымен көзге түсетін жай – оның дыбыс құрамының сөз болатындығы. Сонан соң барып әрбір дыбыстың артикуляциясы сипатталатын болды. Құралғы (экспериментал) фонетиканың дамуына байланысты қазақ тілі дыбыстарының акустикалық табиғатына жан-жақты көңіл бөлінді. Одан бері келе қазақ тілі дыбыстары перцепциялық тұрғыдан талдана бастады.

Құралай АҚБАЖАҚОВА,
Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық
университетінің магистранты.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ТАЛДАНЫМЫ

(Профессор Қ.Жұбанов еңбектері негізінде)

Профессор Қ.Жұбановтың фонетика жайындағы ғылыми лекциялар жиынтығы ғалымның өз кезіндегі Ресейлік ғалымдардың еңбектерімен етене таныс болғандығын көрсетеді. «Бір тілде жұмсалатын дыбыстардың жалпы санының ұшы-қиыры жоқ, бірақ оның бәрінің бірдей сапасы әр түрлі бола бермейді. Сапасы әр түрлі болатын дыбыстар белгілі мөлшерде ғана болады да, көп болмайды» [Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. «Ғылым», 1975, 169-б.] деп, Ресей ғалымдарының ғылыми жетістіктері тұрғысынан қорытынды жасайды. Бұдан біз қазақ тіліндегі дыбыстардың сөз мағынасы үшін маңызы бар және маңызы жоқ деген пайымдауды аңғарамыз. Бұл «фонема» және «аллофондар» жігін ажыратқандықтың белгісі болып табылады.

Проф. Қ.Жұбановтың пікірінше, қазақ тілінде сапасы әр түрлі 26 дыбыс бар, бірде жуан, бірде жіңішке (е дауысты

дыбысынан басқасы) болып айтылады да, бас-аяғы 51 дыбыс болып шығады. Алайда олардың бәрін бірдей белгілеп жатпай, қазақ тілі дыбыстарының құрамын а, б, ш, ж, д, е, г, ғ, й, к, л, м, н, ң, қ, р, п, о, с, т, ұ, у, ұу, з, ы, ый деп анықтайды.

«Дыбысталу түріне қарай» деген анықтаманың негізі артикуляциялық тұрғыдан «дауыс шымылдығының» қызметі болып табылады. Проф. Қ.Жұбанов «дауыс шымылдығы» деген атауды алғаш пайдаланып, оның тіл дыбыстарының жасалуы (артикуляциясы) үшін аса маңызды сөйлеу мүшесі екенін көрсетеді.

Сонда «дыбыстау түріне», «дауыс қатысына», «дауыс шымылдығының қатысына» дегеннің негізінде артикуляциялық анықтама жатқан атаулар тізбегін бағамдаймыз. Сол «дыбыстау түріне қарай» проф. Қ.Жұбанов қазақ тілі дыбыстарын дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, сонор дыбыстар деп үш тапқа (тап – проф. Қ.Жұбанов қолданған атауды сол күйінде қалдырып отырмыз) жіктейді. Жоғарыда айтылғандай, жіктелімнің артикуляциялық негізі «дауыс шымылдығының» қатысы болып табылады.

Егер жоғарыдағы қазақ тілінің дыбыстары «бірде жуан, бірде жіңішке» болып айтылады деген ғалым пікірінің артикуляциялық дәйектемесі «тіл алды» дауыстылардың дыбыс құрамындағы орыны болып табылады. Қазақ тілі дыбыстарының жалпы құрамы сөз болғанда тіл алды (жіңішке) дауыстылардың ескерілмеу дәстүрін проф. Қ.Жұбанов еңбегінен де көреміз. Сондықтан да дауысты дыбыстар ретінде а, е, о, у, ы, ұу, ый дыбыстарын ғана атайды.

Дауысты дыбыстарды таңбалау (әріп белгілеу) ретіне келгенде оларды жуан/жіңішке деп екіге бөледі: жуаны а, о, ұ, ы, ұу, ый; жіңішкесі *ә, е, ө, ү, і, үу, ій.*

Дауысты дыбыстардың жуан/жіңішке деп екіге бөлу дәстүрлі қазақ фонетикасындағы естілім (перцепциялық) жіктелімі болып табылады. Өйткені жуан/жіңішке атауы естілім түйсінімінен туындайтын ұғымдар балып табылады: дыбыс жуан естіледі; дыбыс жіңішке естіледі. Ғалым пайдаланған «дыбысталу түрі», «дыбыстау түрі» деген негізгі атаулар да

естілім түйсінімінің жіктелім белгісіне айналғанын көрсетеді.

Дауыстыларды іштей жіктеудің белгісі ретінде алдымен «дыбыстау түрін» алады. Алайда жіктелім белгісіне сөйлеу мүшелерінің қатысы мен қимылын артикуляциялық тұрғыдан байыптай қою қиын. Ғалым пайдаланған жіктелім атауларына қараса, дауыссыздардың созылыңқылығы (толық/келте) болып шығады, ал жіктелім сапасына қараса, онда жақ қатысы болып шығады.

Сонымен, «дыбыстау түріне» қарай дауыстылар үш тапқа бөлінеді: толық дауыстылар, яғни, дауыстылығы толық, сапасын жоймай, сол күйінде айтылады; келте дауыстылар, яғни, «өте мүкі» айтылады, толық дауыстылардың келтелеген түрі; қосынды дауыстылар, яғни, бірде таза дауысты, бірде екі дыбыс болып кетеді.

Дауыстылардың алғашқы екі түрінің жіктелім белгісі жақ қатысынан гөрі, олардың созылымды/қысқарынды айтылымы болу керек. Өйткені толық (созылымды) белгісіне келтеленген (қысқарынды) белгісі қарсы қойылып отыр. Ал дауыстылардың толық/келте тобының құрамына қарасақ, олардың артикуляциялық жасалым белгісі ашық/қысаң болып шығады. Ондай болған жағдайда е, о, ө дыбыстары ашық дауыстылардың қатарына жатқызылғанын көреміз.

Қосынды дауыстыларды «таза дауысты» емес, «бір дауысты, бір дауыссыз екі дыбыстан құралған: ұу – ұ + у, ый – ы + й» деп қарағанын жөн көріп, дыбыс тіркесімдерінің артикуляциялық моделімен көрнекілеп отырамыз. Артикуляциялық модель «қосынды дауыстының» дербес дыбыстардың тіркесімі екенін айғақтайды.

«Қосынды дауыстылардың» артикуляциялық моделі қазақ тіліндегі и, у таңбаларының әр түрлі оқылымы мен айтылымын бір жөнге салудың жолын көрсетеді. Қазақ тілінің оқулықтары мен әліпби құрамында дауысты дыбыс болып саналып жүрген таңбалардың дыбыс құрамын проф. Қ.Жұбанов айқын көрсетіп, олардың қандай дыбыстардың тіркесімінен тұратынын таратып берген.

Алайда ғалымның и, у бірде таза дауысты, бірде қосынды дауысты болып айтылады деген екі түрлі пікірі бар.

«Қосынды дауыстылардың» артикуляциялық моделі ғалымның «қосынды дауысты» деген пікірін қостайды.

Проф. Қ.Жұбанов көрсеткен ы+й тіркесімінің артикуляциялық моделі дауысты ы +дауыссыз й дыбыстардың дербес-дербес тіркесі екенін көрсетеді. Артикуляциялық тіркес екенін көрсету үшін қоршауға алып, біріктіріп отырмыз.

Проф. Қ.Жұбанов «қосынды дауысылардың» тек жуан айтылымын ғана көрсеткендіктен, сол жуан айтылымының ғана артикуляциялық моделін құрастырдық. Ал «қосынды дауыстылардың» жіңішке айтылымының артикуляциясын талдаған жоқпыз.

Дауыстылардың келесі жіктелімі «жасалу түріне», яғни, дауыстының таза артикуляциялық белгісіне қарай жүргізілгенін көреміз. Өйткені «жасалу» атауы артикуляциялық қолданым болып табылады.

Дауыстылардың «жасалу түріне» қарай жіктелімі ерін қатысына қарай жүргізілген: ерін дауыстылары; езу дауыстылары.

Ерін-езу дауыстыларының анықтамасы да таза артикуляциялық болып шыққан: ерін дауыстыларын айтқанда ерін сүйірленіп, езу жиылады; езу дауыстыларды айтқанда езу жиылмайды, ерін сүйірленбейді.

Ерін-езу (губной-негубной) атаулары дауыстылардың жасалу орынын көрсетіп тұр, сондықтан да дәстүрге айналып кеткен үндесімге қатысты еріндік-езулік (огубленный/неогубленный) атауларының мағынасын ажыратып алу үшін дәлел болғалы тұр. Проф. Қ.Жұбанов ерін/езу атауларын дауыстының жасалу орынын көрсету үшін артикуляциялық аталым ретінде өте дәл пайдаланып отыр. Ал еріндік/езулік атауы дауыстының жасалу орынын емес, дауыстының үстеме артикуляциясын көрсету үшін пайдаланылады. Ендеше, езу-ерін атауы мен еріндік/езулік атауының өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан оларды орынымен пайдаланудың жолын проф. Қ.Жұбанов көрсетіп отыр.

Дегенмен, дәстүрге айналып кеткен еріндік/езулік атаулары дауыстының жасалу орынын көрсету үшін де, үстеме артикуляциясын көрсету үшін де әлі күнге дейін аралас пайдаланылып келеді.

Проф. Қ.Жұбанов дауыссыз дыбыстардың анықтамасын «... салдыр болып, иә, салдыры басым болып шығатын дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз» деп береді. Естілім тұрғысынан берілген бұл анықтаманы артикуляциялық жүйеге салатын болсақ, онда дауыс шымылдығының толымсыз қатысы болып шығады. Басқаша айтқанда, ғалымның салдыр деп отырғаны дауыс шымылдығының бейтарап (тербеліссіз) қалпы, ал салдыры басым деп отырғаны дауыс шымылдығының тербеліңкі қалпы болып табылады.

Дауыссыздардың салдыр түрін үнсіз деп, ал салдыры басым түрін үнді деп бөледі. Бұл жіктелім түрін перцепция (естілім) тұрғысынан қатаң/ұяң, ал артикуляциялық тұрғыдан дауыс шымылдығының тербеліссіз-тербеліңкі қалпымен түсіндіруге болады.

Дауыс шымылдығының артикуляциясы тұрғысынан үнсіз/үнді дауысты болып екіге жіктеледі, яғни, дауыс шымылдығының қатысына байланысты жіктелім.

Келесі жіктелім белгісі ретінде дауыссыздардың созымды/созымсыз айтылымын алып, оларды үздікті/үздіксіз деп атайды. Түсініктемесі ретінде үздіктілердің созып айтуға келмейтінін, ал үздіксіздердің созып айтуға келетінін келтіреді. Сонда созымсыз/үздікті, созымды-үздіксіз болып атаулар жұптасып тұр. Осы берілген атаулардың негізі артикуляциялық болып табылады, өйткені анықтамасы да, атауы да дауыссыздың жасалымынан туындап отыр.

Дауыссыздардың жіктелім белгісінің басты атауы айтылмайды, тек олардың түрлері ғана аталады. Мысалы, дауыссыздар үнділер-үнсіздер, үздіктілер-үздіксіздер деген атпен топтастырылады (таптастырылады). Ал осы топтастырудың алғашқысы артикуляциялық тұрғыдан дауыс шымылдығының қатысы болса, соңғысы жасалу тәсілі болып табылады. Мұны жіктелім белгілерге қатысты ұғымнан аңғаруға болады.

Жіктелім артикуляциялық болғанымен, жіктелім түрлерінің артикуляциясы аталмайды, бірақ дауыссыз топтарының жіктелім белгілері аталады.

Дауыссыздардың келесі жіктелім тобы жасалу орынына қатысты болады. Проф. Қ.Жұбанов «жасалу орыны» деген артикуляциялық атауды пайдаланбаған, алайда «Қай дыбыс шыққанда ауыздың қай жері салдырласа, сол жерді сол дыбыстың шығатын жері дейміз» деген анықтамадан жіктелім белгісі ретінде жасалу орыны сөз болып отырғандығын аңғарамыз.

Жасалу орынының жіктелім белгісі ретінде ерін, тіс және көмей белгісін алады. Дауыссыздар да осыған лайық ерін дауыссыздар, тіс дауыссыздар және көмей дауыссыздар деп үш топқа таратылады.

Дауссыздардың жасалу тәсіліне қатысты жабысыңқы-жуысыңқы деген артикуляциялық атауды пайдаланады: ауыздың екі жері бір-біріне жабысып ашылғаннан немесе жабыспай жуысқанынан пайда болады. Бұл атауларға ғалым ұсынған дауыссыздардың кестесінде арнайы бағана бөлінген.

Естілім тұрғысынан жуысыңқы дыбыстарды сыбыр-сыбыс деп бөледі, естілім атаулар болғандықтан олардың артикуляциясына тоқталған жоқпыз.

Дауыстыларға да, дауыссыздарға да қоспай, өз алдына сонор дыбыстарды топтайды. Оның негіздемесі ретінде «үн мен салдыр тең болады» дейді.

Қазіргі қалыптасқан дәстүр бойынша ғалымның сонор деп отырғаны – үнді дауыссыздар, ал үнді деп отырғаны – ұяң дауыссыздар.

Сонор дауыссыздардың анықтамасы мен жіктелімі таза артикуляциялық тұрғыдан жүргізілген. Мысалы, тура жолды/айналма жолды, т.б.

Тура жолды сонорлар й, у, оларды айтқанда ауа ауыз қуысынан тура шығады дей келіп, олардың жасалу тәсілін ерін (тіл мен таңдай) бір-біріне жуысады деген анықтама береді.

Егер проф. Қ.Жұбанов берген жіктелім белгілерін жинақтай білсек, онда дауыссыздардың кешенді артикуляциялық сипаттамасын табамыз: й дауыссызы таңдай, тура жолды, жуысыңқы, созылымды, үздіксіз; у дауссызы ерін, тура жолды, жуысыңқы, созылымды, үздіксіз. Айналма жолды дауысыздарды екіге бөледі: мұрын жолды айналма, ауыз жолды айналма, яғни, ауа не мұрын арқылы, не ауыз арқылы шығады. Талданымның негізгі артикуляциялық белгісі ретінде ауаның шығар жолы алынады.

Проф. Қ.Жұбанов сонорларды талдағанда дауыссыздардың жасалу орыны мен жасалу тәсілін бірдей қамтып отырады, бірақ жеке атамай, біріктіріп «жасалу түрі» деп атайды. Сондықтан да дыбыстың жасалу орыны арнайы көрсетілмейді.

Мысалы, «н дыбысы тілдің ұшы үстіңгі күрек тіске жабысады» деген анықтамадан жасалу тәсілі ретінде тілдің ұшы мен күрек тістің жабысуы көрсетіледі. Жасалу орынын құрастырған кестеде ғана атайды. Кестеде «шығатын орыны» (яғни, жасалу орыны) ретінде күрек тіс аталады. Өзге «айналма жолды» сонорлар да осы үлгімен сипатталады. Соның нәтижесінде күрек тіс, көмей, ерін, азу, қызыл иек дыбыстары болып жіктеледі.

Проф. Қ.Жұбанов и, у таңбаларының жасалымын (артикуляциясын) дауысты дыбыстармен тең деп қарастырады. Үнді-еуропа тілтанымының үлгісімен дауыссыздарды қатаң/үнді деп жіктеп, үнділерді өз алдына сонор дауыссыздар деп бөліп қояды. Сонымен қатар, орыс тілінің дыбыс жіктелім үлгісін сыбыр/сыбыс (шипящий/свистящий) артикуляциялық тұрғыдан қазақ фонетикасына ендіргені көрінеді.

Проф. Қ.Жұбановтың артикуляциялық талданымы бойынша қазақ тілі дыбыстары дауысты/дауыссыз/сонор болып үлкен үш топқа жіктеледі. А.Байтұрсынұлының шала дауыстылар дегені тәрізді, үнді дауыстылар сонор деп аталады. Отыздан аса артикуляциялық атау пайдаланылған. Сонордан басқасының бәрі – төл атаулар.

Дауыстылардың жасалу орынын жуан/жіңішке деп естілім (перцепциялық) атаумен көрсеткен. Дауыстылардың жіктеліміне

алғаш рет дыбыстың созылымдылық белгісін пайдаланады: толық/келте/қосынды. Қ.Жұбанов ендірген қосынды атауы кейінгі кезде дифтонг/дифтонгоид болып жалғасып келеді (қазіргі кездегі оқулықтарда монофтонгқа айналып кетті). Ерін қатысы еріншіл/езушіл деп жаңаша аталды. Қ.Жұбанов жіктелімінде дауыстылардың жасалуына жақ қатысы қалыс қалған.

Таза дауыссыз деп үнсіз/үнді тобын, яғни, қатаң/ұяң дауыссыздарды атайды. Бұл жерде үнді атауының қазіргі ұғымнан алшақ жатқанын көреміз. Дегенмен, дауыссыздарға қатысты негізгі артикуляциялық белгілер түгел қамтылған: дауыс қатысы (үнсіз/үнді), жасалу тәсілі (үздікті/үздіксіз), жасалу орыны (ерін, тіс, көмей). Сонор дауыссыздардың жіктелімі күрделі шыққан.

Кезінде Ресей ғалымдарынан дәріс алғандықтан болу керек, дауыссыздардың сыбыр/сыбыс белгілерін атап көрсетеді. Бұл теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да қажет атау екенін бүгінгі зерттеулер нәтижесі көрсетіп отыр.

А.Байтұрсынұлынан басталған дауысты/дауыссыз атауы жалғасын табады, ал өзге атаулар тыңнан қосылғанын атап айту керек.

Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ,
Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы.

ЖЫРШЫ ТАСТАРДАҒЫ ТҮРКІЛІК РУХ

Адам баласының қуанбай, шаттанбай, күлкіге кенелмей және кейде ренжімей, қапылыста қайғырмай өмір сүруі мүмкін емес. Бұл – табиғат заңдылығы мен адам тірлігінің сабақтастығының белгісі. Сол толқымалы көңіл-күйдің жүректі жадыратар мөлдір сыры мен алмағайыпта ұшырасатын мұң-қайғысы жыр болып төгіліп, ән болып есіліп және шер болып айтылмауы – тағы

мүмкін емес. Бүкіл адамзаттың сол ішкі алапат толқыныс сезімі көбіне шағын көлемді өлеңмен беріледі. Біздің бағзы заманда жасаған бабаларымыз бұл бағытта да мәңгі тозбас рухани асыл мұраларды молынан жасады. Нақты дәлел келтірсек, көне түркілер ежелгі заманда жер бетіндегі бірталай аймақтарды мекендеп, билік жүргізумен бірге сол өңірде өздерінің жазба рухани мұраларын да молынан қалдырды. Мысалға Алтай, Орхон, Енисей, Турфан, Талас, Іле аймақтары мен Венгрия жерінен табылған руна жазбаларының көбісі – шағын көлемді поэзиялық шығармалар.

Бір ғана Енисей өзенінің жоғарғы ағысы бойындағы дәу тастарға және алтын, күміс тостағандарға, әшекейлі бұйымдарға түсірілген түркі руна жазба ескерткіштерінің жария болғандарының саны қазір екі жүзге жуық. Айрықша құндылығы – осы руна жазбаларының бәрі дерлік көркем рухани мұра, шағын көлемді өлеңдер. Ондағы әрбір таста ең кемі төрт-бес тармақтан тұратын бір шумақ өлеңнен бастап, бес-алты шумақтан құралған өлең жазылған. Сосынғы бір ерекшелік – Енисей бойындағы жазбалардың бәрі тек кісі бойындай биік, енді, ғажап тастарға қашап түсірілген шығармалар. Ағаш, теріге жазған бұйымдар өте сирек кездеседі. Бұл өңірдегі жазбалардың тағы бір құндылығы – Енисей руна жазба **шығармалары түгелдей намыс, рух, ерлікке құрылған жауынгерлік жырлар және елді бірлікке, ортақ мақсатқа жетуге шақырған ұран-үндеу, өсиет өлеңдер** деуге болады. Осы тұста арнайы айтарымыз, көне түркі руна жазбаларының бәрі дерлік жырмен жасалған рухани мұралар екенін әлем түркітанушылары түгел мойындап, сол поэзиялық шығармалардың көркемдік деңгейіне талдау жасаған алғашқы зерттеу еңбектер жарық көрді. Қазір осы сала мамандары арасында “Көне түркі руна жазба әдебиеті” деген тұжырым бекем қалыптасты.

Осы құнды шығармалардың көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасамас бұрын, сол Енисей жазбаларының табылуы, жиналуы, болмысы, құрылысы, танылуы, тұрпаты,

аударылуы жайлы, яғни, әуелі зерттейтін шығармаларымыздың сыр-сипатын түтел танып, біліп алуымыз керек. Меніңше, көне түркі руна жазба ескерткіштердің әрбірі – сол елдің бетке ұстар азаматы сияқты. Әр тастағы жазудың әліпбиін танымай, жазудың қалай қарай оқылатыны, қай қырына әріп таңбалары түсірілгенін білмей, онда кескінделген түркі таңба, белгілерінің мәнін, маңызын анықтамай, сол мұраға дұрыс аударма жасау мүмкін емес. Түркі руна жазуы көбіне тастың үш немесе төрт қырына жазылған. Тасқа дөңгелетіп және көлденең түсірілген жазулар жетерлік. Жақпартастағы жазбалар сол елдің, жұрттың мақсат, мүддесін, әсіресе, жауынгерлік келбетін, осы халықтың психологиясын, дәстүр-салтын, ар-намысын танытады және тұрмысынан да мәлімет береді. Демек, жазба тас – сол елдің шежіре данасы, қолбасшысы, батыры.

Жазбаның барлық болмысын танып, түсініп тіл қатсаң, бұл тастар да үн қатады. Сондықтан, көне түркі руна жазуы түсірілген жақпар тастарды көзбен көрумен бірге зерттеу үшін әр қырынан суретке түсіріп пайдалану аса қажет. Өйткені Енисей бойындағы көне түркі руна жазба тастарының әрқайсысының барлық қырына үңіліп қарағанда саусақ сияр ашық орын табылмайды. Онда руна жазбаларымен қоса бейне суреттер салынған. Сол хайуанат бейне суреттері де тастағы жазумен бір үндестікте жасалған. Көптеген зерттеушілер тастағы түркі руна жазуы жайлы сөз қозғайды да, сол тастағы таңба, суреттерді, тіпті, ескермейді. Соған сәйкес, бұл мақалада әрбір жазба тастың бүге-шігесіне дейін қысқаша мәлімдеп, жазба тас фото суретін реті келгенше жұртшылық назарына ұсыну көзделді. Сонда ғана істің ақиқаты ашылуына жол түседі. Бізден кейінгілер жалғастырып дамытуға мүмкіндік туады.

Көне түркілердің Орхон жазбаларымен салыстырғанда Енисей бойындағы жазба ескерткіштерді зерттеу осы кезге дейін қолға алынбады десе де болады. Енисей бойындағы қаптаған жазба тастарды алғаш жинап, тануға Еуропаның көптеген ғалымдары қызығушылықпен белсене араласқаны белгілі. Ал сол жазбаларды арнайы тереңдете зерттеуге келгенде батылдық

танытқандар өте сирек. Әрине, Енисей жазбаларын жария етуде атақты ғалымдар: В.В.Радлов, С.Е.Малов еңбектерін және И.В.Стеблеваның жалпылама болса да ғылыми талдауын, оның Орхон-Енисей жазбаларын поэзиялық шығармалар екеніне ғылыми тұрғыда көз жеткізуін айрықша атауымыз керек (1, 2, 3).

Ақиқатын білдірсек, түркітанушы ғалымдардың көпшілігі Енисей жазбаларының бар екені жөнінде В.В.Радлов, С.Е.Малов еңбектерінен бір, екі жазба ескерткіштердің аудармасын көшіріп алып, жаттанды пікір, болжамдарды қайталаумен шектелді. Қазақ ғалымдарынан Енисей жазбаларын арнайы зерттеуге әзір ешкім бет бұрған емес. Әрине, оған бару оңай емес. Бұл аса күрделі салаға үлкен даярлық, терең біліммен, ұлттық рух, сана, намыс үшін бабалар жасаған зор көне мәдениетті, әсіресе, дәстүр-салт, нанымды, жазба мұраларды игеріп талдап, өз халқымызға жеткізіп, елдің рухани байлығына айналдыру ниетімен, жанкештілікпен барады.

Көне түркілердің Тәңірлік дәуірдегі руна жазба мұраларының аса көптігіне байланысты бұларды жинастырып, зерттеу, тану барысында бір-бірінен жаңылыстырып алмай, талапқа сай жүйеге түсіру мақсатында халықаралық түркітану ғылымында арнайы шартты белгілер қалыптасқан. Сол шарттарға сәйкес, іздестіріп тапқан әрбір жазба тасқа нақты түрде ережеге сай атау беріліп, арнайы ретті нөмірмен белгіленді. Бұл істің де өзіндік ерекшелігі бар. Мысалға, көне түркі руна жазба жәдігерлерді: Алтай, Орхон, Енисей, Онгин, Турфан, Талас, Іле жазбалары деп атағанымен, бұл аймақтардың әрқайсысында саусақ жетпейтіндей жазба ескерткіштер көп. Әрбір жазба ескерткіштерді нақты ажырату үшін сол мұра табылған аймақ, өзен, аңғар, елді мекен атауының алғашқы әріпі алынады, сосын ретті нөмірі көрсетіліп, жақша ішіне әлгі ескерткіштің сол аймақтың тура қай жерінен табылғаны жазылады. Енисей бойындағы дәу тастарға түсірілген көне түркі руна жазба шығармалары ішінен әуелгі сөзді назарға бірден іліккен, жұртшылықтың да көңілін ептеп аударған Уюк-Тұран жазба

ескерткішінен бастаудың ыңғайы туды. Өйткені бұл тастағы жазбаны оқығанда осы зерттеу мақаланың өзегі – “көне түркі руна жазба ескерткіштері қазақ халқына да ортақ мұра» деген ұйғарымымызға куә ретінде жыршы тас бетіндегі сөзді жазған ежелгі баба орынынан тік көтеріліп, тебірене сөйлеп тұрғандай әсер етті. Бұған құлақ түріп, ынта қойып тыңдағанда бұл тектес ғана емес, қандас баба жазған жырдай болып танылды. Расында, айнымаған қазақтың өзінің ел басқарып, қорғаған батырына арнаған ерлік жоқтау жыры. Бұған дәлел келтірейік, сол жазба тастың алдыңғы (а) бетіндегі бірінші бөлшегінің негізгі мәтіні мынау (көне түркі руна жазбаларының негізгі мәтінінің көбісі Х.Н.Оркун құрастырған кітаптан алынды, алда сілтеме сол кітапқа жасалынады):



Қазақшаға аударғанда:

1. Әйелдерім менің, о, қайғы! Барлық менің ұлдарым. Сендердің рахаттарыңды көрмей көз жаздым. Қасіретті әйелдерім, туыстарым, достарым, сендерден алыстадым,- деп баяндалған. Неге ол күңіренеді? Оның бұл дүниеден мәңгі қоштасуына қандай себеп болған? Бұл сұраққа жауап беруге осы тастың артқы жағы (в) бетіндегі ең соңғы, үшінші бөлшегіндегі руна жазуы жауап береді. Үшінші бөлшектегі руна жазуының негізгі мәтіні мынау:



Қазақшаға аударғанда:

3. Түлбөрі ханыммен, бұқара халықпен, жайсаң туыстарыммен,

Қайран жауынгер, ерлермен, атақты батырлармен,

Күйеу, қыз, келіндеріммен шаттық құрмадым,- деп мәлімденген. Осы жыр шумағын оқығанда байқалғандай, оның тайпа жауынгерлерін, ерлерін, атақты батырларын өзінің отының басындағы әйелі және бауырынан өрген қызы, ұлы мен келіні, күйеуіндей аса ардақ тұтуы – бұл қайтыс болған адам тайпа жауынгерлерінің қолбасшысы болғанын танытады. Осы айтқанымызды тастағы жазудың алдыңғы (а) жағындағы, екінші бөлшектегі:”Алтындаған кемерімді беліме байладым”,- деген сөз нақтылай түседі. Өйткені көне түркілердің қалыптасқан дәстүрі, ел басқару ережесі бойынша алтынданған белбеуді тайпа мен әскер басшылары тағып байлайды. Лауазымына қарай алтын, күміс белбеу түсі, түрі де өзгереді. Осылай тастағы жазуда дүниеден өткен адамның өмірінен қысқаша деректер беріледі. Тастағы шығарманың үшінші бөлшегінде оның есімі Үчін Күлүг екені жазылып, оны елі Тәңірдей құрметтеп жерлегені мәлімденеді. Осы шығарманың жалғасы жазба тастың артқы жаға (в) бетіндегі бірінші бөлшекте дүниеден өткен Үчін Күлүг алпыс үш жасында қайтыс болып, өзінің туып өскен жері Еғүк Қатунда жерленгенін баяндайды. Бұл тастағы жазбада дүниеден өткен азамат өмір сүрген елдің бірлігі, даңқы, халықтың тұрмыс жағдайы жөнінде де айтылған. Мысалға, тастың артқы жағы жазуындағы екінші бөлшегінде осы елдің даңқы айналасына жаратушы Тәңірдей танылып, бірлікте өмір сүргендігі және қайтыс болған Үчін Күлүгтің артында алты мың жылқысы қалғандығы жазылған. Бұдан кейінгі үшінші бөлшектегі жазуда қайтыс болған тұлға Түлбөрі тайпасының перзенті екені білдіріледі. Осы келтірілген деректер мен жазба мазмұнына қарап бұл туындыны өмірбаяндық жоқтау деуге толық болады.

Осы тұста еске саларымыз, көне түркі руна жазбаларындағы шығарма жолдары (тармақтары) санмен белгіленіп бөлініп қойылған, солай ретімен жалғаса береді. Өйткені, руна жазбасынадағы бір санмен белгіленген шығарма жолдары біткен бір ойды, оқиғаны, істі білдіреді. Мысалға, Үюк-Тұран жазба тастың артқы жағы (в) бетіндегі жазба жолдары үш

санмен бөліп көрсетілген. Сондағы “1” санымен белгіленген жазбаны сол қалпында келтірейік.



Қазақша аударғанда:

1. Алпыс үш жыл өмір кештім, енді алыстай түстім,

Еғүк Қатунда өлдім, туған жерді құштым,- деп жазылған. Демек, осы жазбаға қатысты бір күрделі жәйттің түйіні сыйғызылған жазба жолдары арнайы “1” санымен белгіленіп көрсетілген. Бұл ереже көне түркі руна жазбаларында бағзы заманда қалыптасып, жалғастық тапты. Осы әдіс Енисей бойындағы көне түркі руна жазба шығармаларында бекем сақталынған. Мұндай санмен белгілеу шарттары түркілермен көрші елдердің және Таяу Шығыс халықтарының бірнешеуінде бар. Мәселен, біздің заманымыздан бірнеше ғасыр бұрын жасалынған “Гильгамеш туралы жыр” атты шығарма жолдары санмен белгіленіп жазылған (5, 8-6).

Қытай халқының көне даналық шығармалары да осындай әдіспен жазылған. Атап айтқанда, шамамен б.з.б. VI-III ғасырлар аралығында жазылып тараған Конфуцзының даналық жазбаларындағы әрбір біткен ой осындай санмен белгіленіп жарияланған. Мысалға Конфуцзы шығармасындағы: Ұстаз айтты:

- Таңертең Дао жолын таңдаған

Кешкісін армансыз өледі,- деген жазба жолдары кітапта “төртінші тарау, сегізінші бөлек” деп көрсетілген (6, 329-6). Осылай жазба мәдениеті көрші елдердің бір-бірімен байланысы, үйренуі арқылы дамыған. Жазба шығармалардағы өлең жолдарын санмен белгілеу кейін шығыс халықтарының көбіне тарады. Уюк-Тұран жазба ескерткішіндегі өлең көлемі алты жол болады. Соған қарамастан осы ескерткіштің маңызы көп қырлы. Жазбаның бұрын атап көрсеткен құндылығына тағы қосарымыз, біріншіден, мұнда қолбасшының намысы, ары, жауынгерлік рухы образды түрде бәрінен биік көрінеді.

Қолбасшы Үчін Күлүг өзінің бұл дүниеден өткеніне емес, туған халқына, ханына, жауынгерлеріне, ағайын, туыстарына қызмет, қамқорлық көрсетіп, солармен шаттана өмір сүру арманына жете алмай көз жұмғанына опынады.

Бұл айтқанымызға жазба тастың артқы жағы (в) бетіндегі үш санмен белгіленген өлең жолдарындағы “Түлбөрі ханыммен, бұқара халықпен, жайсаң туыстарыммен...” деп жазылған жыр тармағы дәлел бола алады (4, 450-б.). Осындағы “Түлбөрі” атауы – тарихи дерек бойынша тайпа атауы. Соған қарап осы ел билеушісінің есімі тайпа атауына айналған шығар деген болжам туады. Олай болса, Уюк-Тұран мәдени ескерткіші түркілердің ең көне жазба мұраларының бірі болуы мүмкін. Екіншіден, осы тастағы жазбаға көне түркілердің тәңірге табыну нанымы тұтастай үзілмес арқау болып жырмен қоса өрілген. Тастағы жазбаның тұжырымдамасы – басты кейіпкер Үчін Күлүг тірлікте өлімге қарсы тұрып, оны жеңіп, арманына жете алмағанына қайғырады. Өйткені тәңірлік наным қағидасы өлім, жаманшылық әкелушіге қарсы талмай күресуді уағыздайды. Оған дүниеден өткен бұл тұлғаның жақсылық жасаушы жалғыз жаратушыға:”Тәңірі, елімнің рахатын көрмедім”,- деп тағзым етуі дәлел. Жазба таста бұдан басқа “Тәңірдей құрметтеп жерлепті”, “Тәңірдей менің елім” деген жалғыз жаратушыны теңдесі жоқ құдірет тұту сөздері кездеседі. Осы келтірілген өлең жолдарында өлген адам өзіне көрсетілген құрметтің жоғарылығын және өзінің елін өте ардақ тұтатынын жалғыз тәңірге теңеп, образдап айтқан. Сонымен қоса, тастағы жазба қайтыс болған тұлғаның ішкі толғанысы арқылы баяндау түрінде жасалынған. Қолбасшы Үчін Күлүг бейнесі жазбада даралана танылады. Бұл – тастағы жазбаның көркемдік деңгейін айқындайды.

Енді Уюк-Тұран жазба ескерткіші жөнінде бірнеше зерттеушілердің білдірген пікіріне тоқталайық. Зерттеуші В.П.Юдин осы жазба тастың артқы жағы (в) бетіндегі, екінші бөліктегі жазба жолдарынан “қазақ” деген сөзге сәйкес келетін руна жазуындағы сөзді тауып, сол руна жазбасын желеу етіп,

аса көлемді мақала жазған. Ол осы тастағы “қазақ” сөзіне ұқсас руна жазуы жөніндегі айтпақ ойын: “По нашему мнению, слово казак в фонетически замаскированном виде сохранились в древнетюркском руническом памятнике с реки Уюк-Туран”,- деп бастап (7,156-б.), осы жазба ескерткішті зерттеген С.Е.Маловтың еңбегінен ұзақ үзінді келтіреді әрі тастағы руна жазуының мәтінін, транскрипциясын, орысша аудармасын сол қалпында түгел көшіреді. Оның бұл талдауында көңілге қонарлықтай, ой саларлықтай ешқандай болжам, жорамал, пікір байқалмайды. Әдетінше, көзі жоқ кісінің түркі руна жазбасынан жасаған аудармасына қайта-қайта шүйілігіп: “С.Е.Малов текстегі сөзді **қызғақ** деп аударып, “қыз” деген мағына берген” деп оны кінәлап, өзінің ойындағысын айту үшін сылдыр сөзді сапырып, бірнеше бет долбар жасайды (7, 159-б.).

Зерттеуші В.П.Юдин түпкі тұжырымын: “Можно предположить, что резчик вставил эту букву ошибочно”,- деп мәлімдеп, руна жазуынан аударғандағы “қызғақым” деген сөз “қазақ” болып оқылуы тиіс деп өз шешімін ұсынады (7, 158-б.). Осы болжамына негіз болатын өзге дәлелі, келтірген дерегі жоқ, жалаң сөз. Бұл орайдағы оның пиғылының төркіні – “қазақ” деген ата тегін, аты-жөнін білмейтін сәби бар екен. Соған ақылды В.П.Юдин қамқорлық жасап, оның аты-жөні кім екенін айтып үйретпекші. Сол ниетпен ол еркінси, дарақы сөйлеуге барған.

Нақты дәлел келтірейік, ол «қазақ» атауы жөніндегі болжамдарды жұртшылық назарына ұсынарда әуелгі сөзін: «I. қазақ – «человек подобный гусю», т.е. вольный, как птица. Здесь **каз** – “гусь”, **ак** –аффикс со значением подобия. II. Қазақ – «белая гусыня». Здесь **каз** – “гусыня”, **ак** – “белый”. III. **Қазақ < каз** “гусь”+ **ғак** “ворон.” IV. Қазақ < **қыз**+ак. Здесь қыз –”девушка”, ак – восклицательно-выделительная частица”,- деп бастайды (7, 138-б.).

В.П.Юдин “қазақ” сөзі жайындағы сол еңбегінде 22 түрлі болжамды жинап жария етіпті, соның әуелі тізбектей берген төрт болжамын біз әдейі келтіріп, оқырман назарына ұсынып

отырмыз. Бұл зерттеуші осы болжам түрлерін кімнен, қайдан алғанын толық көрсетпейді. «Қазақ» сөзі – қазақ халқының атауы. В.П.Юдиннің сол сөздің төркінін іздеген болып, қазақ ұлтының атауын «қаз», «қарға», «ақ қаз»,”қыз” деп сан-саққа жүгіртіп, қорлағаны қалай? Орыс тілінде: “человек, подобный гусю”, “белая гусыня”, “гусь”, “ворон” деген сөздер көбіне біреуді кемсіту, қорлау мағынасында қолданылады емес пе? Сонда В.П.Юдинге сылтау тауып, мұндай ар, намысқа тиер сөзді жария етуге кім рұқсат берді екен? Таңдандыратыны – осы кітап 2001 жылы Алматыдағы “Дайк-Пресс” баспасынан шығыпты. Өз жерімізде тұрып мұндай еркінсіп, басынуға кім рұқсат берді оған?

Белгілі ғалым А.Аманжолов Уюк-Тұран жазба ескерткішіне аударма жасау барысында: “Бесінші жолдағы қазғақым-қазақ “олжа, табыс” сөзінен оның қазға (н)-”олжалау тауып алу” етістігі мен қазіргі қазақ этнонимімен төркіндес екендігі байқалады (қазғақ-қазақ)” деп өз болжамын білдіреді (8,49-б.). Біздіңше, кез келген заттың азды, көпті тарихы бар. Осы күмәнді жәйтті анықтай түсу үшін Уюк-Тұран жазба ескерткіші жайлы тарихи деректерге назар аудару аса қажет-ақ. Дәл осы мәселені зерттеуде академик Ә.Марғұлан әуелі Уюк-Тұран жазба ескерткішінің жасалып, жазылуының түп-төркінін, яғни, осы жазба тас қай ел, тайпаның мұрасы екенін зерттеп, тарихи деректер жинап, тастағы жазу мәніне, ондағы таңбаларға үңіліп, сол белгілердің тарихын анықтағаннан кейін: “Керейлерден қалған Орхон жазуы бар бұл құлпытас Уюк-Тұран өзенінің бойында тұр. Басына қабанның суреті түсірілген. Жазудың сөзі:”Алтын ілгек кісені білімке бұғындым”. Тастың екінші жақ үстінде керей мен үңгіттердің қолданатын “крест (+)” таңбасы тұр. Бұл таңба қазақ керейлерінде осы күнге дейін сақталған (Малов, 16-15)”,- деп жазады (9,141-б.).

Академик Ә.Марғұлан келтірген деректер Уюк-Тұран жазбасының құпия жақтарын біршама айтып берді, енді соған қатысты деректерге сүйене отырып, осы тастағы жазу мен таңба, бейненің сыр-сипатын ашуға болады. Мәселенің

байыбына анық көз жеткізу үшін Уюк-Тұран жазба ескерткіші жайлы аздап мәлімет беріп, негізгі мәтін мен оның қазақша аудармасын жұртшылық назарына ұсынайық.

Жазба тастың қысқаша сипаты: бұл ескерткіш 1886-1887 жылдары шаруа И.Г.Футниковтың көмегімен табылды. 1888 жылы фин ғалымы И.Р.Аспелин арнайы сапарда жүріп, түркітанушыларға сондай мұраның барын білдіріп, жария етеді. Жазба ескерткіш Уюк өзенінің сол жақтағы саласы Тұран өзенінің оң жағалауындағы Тұран (Тува) қыстағының маңынан табылды. Уюк-Тұран жазбасын 1895 жылы В.В.Радлов оқыды және аударды. Кейін, 1943 жылы осы мәдени ескерткіш Тувадағы республикалық өлкетану мұражайына табыс етілді. Тастың биіктігі екі метрдей, ені жарты метр шамасында. Жазу тастың екі жағына түсірілген, әр бетінде үш бөлшектен 6 бөлшек жазу бар. Ескерткіштің алдыңғы жағындағы жазудың ортасында қосу белгісіндей, тастың осы бетінің төменгі жағында доға сызығы мен қосу сызығы жалғасқан таңбалар бар. Жазба тастың артқы оңтүстік жағының жоғарысында төрт аяқты, сүйір тұмсық, күржік мойын жыртқыш хайуанаттың суреті салынған, бұл бейне шошқаға немесе мүйізтұмсыққа ұқсайтын тәрізді.

Уюк-Тұран руна жазбасы. Негізгі мәтін, алдыңғы жағы, а:



(4, 449-б.).

Қазақша аудармасы, алдыңғы жағы, а:

1. Әйелдерім менің, о, қайғы! Барлық менің ұлдарым.

Сендердің рахаттарыңды көрмей көз жаздым.

Қасіретті – әйелдерім, туыстарым, достарым, сендерден алыстадым.

Алтындаған кемерімді беліме байладым,

Тәңірі, елімнің рахатын көрмедім.

Бәрінен ауыры – өзім, міне, жерге ендім.

Үчін Күлүг – тірлік мерзімің бітті,

Өз елім менің тәңірдей құрметтеп жерлепті.

Негізгі мәтіні, артқы жағы, в:



(4, 450-б.)

Қазақша аудармасы, артқы жағы, в:

1. Алпыс үш жыл өмір кештім, енді алыстай түстім,

Еғүк Қатунда өлдім, туған жерді құштым.

2. Тәңірдей менің елімнен, барымнан (қызгакымнан), баламнан

Және алты мың жылқымнан айрылдым, көрмеске ұштым.

3. Түлбөрі ханыммен, бұқара халықпен, жайсаң туыстарыммен,

Қайран жауынгер, ерлермен, атақты батырлармен,

Күйеу, қыз, келіндеріммен шаттық құрмадым.

Академик Ә.Марғұлан келтірген мәліметтер осы кезге дейін сол тас бетінде сақталған. Біздіңше, жыртқыштың суреті жаманшылық жасаушы – жауыздық бейнесі. Көне түркі нанымында жақсылық жасаушы жалғыз тәңір мен оның жақтаушылары, жаманшылық әкелуші ақырзаман және оны қолдаушылары үнемі бітіспес күрес үстінде. Түркі философиясы бойынша да, өмірде жақсылық пен жамандық қатар жүріп, үнемі аңдысуда болады. Бұл тастағы қосу (+) таңбасы тәңірге табыну нанымында дүниенің төрт жағы “құбыласын” бейнелейді. Қазақ халқының көне руларының бірі – керейлердің таңба белгісі қосу (+) екенін шежіреші, ақын Ш.Құдайбердіұлы арнайы жазып қалдырды және Қазақ Совет энциклопедиясында да керей таңбасы қосу (+) белгісімен

айқындалатыны жазылған. Осы мәліметтер Ә.Марғұлан келтірген дерекпен толық сәйкес келіп тұр.

Ә.Марғұлан Уюк-Тұран мәдени ескерткіштен келтірген "алтын ілгек кісені білімке бұғындым" деген сөз сол Уюк-Тұран ескерткіш тастың алдыңғы жағы (а) бетіндегі екінші бөлшектегі руна жазуының транскрипциясы деуге келеді. Ә.Марғұлан бұл сөзді С.Е.Малов жасаған аудармадан алғанын көрсеткен. Осылай, Уюк-Тұран мәдени ескерткішінен Ә.Марғұлан келтірген мәліметтерді сол жазба тастан табуға болатынына айқын көзіміз жетті. Сондықтан бұл ғалымның осы жазба тас жайлы айтқан тарихи деректері мен тұжырымы осы мәдени мұраның бар құпия сырын нақты әрі шынайылықпен білуге негіз қалады деуге болады. Өйткені, Уюк-Тұран мәдени ескерткіш тастың артқы жағы (в) бетіндегі екінші жолдағы руна жазудағы бір сөз (ұсынған негізгі мәтінді қараңыз) "қазақ" деген мағынаны білдіреді деген үміт туып, бір-екі зерттеушілердің өздерінше пікір білдіруіне себепші болды. Оған ешкім қарсы емес. Сол бөлшектегі жазудың транскрипциясы:

"Тенрі елімке **кызгакым** оглым оуз оглым алты бин иантым" деп оқылады. Осындағы "кызгакым" сөзін В.П.Юдин "қазақ" деп атауға қатысты екенін дәлелдейді (жоғарыда айттық). Бірақ, оның болжамы бұлыңғыр, көңілге онша қонбайды. Әлі де талдай түссек, осы сөз, әріп бойынша тура аудармасы – "КЗГКМ", ережеге сәйкес оқылуы "кызгакым" (тіл білімі бойынша талдау көп орын алады). Байқап отырғандай, сол сөз "қазақ" деген атауды қай қырынан алып қараса да онша айқын танытпайды, мағынасы бойынша болжау жасау да қиын сияқты. Қысқасы, бәріміз де шынайылықпен мәдениетті сөйлейік, әр нәрсені сылтауратып, арғы тегіне, аппақ арға тиетін сөз айтуға жол бермейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. И.В.Стеблева. Поэтика древнетюркской литературы. М., «Наука», 1976, 213-с.

2. И.В.Стеблева. Поэзия тюрков VI-VIII веков. М., «Наука», 1965, 140-с.

3. И.В.Стеблева. Ритм и смысл в классической тюркоязычной поэзии. М., «Наука», 1993, 201- с.

4. Eski turk vazitlari. Ankara. 1994, 571-б.

5. Эпос о Гильгамеше. М., АН СССР, 1961 150-с.

6. Л.С.Переломов. ''Конфуций. "Лунь юй" М., Вос. л-ра, 1998, 588-с.

7. В.П.Юдин. Центральная Азия XIV-XVIII веках глазами востоковеда. А., «Дайк-Пресс». 2001. 220-с.

8. А.Аманжолов. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., «Санат», 1996, 127-б.

9. Ә.Марғұлан. «Тамғалы тас» жазуы // Жұлдыз. №1, 1984.

Бану ОМАРОВА,
Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мемлекеттік тіл кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

СІЛТЕУ ЕСІМДІГІНЕН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДІ СӨЙЛЕМДЕР

Сілтеу есімдіктері қазіргі қазақ тіліндегі аса белсенді қолданылатын сөздердің бірі екендігі белгілі. Сол сияқты олардың синтаксистен алатын орыны да ерекше. Жіктеу, сұрау, өздік есімдіктерімен қатар есімді сөйлем құрауда сілтеу есімдіктері де молынан жұмсалады. Зерттеу еңбектеріне көз жүгіртетін болсақ, сөйлемде баяндауыш қызметінде, негізінен, жіктеу есімдіктері көбірек аталады да, сілтеу есімдігі назардан тыс қалып жатады. А.Байтұрсынұлы «Оспан осы болады» сөйлемі арқылы осы есімдігінің қосарлы баяндауыш болатынын көрсетсе [3: 275], М.Балақаев: «Есімдіктер қай сөз табының орынына жүрсе, сол сөзге тән синтаксистік қызмет атқарады. Солай болатындықтан, есімдіктердің бәрі де баяндауыш бола алады. Дегенмен, бұл қызметте жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктері жиі кездеседі» дейді де, сілтеу есімдігіне қатысты мысал келтірмейді [4: 29]. Ал С.Аманжолов есімдіктердің баяндауыш

болып келетін жағдайларының бірі ретінде сілтеу есімдігінің қызметін былайша түсіндіреді: бастауыш есім не басқа сөз болса, есімдік атау күйінде тұру керек. Мысалы, «Игіліктің түйіліп келген жері осы» [1: 112]. Р.Әмір қазақ тіліндегі сөйлемдерді логикалық-грамматикалық сипаты жағынан топтарға бөле келе, қимыл-іс пен оның сынының объектісінің қатынасын білдіретін сөйлемдерді ұсынады. Автор бұл топтағы сөйлемдердің бастауышы есімше, баяндауышы сын есім, зат есім, есімдіктерден болатынын тілге тиек етеді [2: 56]. Сілтеу есімдіктерінің сөйлем мүшелерінің бәрінің де қызметін атқара алатынын негізге ала отырып, А.Ибатов бұл, ол сөздерінің баяндауыш боп қызмет атқармайтынын алға тартады [5: 42]. К.Оңалбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі есімді сөйлемдер» атты диссертациялық жұмысында есімдікті есімді сөйлемдердің қатарында сілтеу есімдіктері де сөз болады. Зат есім, сын есім, сан есімдерге қарағанда бастауыштың мәнін айқындауда есімдіктің ерекше екендігін айта келе, автор есімдікті есімді сөйлемдердің семантикалық жағынан бай екендігіне баса назар аударады [6: 145].

Сонымен есімдікті есімді сөйлемдердің ішінде сілтеу есімдіктерінің атқаратын рөлі қаншалықты? Есімді сөйлем жасауда олардың қандай семантикалық және құрылымдық ерекшеліктері бар? Міне, осы сұрақтарға жауап іздеу біздің осы мақаламыздың негізгі мақсаты болмақ.

Сілтеу есімдіктерінің есімді сөйлем жасау қабілеті, ең алдымен, олардың негізгі лексикалық мағынасымен тікелей байланысты. Аралық қатынастарды көрсететін сілтеу есімдіктері сөйлемде баяндауыш бола тұрып та, осы қасиетінен ауытқымайды. Заттар мен құбылыстардың әр түрлі алыс не жақындық сияқты аралық қатынастарын білдіре отырып, сілтеу есімдіктері сөйлемдегі ойды тиянақтайды. Аралық қатынастарды білдіру жағынан да олардың іштей мағыналық жіктерге бөлінетіні белгілі. Мәселен, осы, сол, мынау, мына, міне есімдіктері шартты түрде синонимдік қатар құрып, жақын аралықтағы заттар мен құбылыстарды нұсқаса,

анау, ана, сонау, әне, әнеки есімдіктерінің қашығырақ жерді меңзейтіні анық. Олай болса, предикат қызметіндегі сілтеу есімдіктері есімді сөйлемнің семантикалық мәнін айқындауда маңызды рөл атқарады. Жалпы есімді сөйлем жасауда сілтеу есімдіктері – белсенді қатысатын сөздердің бірі. Осы, сол, анау, мынау есімдіктері предикат қызметінде молынан кездеседі де, керісінше, «ол, бұл, әне, міне» сөздері сөйлемде баяндауыш болып қызмет атқара алмайды. Сілтеу есімдіктері сөйлемдегі ойды тиянақтай отырып та, өзі нұсқайтын затты немесе құбылысты даралап, соған тыңдаушының назарын аударады. Сөйтіп олар есімді сөйлемдерде предикат қызметінде ерекше дауыс екпінімен айтылады. Енді осы аталған сілтеу есімдіктерінің есімді сөйлем жасаудағы қызметіне жеке-жеке тоқталып, тілдік ерекшеліктерін қарастырып көрелік.

Ең алдымен, есімді сөйлемдерде баяндауыш қызметінде жиі ұшырайтын сөз – «осы» есімдігі. Сілтеу есімдіктері белгілі бір затқа нұсқау қалпының әр түрлі көріністерінде айтылады да, соның ішінде «осы» есімдігі де тікелей нұсқау қалпында қолданылады. Яғни, «осы» сөзі арқылы сөйлеуші өзі нұсқап отырған затты көзбен көре алатынын байқатады. Бұл мағыналық ерекшелік «осы» есімдікті есімді сөйлемдерге де тән. Мысалы: Қолда бары – осы. *(М.Мағауин)*. Қол – осылардікі. *(Ғ.Мүсірепов)*. Адамның басы – осы ма? (Ғ.Мүсірепов) деген сөйлемдердегі осы есімдігі сөйлеуші тікелей нұсқап көрсете алатын деректі зат есім сөздердің орынына қолданылып, ойды тиянақтап тұр. Контекске қарай «осы» есімдігінің өзге де мағыналық ерекшеліктері байқалады. Мәселен, мына сөйлемдерге көңіл аударып көрелік: Өлген жерің – осы, көкжалдарым! (Ш.Айтматов). Міне, сенің бір тарихың осы. (Ш.Айтматов). «Доңыз» аталынуының себебі де – осы. *(С.Шаймерденов)*.

- Шының «осы» ма?

- Шыным – осы. (С.Шаймерденов).

дегенде, сөйлеуші өзі көзбен көрген затқа емес, көңілмен сезінген нәрсеге нұсқап тұр. Яғни, мұнда сілтеу есімдігі дерексіз зат есім орынына қолданылып, предикат қызметін атқарып

тұр. Бұл ерекшелік, ең алдымен, «осы» сілтеу есімдігінің субъектімен байланысынан туындап отыр. Алғашқы жағдайда сілтеу есімдікті предикаттың субъектісі, негізінен, деректі зат есімнен жасалған болса, екінші жағдайда сілтеу есімдігі дерексіз құбылысқа нұсқап, субъектімен қатынасқа түсіп отыр.

Құрылымдық ерекшеліктеріне келер болсақ, осы есімдігінің нөлдік тұлғада да, көптік жалғауы мен –дікі жұрнағы арқылы да түрленетінін байқаймыз. Сондай-ақ сұраулық шылаумен тіркесу арқылы сұраулы сөйлемді де тиянақтай алатынын көруге болады.

Есімді сөйлемдер жасайтын тағы бір белсенді есімдіктің бірі – «сол» есімдігі. «Осы» есімдігімен шартты түрде мағыналас болғанымен, бұл есімдіктің есімді сөйлем жасауда өзіндік мағыналық және тұлғалық ерекшеліктері бар. Алыс-жақындық аралық қатынастар тұрғысынан алғанда, «сол» сөзі «осы» сөзімен салыстырғанда «алысырақ, қашығырақ» деген ұғымды меңзейді. Предикат қызметіндегі «сол» есімдігі дәл сол мезетте көзбен көру арқылы емес, сөйлеу кезеңіне дейін болған субстанция мен құбылысқа оймен, көңілмен нұсқау арқылы көрінеді. Мұндай нұсқау, көбінесе, дерексіз ойға байланысты жүзеге асады. Сол сілтеу есімдігі, негізінен, дерексіз зат есім орынына жұмсалып, нөлдік тұлғада есім сөздерден жасалған субъектімен қатынасқа түседі: Әне, қасқыр баласының жұлдызы жанған шағы – «сол». *(Ш.Айтматов)***.** Бары – «сол». *(С.Шаймерденов)*. Сағынатын жөні – «сол». (С.Шаймерденов).

«Сол» есімдікті предикат өз субъектісімен үнемі қатар тұрып қолданылады. Сөйтіп, осындай есімді сөйлемдердегі субъектілік-предикаттық қатынас көтеріңкі ой екпінімен айтылады. Сондықтан да мұндай сөйлемдерді А.Ибатов «эмоциялы мазмұнды сөйлемдер» деп атайды [5: 37]. Біздіңше, мұндай эмоциялылық бірыңғай бастауыштардың көмегімен арта түседі. Мысалы: Көкбөрі тіршілігінің мәні де, сәні де – «сол». (Ш.Айтматов). Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, харекеті де – «сол» *(Абай)* деген сөйлемдердегі мәні, сәні, ақылы да, тілеуі де, харекеті де бірыңғай бастауыштары сілтеу есімдігімен тең

дәрежеде байланысқа түсіп, есімді сөйлемдердің эмоциялық мазмұнын байыта түскенін аңғаруға болады.

«Сол» сілтеу есімдігі баяндауыш болып келгенде оның бастауышы тек есім сөздерден ғана емес, есімшелерден де жасалады.

Подрядчикке жұмыс әперетін де, жұмыскерлерді саралайтын да – сол (Ғ.Мүсірепов) деген сөйлемнен бірыңғай есімшелі бастауыштарды байқаймыз. Жалпы, «сол» сілтеу есімдігінің бір емес, бірнеше субъектіге қатысты қолданылуға бейім екендігін атап өткен жөн.

«Сол» сілтеу есімдігі көптеліп те, септеліп те сөйлемдегі ойды тиянақтай алады. Әдетте, олар жатыс септігінің жалғауын қабылдау арқылы баяндауыш қызметін атқарады:

Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де – соларда. *(Абай)*. Ұят кімде болса, иман – сонда (Абай).

Баяндауыш қызметінде болып, «сол» сілтеу есімдігі сұраулық шылаумен тіркесу арқылы сұраулы сөйлем де жасайды. Мысалы: Іздеген еліміз сол ма*?(Абай)*.

«Сол» сөзіне сөз тудырушы жұрнақтар жалғану арқылы да есімді сөйлемдер жасалады. Мұндай сөйлемдерде әдетте «сондай», солай сөздері қолданылады. Мысалы, мына сөйлемдерге көңіл аударып көрелік:

Қара темекіні добалдай қылып собалақтап жатқан қолдары бейне қарғаның тұяғындай күс-күс, қожыр-қожыр, сөздері және сондай. *(Ғ.Мүсірепов)*. Бұл оқиғаның бәрі де тым қарапайым өте шықты, зауалдай қасарыса соққаны да содан шығар. *(Ш.Айтматов)*. Мен де солай. (С.Шаймерденов).

Мұндағы «сондай, содан шығар, солай» сөздерінің өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан, яғни, аралық қатынастарды көрсету мағынасынан ауытқығанын байқау қиын емес. Өйткені «сол» сілтеу есімдігі бұл сөйлемдерде басқа сөз таптарының орынына қолданылып , солардың нақтылы мағыналарына ие болып отыр. Сілтеу есімдігінің баяндауыштық қызметінің тағы бір ерекшелігі – оның есімді құрмалас сөйлем жасай алатындығында. Ондай кезде, әдетте, сілтеу есімдіктері екінші

жай сөйлемде предикат қызметін атқарады да, алғашқы жай сөйлемде берілген ойлардың, іс-әрекет, құбылыстардың орынына жұмсалып, соларға нұсқайды. Алғашқы екі сөйлем – осының нақты дәлелі. Бірінші салалас құрмаластағы сондай баяндауышы алғашқы жай сөйлемдегі күс-күс, қожыр-қожыр сын есімді баяндауыштарының орынына қолданылып, солардың беретін мағынасын иемденіп отыр. Ал екінші салалас құрмаластағы жағдай өзгеше. Мұндағы содан шығар құрама баяндауышы жеке сөз орынына емес, алғашқы жай сөйлем, нақтырақ айтсақ, ондағы айтылған ойға нұсқап отыр.

Есімді сөйлем жасайтын сілтеу есімдіктерінің қатарында анау, мынау сөздерін атауға да болады. Жоғарыда аталған сілтеу есімдіктеріне қарағанда бұлар баяндауыш қызметінде әлдеқайда сирек кездескенімен, сөйлемде өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Аралық қатынастарды білдіруі тұрғысынан оларды өзара қарама-қарсы мағыналы сөздерге жатқызуға болады. Мынау жақын аралықтағы затқа немесе құбылысқа нұсқаса, анау, керісінше, алыс жердегіні меңзейді. Мынау сілтеу есімдігі есімді сөйлем жасай отырып, сөйлеу кезеңінде сөйлеуші өз көзімен көріп, көңілімен сезініп тұрған нәрселерге нұсқайды. Нұсқайтын нәрсе деректі зат та, дерексіз ой да болуы мүмкін. Мысалы:

Сонда да қара өрттен де қара-құра аман қалады ғой, басымда емес, жүрегімде қалған аз ғана сөзі мынау еді *(Ғ.Мүсірепов)* деген сөйлемде сілтеу есімдігі еді көмекші етістігімен тіркесу арқылы құрама баяндауыш жасап, сөйлемдегі ойды тиянақтап тұр.

Ал енді «анау» есімдігіне келер болсақ, нөлдік тұлғада баяндауыш қызметін атқарады. Ол есімді сөйлемде есім сөздермен де, есімшемен де байланысқа түсіп, ойды тиянақтайды. «Мынау» есімдігімен салыстырғанда «анау» есімдігі нұсқайтын заттар мен құбылыстарды сөйлеуші сөйлеу кезеңінде көрмеуі де мүмкін. Есімді сөйлемдерде бұл есімдік, көбінесе, сезім, көңіл арқылы нұсқау қалпында кездеседі. Оған мына сөйлемдер дәлел:

Әне, тұла бойы тұңғыштары: үрейден көзі шарасынан шыға жан ұшырған Дәубас, қатарында Желаяқ; оларға әрең ілесіп, сілесі қатқан Аяулы анау. (Ш.Айтматов). Ұялған десек, хадис «анау», жақсылардан қалған сөз «анау». (Абай). Темір жолдан шығарып жібергені анау. (Ғ.Мүсірепов).

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, «анау, мынау» есімдіктері де салалас құрмалас сөйлемде қолданылуға өте бейім.

Сонымен, сілтеу есімдіктерін есімді сөйлем жасайтын өнімді есімдіктердің бірі деуге болады. Олардың бәрі бірдей мұндай қызметті атқармағанымен, сол,осы, анау, мынау есімдіктерінің ойды тиянақтау қабілетінің зор екендігіне барынша көз жеткізуге болады. Сілтеу есімдікті есімді сөйлемдердің семантикалық мағынасы өте бай. Бұл заңдылық есімдік сөз табының мағыналық ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Басқа сөз таптарымен салыстырғанда есімдіктер, әсіресе, сілтеу есімдіктері өзінің негізгі лексикалық мағынасымен қатар, орынбасар сөздер ретінде басқа сөз таптарының орынына жұмсала отырып, солардың беретін мағынасына ие болады. Сөйтіп сөйлемде әр алуан мағыналық ерекшеліктерімен көзге түседі. Сондай-ақ сілтеу есімдіктері әр түрлі тұлғада: көптеліп, септеліп, сөз тудырушы жұрнақтар арқылы, көмекші сөздермен тіркесу арқылы дара және құрама баяндауыш қызметін атқарады. Сілтеу есімдіктерінің предикаттық қызметінің тағы бір ерекшелігі – олардың есімді құрмалас сөйлемде қолданылуы. Салалас құрмаластың бір немесе екі жай сөйлеміндегі ойды тиянақтай отырып, сілтеу есімдіктері әр алуан мағыналық қатынастарда жұмсалады.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. С.Аманжолов. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А., 1994; 2. Р.Әмір, Ж.Әмірова. Жай сөйлем синтаксисі. А., 1998; 3. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., 1992; 4. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Астана, 2007; 5. А.Ибатов. Қазақ тіліндегі есімдіктер. А., 1961; 6. К.Оңалбаева. Есімдер синтаксисінің кейбір мәселелері. А., 2005.

Шаттыгүл ЛЕСБЕККЫЗЫ,
педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті.
Алматы.

МЕКТЕПТЕ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ

Қазіргі таңда мектеп бағдарламасында өзінше жүйеленген нұсқа – құрмалас сөйлем бойынша 19 сағатты құрайды. С.Аманжолов, А.Аманжолов, Г.Қосымовалар түзген жаңа буын оқулығында 8-сынып оқушыларының деңгейінде лайықтала беріліп жүр. Ал, осыдан 10-15 жыл бұрынғы оқулықтар мен бағдарламаларды салыстыра қарайтын болсақ, құрмалас сөйлемді оқытуға 25 сағатқа дейін бөлінгені анықталды. Бұл өте шұбалаңқы әрі баланы да жалықтыратындай нұсқа болғанымен, құрмалас сөйлемнің курсын біршама меңгертуге мүмкіндік берер еді. Қазіргі оқытудағы құрмалас сөйлемдер теориясы М.Балақаевтың жасаған анықтамаларына, классификацияларына сүйенеді. С.Қазыбаевтың 1993 жылы ұсынған «Құрмалас сөйлемдер кестесімен» сәйкес келеді.

«Білімге деген ынталанушылық,- деп жазды Ж.Аймауытов, - адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай көздерді көбірек ашу, бөгетсіз саулатып ағызу, өркендету өнері мұғалімнің бойына біткен қасиет болуы керек» [1, 270-б.]. Сондықтан әрбір мұғалім сабақ беру үрдісінде қызықты мағлұматтармен балаларды шабыттандырып, олардың ынта-ықыласына, зейін-зердесін білімді меңгеруге бағыттау үшін төмендегідей шарттарды орындауы тиіс. Олар: жаңа берілетін білімді баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру; жаңа білімді таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына оқушының ынта-ықыласын аудару; оқушыларға жаңа білімді меңгеруге бағыттайтын сұрақтар қою арқылы олардың ынта-ықыласын ой еңбегіне аудару (бұл жерде проблемалық сұрақтар қойып

оқыту әдісіне сай келеді); қажетсіз мағлұматтарды айтудан сақтанып, баланың ынта-ықыласын, зейінін туғызатын қызықты нәрселерді ғана сөз ету; баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтарды айтудан сақтану, салыстыру, теңеу, ұқсату сияқты тәсілдерді жандандыра, алмастыра отырып, орынды қолдану; көрнекілікке көңіл бөлу, оған сай құралдарды алдын ала сайлап алу; өзгелерді ынталандыру үшін оқытушының үйрететін нәрсеге, берілмек білімге деген өзінің де ынта-ықыласының күшті болуы (себебі оқытушы мейірлене сүйген нәрсені оқушылар да еліктеп сүйетін болады) [1, 270-б.]. Қазақ тілі синтаксисі бағдарламасын жасауда ғалымдарымыз С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, Т.Қордабаев, К.Аханов, А.Әбілқаев, Ш.Сарыбаев, С.Қазыбаев, Х.Арғынов, Қ.Есенов, Б.Сағындықұлы, Б.Шалабаев, т.б. ерекше еңбек сіңірді.

Құрмалас сөйлем секілді күрделі де қиын категорияны оқушыларға оқытуда әдістемені заманауи талап деңгейінде дамытып, жетілдіріп отыруды тілейді. Б.Құлмағанбетова, Х.Арғынов, С.Қазыбаев, А.Әбілқаев секілді әдіскер ғалымдарымыз осы күрделі үрдістің жолдарын іздестіріп, зерттеп, әдістемесін ұсынды.

Х.Арғынов «Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері» деген еңбегінде грамматикалық күрделі де қиын әрі жауапты сала – синтаксисті оқушыларға оқытуда негізінен мынадай мақсаттардың көзделетіндігін айқындайды: 1. Оқушылардың ойлау қабілеті мен тілін, дүниетанымын дамыту; 2. Қазақ тілі ғылымы табысының негізінде оқушыларға синтаксистен тиянақты да терең, саналы тәрбие беру; 3. Қазақ тілі нормасына сай ойын, өз түсінігін дұрыс жеткізе білуге және жаза алатындай оқушыларға дағды беру; 4. Оқушыларға ана тілін сүюге, оның қорын пайдалана білуге және оны құрметтеуге тәрбиелеу; 5. Дене еңбегін де, ақыл-ой еңбегін де атқаруға, ғылым мен мәдениет саласында белсенді қызмет етуге қабілетті, Отанын сүйетін сана-сезімді, білімді ұрпақ тәрбиелеп, даярлап шығаруға үлес қосу [2, 71-б.].

А.Әбілқаевтың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» деген еңбегінде синтаксисті оқытудың мынандай міндеттерін белгілейді: тілдің синтаксистік нормаларына сәйкестік тұрғыда оқушылардың тілін, сөйлеуін дамыту; оқушы тілінің синтаксистік құрылысын мақсатты түрде байыту; пунктуациялық ережелерін оқушылардың ойдағыдай қабылдауына негіз қалау; оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, ана тіліне деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын тәрбиелеу, тілдік тәсілдер арқылы оқушыларға тәрбие беру» [3, 82-б.].

Ғалымдардың ой-пікірлерін саралай келе, құрмалас сөйлемді оқыту мынандай мақсаттарды көздейтіні анықталды: 1. Оқушылардың теориялық ойлау қабілеті мен көркем тілін, шығармашылық дүниетанымын кеңейту; 2. Қазақ тіл ғылымы табысының негізінде оқушыларға құрмалас сөйлем синтаксисінен тиянақты да терең, саналы білім беру; 3. Оқушыларға күрделі ойын, өз сезімі мен қабылдауын, түйінді шешімін қазақ тілінің грамматикалық нормасына сай дұрыс айта және жаза алатындай дағды беру; 4. Оқушыларды ана тілін сүюге, оның алтын қорын пайдалана білуге және оны құрметтеуге тәрбиелеу; 5. Өзіндік ой, тұжырым жасауға, өз бетінше шешім шығаруға және оны өмірдің кез келген саласында орынды пайдалана білуге үйрету.

Синтаксисті оқытудың қазіргі теориясы мен практикасы мына ұстанымдарды жүзеге асырады: синтаксистің мектеп курсындағы ғылыми проблемасы, оқытудың ғылыми ұстанымы – дидактикалық дәлелдеуді ғылыми дәрежеге көтеру мәселесі. Яғни, теориялық және практикалық материалдарды сұрыптағанда барынша тілдік шындықты қамтитын түсінік, талдау, ой қорыту болу керек. Бұл мәселені шешу үшін синтаксистің мектеп курсын қазіргі ғылыми тұрғыдан жаңа мағлұматтармен толықтыру немесе жаңаша түсіндіру керек. Әсіресе, жаңа бағдарлама бойынша 8-сыныпта оқылатын құрмалас сөйлемдерді оқыту барысында шығармашылықпен жұмыс істеу – күрделі үрдіс. Оны сабақтың әр кезеңінде де жүзеге асыруға болады. Сондай-ақ, бағдарламада бөлінген арнайы

сағаттарды пайдаланудың маңызы зор. Жаңа сабақты бекіту, қорытындылау кезеңінде және жаттығу, жазба жұмыстарына берілген сағаттарды да тиімді пайдалануға болады.

Мектепте оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі және басты формасы осы күнге дейін сабақ екендігі айтылады. Тек дидактикалық талаптарға сай ұйымдастырылған оқыту түрі ғана оқушының оқуға деген қызығушылығын арттырып, білім игеруде ерекше ықылас тудырып, ұстазға да, шәкіртке де шексіз шығармашылық мүмкіндік береді. Оқушының таным белсенділігінің, қызығушылығының, тіпті, оқуға деген құлық-ынтасының төмендеу проблемасы туындаса, ол мұғалімнің өткізген сабақтарының бірсарындылығынан деуге болады. Ұстаз еңбегінде күнделікті ізденістің болмауынан оқытудағы біріздiлік пайда болып, ол бірте-бірте оқушының сабаққа деген қызығушылық қарқынын жоюға әкеліп соғады. Ендеше, қазіргі сабақ қандай болу керек десек, ол тек шығармашыл болуы керек.

Оқытуды технологияландыру шығармашылыққа ерекше көңіл бөліп отыр. Мысалы, орта білімді дамыту тұжырымдамасының жобасында: «Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі, өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек» деген түсініктеме береді.

Мұғалім шығармашылық жұмыстардың қай түрінде болмасын, өз тарапынан көмек, нұсқаулар беріп, мақсатқа жету үшін балаларды жетелеп отырады. Бұл – ең алдымен, оқушының жеке еңбегін, ізденісін талап ететін жұмыс. Сол себептен олардың мүмкіндігімен, өз қалауымен санасып отыру өте қажет. Оқушы қандай дарынды, терең білімді болса да, мұғалім тарапынан берілетін бағыт-бағдарға зәру. Оқытудағы классикалық әдістеме ғылым мен техниканың дамуы деңгейіндегі «жеңіл», «қиын» деген ұғымдарды меңгеруге ғана жарап келді. Ал осы кезде балалар алатын ақпарат жан-жақты әрі мол «теледидар, интернет, т.б. Сондықтан олар

көп мөлшерде қажетті деректерді алуға қабілетті. Ендеше, ол сол өзін қызықтыратын мәселе жөнінде ақпарат ізденуден өте жоғарғы көрсеткішке жете алады. Ұстаз осындай жағдайда оқушымен шығармашылық өнерімен байланыста болуы керек. Ұстаздық мәдениет театрлық мәдениетпен айырылмастай байланыста. Баланы шығармашыл жағдайға мұғалім өктемдігі мен үстемдігімен емес, оқушы тұлғасын сыйлап, онымен санасу жағдайында жеткізуге болады. Осы орайда, соңғы уақытта құрмалас сөйлемді компьютерлік технология арқылы оқытуды зерттеп жүрген А.Ибрашованың еңбектерін атауға болады. Ол құрмалас сөйлемдерді компьютермен оқыту әдістері тілді оқыту қағидаларының нақты іске асуына жол ашатынын көрсетеді. Қазақ тілі курсының түрлі білімдерінің байланысы, қағидасы қатысымдық, тактикалық, стратегиялық қағидаларын анықтап, олардың мәні мен мақсатын айқындайды.

Жалпы, ғалым құрмалас сөйлемдерді компьютермен оқытудың маңыздылығын, оқушылардың сөйлеу қызметі дағдыларының қалыптасуымен түсіндіреді. Себебі мәтінді тыңдау және дыбыстау, сөйлемдерді компьютерге өз дағдысымен микрофон арқылы жазып, өзін өзі тыңдай алу мүмкіншілігі тілдік бірліктерді сөйлеу қызметінде қолдануға тез дағдыландырады деген тұжырым жасайды.

А.Ибрашова көтерген бұл мәселе – қазіргі таңдағы оқыту жүйесіндегі ең қажетті оқыту түрі. Жаңа инновациялық технология негізінде білім беру, соның ішінде компьютерлік жүйемен оқыту оқушының көрген нәрселерін есте ұстауына, білімге қызығушылын арттыруда, сұранысын қанағаттандыратын мәселелер төңірегіндегі сұрақтарға жауап алуға даяр болуымен айрықшаланады. Компьютер арқылы оқытудың екінші бір ерекшелігі – көрнекілік қызметін атқаруында.

Бүгінгі күні оқу ағарту ісінде вариативтік ұстаным жарияланған, соның нәтижесінде білім беру ұжымдары мен мұғалімдерге оқыту үрдісінде кез келген модельдерді, соның ішінде авторлық модельдерді таңдап алуларына мүмкіндік

туды. Осы бағытта білім берудегі прогресс мынада: білім беру құрылымының пәрменділігін арттыруда қазір дидактика мүмкіндіктерін пайдалану, оның әр түрлі жолдарын жасау, оқытудың жаңа технологиялары мен ой-пікірлерді ғылыми және тәрбиелік тұрғыдан негіздеу.

Білім мен тәрбие ісі – қай қоғамның болмасын ең маңызды мәселесі. Еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізіп, тілінің Мемлекеттік статус алуы, түбірлі өзгерістер білім мен тәрбие ісіне де реформалар жасау керектігін күн тәртібіне енгізді. Сондай-ақ осы игі істермен бірге жаһандану проблемасы келді. Жаһанданудың тиімді жақтарымен бірге, әсіресе, тіл мәселесі айналасындағы қаупі де жоқ емес. Қазақ тілін, оның ішінде грамматикалық салаларын жан-жақты жетілген әдіс-тәсілдер арқылы оқыту, берілетін білімнің сапасын арттыру, тілімізді жаһандану алапатынан сақтаудың бірден-бір жолы деуге болады. Сондықтан, 8-сынып көлемінде құрмалас сөйлемдерді оқытуда шығармашылықпен жұмыс істеу әдістемесін жасауды және жан-жақты зерттеуді қолға алып отырмыз. Оны тиімді, нәтижелі түрде тәжірибеде жүзеге асыру мұғалім іскерлігін талап етеді және оқытуда мынандай мақсаттар көзделеді: құрмалас сөйлемдерді оқыту барысында шығармашылық жұмыстар жүйесін жасау, әдістемесін ұсыну; шығармашылық жұмыс түрлерін қамтитын технология түрлерін анықтау; құрмалас сөйлемдерді оқыту барысында шығармашылықпен жұмыс істеу әдістемесінің философиялық, педагогикалық, психологиялық ерекшелігін айқындау; шығармашылық жұмыстарды жүзеге асырудың инновациялық әдіс-тәсілдерін айқындау; шығармашылық жұмыстарын жеке тұлғаға бағыттай жүргізудің тиімді жолдарын көрсету және әдістемесінің тиімділігін тәжірибе арқылы дәлелдеу.

Құрмалас сөйлемдерді оқытуда шығармашылық жұмыстар жүргізу әдістемесі – шығармашылықты, өнерпаздықты талап ететін үрдіс. Оқушы біліктілігін дамытудың тың технологиясынан іздену, сол арқылы өнімді нәтижеге қол жеткізу, құрмалас сөйлемдерді шығармашылық жұмыстар

арқылы оқыту – бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі.

Бұдан шығатын қорытынды, құрмалас сөйлемдерді оқыту барысында теориялық білімді меңгертумен қатар, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін де арттыратындай әдіс-тәсілдерді көбірек қолдану талап етіледі. Құрмалас сөйлемнің оқылатын әрбір тақырыбының лингвистикалық негізін тереңдете ашу, шығармашылықпен жұмыс жүргізе оқытумен байланысты оқушының ойын, дарынын, сезімін, қабілеттілігін дамытатын материалының нақты, анық болуы басты қағида болып саналады.

8-сынып бойынша құрмалас сөйлемнен берілетін білім көлемінің мазмұны бүгінгі күні лингвистикалық жағынан анықталып, біршама жүйеге түскен. Жалпы қазақ тілі пәнінің мақсаты мен міндетін, мазмұны мен құрылысын айқындайтын қазақ тілі бағдарламасы мен оқулығы екендігі белгілі.

Қазақ тілі бағдарламасы мыналарды нақтылайды: қазақ тілі пәнінің мазмұнын, оқытылу міндетін, қазақ тілінен берілген теориялық білім мен практикалық дағдының көлемін; тілдік материалдың орналасу тәртібі мен әр бөлімнің бір-бірімен байланысын; әрбір сыныпта өтілетін оқу материалының жылдық көлемін белгілейді, апталық сағаттарын нақтылайды [5,11-16 бб.].

Мұның бәрі, мемлекеттік Білім стандартында көрсетілгендей, баланың ой-өрісін өсіріп, оған тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екендігін сезіндіретіндей оқу материалдары жалпы білім мазмұнының ішкі байланыстарынан туындап, оқушының шығармашылық бағыттағы жұмыстарымен ұштасқанда ғана іске асады. Ал бұл жағдай пәннің құрмалас сөйлем саласын жан-жақты дамыта, ғылыми-теориялық тұрғыдан тереңдете оқыту мәселесіне әкеледі. Осыған орай, енді оқушыны бағдарлама мен оқулықта белгіленген көлемде жүйеленген білім мен біліктілік дағдыларымен ғана оқыту жеткіліксіз екендігі өзінен-өзі туындап отыр. Сондықтан құрмалас сөйлемдерді оқытуда шығармашылықпен жұмыс істеудегі әдіс-тәсілдер жүйеленіп, шығармашылықты

дамытатын әдістемелер көптеп ұсынылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Ж.Аймауытов. Тәрбиеге жетекші. Орынбор: ҚазМембас, 1924. 25-б.; 2. Х.Арғынов. Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері. А., «Мектеп», 1969. 296-б.; 3. А.Әбілқаев. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., «Санат», 1995. 120-б.; 4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарты. Астана, 2006.

Бижомарт ҚАПАЛБЕК,
Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты.

КОНТРАСТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ БАСТАУ КӨЗДЕРІ

(шолу)

Еуропадағы XVI-XVIII ғасырлардағы жаңа бағыт – салғастырмалы және салыстырмалы зерттеулер, яғни, ғалымдар өз тілдеріндегі көне дәуір ескерткіштеріне және туыстас тілдердің жәдігерлеріне көңіл аудара бастады. Грек, латын, көне еврей, арамей, араб, эфин тілдерінің жазба ескерткіштері зерттеліп, оған мына ғалымдар атсалысты: Юлий Цезарь / Жюль Сезар Скалигер (1484-1558), оның ұлы Иосиф Юстус / Жозеф Жюст Скалигер (1540-1609), Роберт Стефанус / Р.Этьен (1503-1559), оның ұлы Генрих Стефанус / А.Этьен (1528-1598), Иоганн Рейхлин (1455-1522), Ф.Меланхтон, П.де Алкала, үлкен Иоганнес Буксторф (1564-1629), кіші Иоганнес Буксторф, Томас Эрпениус (1584-1624), Иов Лудовльф (1624-1704).

Аталған және т.б. зерттеулердің нәтижесінде лингвистиканың кейінгі дамуына өзек болатын мынадай идеялар айтылып, тұжырымдар жасалды:

Тілдегі сөздердің ұқсастығы олардың туыстығына дәлел бола алмайды. Туыс тілдердің грамматикалық құрылымы да ұқсас болуы шарт;

Екі тілдік емес, көптілділік сөздіктердің қатары көбейіп, бірнеше тілдің (лексикалық және грамматикалық) фактілерін салыстыруға мүмкіндіктер жасалды. Иоганн Кристоф Аделунг (1732-1806) пен Иоганн Северин Фатер (1771-1826) «Митридат немесе Жалпы тіл білімі» деген еңбегі жарық көреді. Оған әлемдегі 500 тілдің материалдары енгізілген.

Осыған дейінгі қалыптасқан барлық тілдің атасы көне еврей тілі деген қисық қағидаға қарсы ғылыми дәлелденген, фактологияға сүйенілген тұжырымдар айтыла бастады.

Қазіргі ұлт тілдерінің құрылымын толық зерттеп алмай, олардың генеологиялық жақындықтарын анықтау мүмкін емес екендігі, яғни, синхронды зерттеулерге баса назар аудару керектігі басты назарда ұсталынды.

Тілдердің бір ата тілден таралуы жөнінде, ұлт тілдерінің қалыптасып дамуы жөнінде бірнеше қайшы көзқарастар қалыптасты. Туыстас тілдер ата тілдің жойылуынан емес, тарамданып бөлінуінен пайда болды деген тұжырым орнығa бастады.

Тілдердің типологиялық ұқсастықтары жөнінде де озық ой-пікірлер айтыла бастады.

Негізінде салыстырмалы-тарихи тіл білімі XIX ғасырда жақсы қарқынмен дамыған болатын. Неміс ғалымы Франц Бопп санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, парсы, герман тілдеріндегі етістіктердің жіктелу жүйесімен салыстыра зерттейді. Ол бұл тілдерден жиналған материалдарын иран, славян, балтық бойы халықтары, армян тілдері фактілерімен толықтыра келіп, 1833-1849 жылдар арасында «Үнді-еуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасын» жазды.

Салыстырмалы тіл білімінің биік шыңға шығуына елеулі үлес қосқан бұл ғалым үнді-еуропа отбасына жататын

тілдерден жиналған орасан мол фактілерді бір-біріне салыстыра зерттеу арқылы олардың туыстығын, бастапқы күйін, шыққан төркінін ашпақ болған. Сонымен қатар еуропа тілдері грамматикасына тән флективті құбылыстың тарихи сырын жан-жақты айқындауға тырысты.

Осындай ғалымдар қатарына дания ғалымы Расмус Раск жатады. Ол өзінің 1818 жылы басылып шыққан «Исланд тілінің шығу тарихы жайлы» еңбегінде тілдер туыстығын білдіретін негізгі белгілер екендігін жан-жақты көрсетеді. Оның айтқан тұжырымдары орнықты. Мысалы, тілдердің сөздік жағынан бір-біріне ұқсастығы тіл туыстығының кепілі бола алмайды, бір тілден екінші тілге сөз ауыса береді, тіл туыстығының белгісі — олардың грамматикалық жағынан ұқсас болуы, грамматикалық формалар бір тілден екінші тілге ауыспайтынын айтады.

Неміс ғалымдары ішінен Якоб Гримм «Неміс грамматикасы» деген еңбегінде неміс тілінің қалыптасу, даму жолдарын, оның құрамындағы әр түрлі диалектілерді бір-біріне салыстыру, неміс тілін герман тіліне жататын басқа тілдермен қатар қою арқылы зерттеген.

Бұдан да басқа А.Х. Востоковтың 1820 жылы «Славян тілдері жөніндегі пікірлер», 1831 жылы «Орыс тілі грамматикасы», Ф.Дицтың «Роман тілдері грамматикасы», Ф.Миклошичаның 1852 жылы «Славян тілдерінің салыстырма грамматикасы», Ц.Цейстің 1853 жылы «Кельт грамматикасы» атты еңбектер салыстырмалы-тарихи тіл білімінің өрісін кеңейте түсті [1. 37].

XIX ғасырдың алғашқы жартысында салыстырмалы-тарихи тіл білімінің өз алдына дербес ғылым болып қалыптасқан кезі еді. Сонымен қатар оның зерттеу әдісін жетілдірген, объектісін айқындай түскен кезең болды. Бұл кезеңде лингвистиканың жалпы тілдік мәселесі ретінде тіл философиясы, жеке тілдер жөніндегі тарауы, салыстырмалы грамматика салалары қалыптасып дами түсті.

Салыстырмалы-тарихи зерттеу өзара туыстас, төркіндес тілдерді зерттесе, дүниежүзі тілдердің жалпы адамдық сипаттарын, типтік белгілерін ашып, тіл атаулының барлығын типологиялық зерттеу қарастырады. Екеуінде де тіл фактілерін салыстыру болғанмен, екеуінің айырмашылығы бар. Типологиялық зерттеуде туыстас тілдер ғана емес, бір-бірімен ешқандай туыстық жақындығы жоқ тілдер фактілері де салыстырылады. Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдістегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, жүйе құрылымы салыстырылады. Үшіншіден, мұнда тілдік тұлғалардың материалдық туыстастығын ашу көзделмейді, салыстырылып отырған тілдердің ортақ белгілерін, типтік сипаттарын айқындау, сөйтіп тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу көзделеді. Тілдік зерттеудің алға қоятын мақсаты – барлық тілдерге немесе тілдердің көпшілігіне ортақ әмбебап, типтік белгілерді ашу болып табылады.

Бұл бағыттағы ғалымдар тұжырымдарына логикалық теорияларды негіз етіп алды. Мұнда, дәстүрлі грамматикалық зерттеулерге қарағанда, тіл құралдарын әрекет үстінде, коммуникация аспектісінде қарағанымен, жалпы логикалық тұжырымдар басшылыққа алынғандықтан, жеке-жеке тілдерге тән құрылымдық ерекшеліктер ескерілмейді. Зерттеушілер тілдердің жалпы логикалық ұқсастықтарын табуға ұмтылды. Логиканың сөйлемге ұқсас келетін категориясы – ойлау. Логикада сөйлемді ойлаудың нақты дыбыстармен белгіленген материалдық түрі деп таниды [2. 275]. Шындығына келгенде, әр түрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттегенде, тіл деңгейлерінің ішінде басқа салаларға қарағанда (фонетика, морфология) синтаксисте ерекшеліктер аздау екендігі байқалады. Оның себебін жалпы адам баласының ойлау заңдылықтарының бірдей болып келетіндігімен түсіндіруге болады [3. 174].

Неміс ғалымы Фридрих Шлегель дүниежүзінде тілдердің типологиялық белгілерін айқындап, тілдерді сол белгілеріне

қарай жіктеуді ұсынады. Оның «Тіл және үнділердің даналығы» атты еңбегінде сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшалардың бар-жоқтығына, сөздердің тұлғалық құбылысқа түсудегі сипатына қарай тілдерді флективті, агглютинативті деп екіге бөледі. Бірақ мұнда көрсетілген типологиялық шағын белгілер дүниежүзіндегі тілдерді қамти алмайтынын Август Шлегель байқайды. Ол 1818 жылы шыққан «Әдебиеттегі провансаль тілі туралы мақала» атты зерттеуінде алдыңғы екеуіне аморфты тіл дегенді қосады. Ол формасыз деген мағынаны білдіреді. Төлеубек Қордабаевтың айтуынша, формасыз тіл болмайды, тек оның көріну жолдары әр тілде әр басқа болатындықтан, бұл жіктеу толық емес көрінеді [1. 46].

Қысқасы, тілдердің туыстығы жөніндегі сол кездің еңбектеріндегі идея XIX ғасырдың басында салыстырмалы-тарихи грамматиканың (тіл білімінің) қалыптасуына негіз болды. Ал ағайынды Шлегельдердің типологиялық классификациясы XIX ғасырдағы В.Гумбольдтың, А.Шлейхердің, Х.Штайнтильдің, М.Мюллердің, Ф.Мистеллидің, Ф.Н.Финктің еңбектеріне негіз болды.

Ағайынды Шлегельдердің біраз кемшіліктерін В.Гумбольд көрсетіп береді. Ол дүниежүзі тілдерін төрт топқа бөледі. Жоғарыдағы аталған үш түрге инкорпорациялы тіл дегенді қосып, оған Америка индеецтері мен палеоазиат тілдерін жатқызады.

Қазір типологиялық белгілердің негізгісі ретінде сөз құрылымын – сөздердің тұлғалық түрленісін, сөз туғызатын, сөз түрлендіретін формаларды, синтаксистік қатынастарды алады. Морфология тілдік ұсақ жүйелер ішіндегі ең тұрақтысы болғандықтан, типологияда оған орын көп беріледі және оларды жүйелеу оңай, себебі морфологиялық тип тілде онша көп емес, оған тән тұлғалар айқын да тұрақты. Қазіргі заман тіл білімінде осы аталған белгілерге қарай тілдерді түбір тіл, агглютинативті, флективті, полисинтетикалық тілдер деп бөлу ұстанымы таралған [1. 46].

Бүгінде көп айтылып жүрген контрастивті лингвистика – жаңа жиынтық пән. Бұл пән салғастырмалы тіл білімі, аударма теориясы, әлеуметтік лингвистика, лингводидактика және т.б. ғылым салаларымен астасып жатады. Контрастивті тіл білімінің әдістемелік негізі әлі толық қалыптасып болған жоқ. Дегенмен, мұны тіл біліміндегі салғастырмалы-синхронды бағыт деп қарауға толық болады. Контрастивті сипаттама екі тілге, мысалы, орыс-қазақ немесе қазақ-ағылшын және т.б. тілдерге жасалады. Зерттеуге алынған тілдер жалпы типологиялық, әлеуметтік-жұмсалымдық, коммуникативтік, психолингвистикалық және т.б. өлшеулерге сүйеніліп қарастырылады. Контрастивті лингвистиканың басты мақсаты тіл үйренудің тиімділігін арттыру мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру болып табылады.

«Мәдениаралық қатынас» оқу пәні де осы типологиялық әдістердің ауқымынан шыққан және американдық саясаткерлер мен бизнесмендердің алдын ала келісімімен жасалған. Мәдениаралық қатынас академиялық пән ретінде 1954 жылы дүниеге келеді. Ол кезде Э.Холл мен Д.Трагердің «Culture as communication» (Культура как коммуникация) деген еңбегі жарық көреді. Авторлар бірінші рет «мәдениаралық қатынас» терминін ұсынады. Олар мәдениаралық қатынас адамзат арасындағы қарым-қатынастың ерекше аумағын қамтиды деген пікір ұстанады. Кейіннен мәдениаралық қатынас туралы негізгі ойлар Э.Холлдың атақты «The silent language» (Немой язык, 1959 жыл) атты еңбегінде әрі қарай дамытылады. Бұл кітабында автор мәдениет пен қарым-қатынас арасындағы тығыз байланысты атап көрсетеді. Э.Холл бірінші болып мәдениаралық қатынас мәселесін тек қана ғылыми зерттеудің пәні емес, сонымен қатар өзінше оқу пәніне айналдыруды ұсынған.

Мәдениаралық қатынас оқу пәні ретінде 1960 жылы қалыптасқан. Бұл пән ол кездері АҚШ-тың бірнеше университеттерінде оқытыла бастайды. 1970 жылдары курстың

практикалық түрі теориялық талдаулармен толықтырылып, университеттің классикалық формасына айналады. Бұл курс теориялық жағдайлармен қатар практикалық аспектілерді де қамтиды.

Еуропада мәдениаралық қатынас оқу пәні ретінде АҚШ-қа қарағанда кеш қалыптасты. АҚШ-ты мысалға ала отырып, өткен ғасырдың 70-80 жылдары батыс еуропа университеттерінде мәдениаралық қатынас бөлімдері ашылды (Мюнхен, Йен университеттері). 1989 жылы Мюнхен университетінде жаңа «Мәдениаралық қатынас» мамандығы ашылады. Мәдениаралық қатынас пәнін американдық тәжірибе негізінде оқыту арқылы фольклористикаға, этнология мен лингвистикаға негізделген оқу бағдарламалары жасалынды.

Ресей ғылымы мен білім жүйесінде мәдениаралық қатынасты оқытуды шет тілдер пәнінің мұғалімдері ұсынады. Олар бірінші болып басқа мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау үшін бір ғана шет тілін білу жеткіліксіз екенін түсінді.

Қазақстанда мәдениаралық қатынас мәселесі бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары мемлекетіміздің халықаралық аренаға шыққаннан бастап қарқынды жүргізіліп келеді. Қазір Қазақстан зерттеушілері қазақ, орыс және басқа да лингвомәдениет топтары арасында туатын коммуникативті әсерлерге байланысты көптеген фактілерге мән беріп жүр. Бұл мәселелер бұрын таза типологиялық зерттеулердің шеңберінде ғана қарастырылған болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Қордабаев. Жалпы тіл білімі. Алматы, «Мектеп», 1983.
2. В. А. Звегинцев. Очерки по общему языкознанию. М., МГУ, 1962.
3. В.Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. М., «Прогресс», 1984.

Роза САҒЫМБАЙҚЫЗЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
Шығыстану кафедрасының
магистранты.
Астана қаласы.

ПРЕЦЕДЕНТТІК АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ

(араб және қазақ антропонимдері негізінде)

Кілт сөздер мен фразалар: лингвомәдениеттану, лингвомәдени бірлік, прецеденттік антропонимдер, араб тілі, араб мәдениеті, тіл, мәдениет.

Қазіргі тіл білімінде тілді ұлттың рухани және мәдени қазынасы ретінде зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі, әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, салт-дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтайтын таңбалық жүйе. Әр халықтың тілі арқылы сол халықтың өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін білуге болады. Академик Ә.Қайдаровтың пікірі бойынша, «Әрбір халықтың тілі – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар рухани болмысы мен мәдени байлығының куәгері, барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын – асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қасиеті бар» [1, 34-б.].

Соңғы жылдары тіл мен мәдениетті сабақтастыра зерттейтін тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі ретінде – лингвомәдениеттану ғылымын айтуға болады.

XX ғасырдың аяғында лингвистика мен мәдениеттану ғылымдарының тоғысуынан лингвомәдениеттану (“лингвомәдениет” термині латын тілінен lingua-тіл, cultura-мәдениет, logos-ғылым, оқу) ғылымы пайда болды және лингвистер тарапынан зор қызығушылық туғызды.

Орыс ғалымы В.А. Маслова берген анықтама бойынша: “Лингвомәдениет – бұл лингвистика мен мәдениеттану тоғысында және халық мәдениетін зерттеуде пайда болған ғылым” [2,28-б.].

Бүгінгі таңда лингвомәдениеттану ұлттық тілді танудың негізі екені біраз зерттеулерде (Г.Смағұлова, С.Сәтенова, А.Алдашева, А.Сейсенова, Ф.Әшімханова, А.Сейілхан және т.б.) анықталып, лингвомәдениеттану ғылымы қазақ тіл білімінде де жеке пән ретінде қалыптасып келеді.

Лингвомәдениеттануда ерекше орын алатын лингвомәдени бірліктердің бірі – прецеденттік есімдер. Өйткені прецеденттік есімдер тіл мен мәдениеттің тікелей синтезін көрсетеді және олар мәдени ақпарат пен ұлттық ерекшеліктер туралы мағлұматтарға толы лингвомәдени бірліктер болып табылады.

Бұл мақалада араб және қазақ тілдеріндегі прецеденттік антропонимдер лингвомәдени бірлік ретінде қарастырылып, екі халықтың мәдениетінен ақпарат беретін жалқы есімдер салғастырылады, ұқсастықтары мен ерекшеліктері айқындалады.

Жалпы лингвистика ғылымында «Прецеденттік» терминінің бастапқыда қолданылуына Ю.Н.Карауловтың ***прецеденттік мәтін*** түсінігі негізгі импульс болды. Ғалым прецеденттік мәтін «1) қандайда бір тұлғаның танымдық және эмоционалдық қатынастары үшін маңызды; 2) жеке тұлғалық мінезі бар, яғни, айналасындағы адамдарға, замандастарына өте танымал тұлға; 3) дискурстағы белгілі бір тілдік тұлғада бірнеше рет назар аудартатын» деп бөлді [3, 216-б.]. Сөйтіп, «Прецеденттік» термині алғаш ғылыми практикаға орыс ғалымы Ю.Н. Карауловпен 1986 жылы енгізілген.

Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесін зерттеген Ф.М.Әшімханованың пікірінше, ұлт тарихындағы маңызды оқиғалар тілдің құжаттық, мәдени танымдық қызметінің негізінде фразеологиялық, паремиологиялық жүйеде, көне мәтіндерде тарихи есімдер арқылы таңбаланып, халық жадында сақталады [4, 55-б.].

Ал араб лингвистикалық терминологиясында бұл термин

әлі жоқ. Араб лингвистикасында бұл терминге ең жақын эквивалент ретінде «استدعاء اسماء الشخصيات» (аудармасы: антропонимдерге апеляция) термині қолданылады [5, 13-б.].

Прецеденттік есімдер (антропонимдер) адамның тек есімін ғана білдіріп қоймай, белгілі бір сапаның символын, мәдени белгіні, қандай да бір оқиғалар туралы мағлұмат береді. Прецеденттік есімдер (антропонимдер) ерекше ұлттық мазмұндық сипаттағы, мәдени ақпараттық мәні басым атаулар болып табылып, тіл мен мәдениет сабақтастығында қарастырылады.

Сонымен, араб және қазақ тілдеріндегі кейбір прецеденттік антропонимдерге тоқталып, оларды салыстыру арқылы ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындауға тырысамыз. Мысалы, араб тіліндегі көптеген есімдер өзінің негізгі қызметінен бөлек, астарлы мағынаны білдіреді. Сондай есімдердің бірі – ***Джоха*** (جحا) араб ертегілері мен анекдоттарының басты кейіпкері, араб фольклорындағы көңілді, тапқыр, ешқашан мұңаймайтын кейіпкер. Осындай кейіпкер қазақ тілінде ***Алдар көсе*** образында беріледі. **Алдар көсе** — қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері, ақылды айлакердің, зерделі құдың жиынтық бейнесі. Алдар көсе өзінің асқан айлакерлігі арқылы мұратына жетіп отырады. Оның мақсаты – сараң байды, пайдакүнем саудагерді, озбыр ханды әжуа ету. Мысалы, ол асқан сараңдығы үшін халық Шық бермес Шығайбай атаған байдың асын ішіп, атын мініп, қызын алады; алыпсатар саудагердің алдынан өгіздерін айдап кетеді; оның бұл әрекетін халық айыптамайды, қайта құптап, қошеметтеп отырады. Өйткені, Алдар көсе – әділетсіз билік иелерінен қиянат, қорлық көрген қарапайым халықтың өкілі. Сөйтіп, қу, айлакер, тапқыр адамды араб тілінде Джохаға теңесе, қазақ тілінде Алдар көсеге теңейді.

Араб тіліндегі ***Хатим ат–Таии*** (الطائحاتم) есімі жомарттықтың символы. **Жомарт Атымтай** – Шығыстың көптеген халықтары фольклорында кездесетін кейіпкер, өзінің қайырымдылығы мен жомарттығына сай аты жайылған, халық жадында құрметпен әспеттелетін адам, ол шамамен алтыншы ғасырда өмір сүрген деген жорамал бар. Түп-төркіні арабтың

Тай тайпасының ақыны Хатим ибн Абдаллахқа (Хатим-Тай) саяды. Атымтай жомарт туралы шығармалар ерте кезден белгілі. Атымтай жомарт туралы аңыз-ертегілер қазақ тіліне негізінен “Мың бір түн” ертегісі арқылы келген. Қазақ тіліне аударылып, бірнеше мәрте басылған “Мың бір түн” оқиғалары қазақ оқырмандары арасына кеңінен тараған. Е.Сарымбаевтың аударып, толықтыруымен жарық көрген “Хикаят дастан Хатым-тайы” (1891; 1892; 1913; көлемі 88 бет) Атымтай Жомарт аңыз-ертегісінің ішіндегі ең көлемдісі болып табылады. Осы жерден біз араб тіліндегі Хатим ат–Таии (الطائحاتم) есімінің қазақ мәдениетіне кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшырап, негізгі мағынасында қазақ мәдениетіне енгенін көреміз. Яғни, араб және қазақ халықтарының мәдениеттерінің тоғысуын байқауға болады. Сөйтіп, осы прецеденттік есім қазақ тіліне араб тілінен еніп, Атымтай жомарт деп танылған. Екі тілде де бұл есім жомарттықтың символы болып табылады.

Араб тілінде ***Мәжнун – Ләйлі (مجنون ليلى)*** – махаббат, ғашықтық символы. «Ләйлі - Мәжнүн» – Шығыс халықтарында көне заманнан кең тараған ғашықтық дастан. Онда VII-VIII ғасырлар аралығында өмір сүрген араб ақыны Қаис ибн Мулауухтың махаббаты жырланады. Дастанның оқиға желісіне тоқталар болсақ, араб елінде бір перзентке зар болған дәулеті асқан бай Алладан жатса-тұрса бала сұрайды. Тілегі қабыл болып, Қаис атты ұл көреді. Қаис ер жеткенде Ләйліні көріп, ғашықтықтың торына шырмалады. Қыздың сұлулығына қайран қалған жігіт есінен танып, ақылынан адасады. Бірақ Ләйлінің әкесі оны басқа адамға қосады. Мұны естіген ғашық жігіт жапан түзді кезіп кетеді. Сөйтіп, Қаис “Мәжнүн” (“Мәжнүн” сөзі “есінен адасу” деген мағына береді) аталады. Елден жырақ кеткен Мәжнүннің көкірегі толған ащы шерді ұшқан құс пен жортқан аңнан басқа ешбір жан түсінбейді. Жапа шегіп, жаны күйзелген Мәжнүн Ләйлінің өлгенін естігенде есінен танады. Сүйгеніне қолы жетпей бұл өмірден ол да өтеді.

Ал қазақ халқында махаббат символын ***Қыз Жібек пен Төлеген немесе Қозы Көрпеш – Баян сұлу*** есімдерімен байланысты айтады.«Қыз Жібек» жыры – аңыз емес, тарихи

оқиға, кейіпкерлері өмірде болған адамдар. Жырдың негізгі кейіпкерлері – Төлеген мен Жібек бірін-бірі шын сүйген ғашықтар, бірақ әке батасынан аттап кеткен Төлегеннің өлімі мен Жібектің қайғылы тағдыры талай жанарларға жас үйірілтпей қоймайды. Сондай-ақ, Жібек бейнесі – сұлулық пен әсемдіктің нышаны.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» туралы айтатын болсақ, поэманың негізгі идеялық-мазмұны сол дәуірдегі жастардың сүйіп қосылуын арман еткен тілек-мүдделерді қамтиды. Жыр Сарыбай мен Қарабайдың аң аулай жүріп құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруынан басталады. Сол кезде аң аулап жүріп, ұлды болғанын естіген Сарыбай, баласын көре алмай қаза табады. Атастырылып қойған Қозы мен Баян, жүздерін көрмегенімен, бір-біріне ғашық болады. Уақыт өте келе сараң Қарабай қызын жетім ұлға бергісі келмей, бір кезде отарын жұттан құтқарған, жергілікті палуан Қодарға ұзатпақшы болады. Қос ғашықтың арасына тосқауыл болған Қодар, айласын асырып, зұлымдықпен Қозының басын алады. Қайғыдан қабырғасы қайысқан Баян, өш алу үшін қулыққа көшеді. Ол Қодарға өзіне құдықтан су алып берсе, күйеуге шығатынын айтады. Алданған Қодар Баянның шашынан ұстап, құдықтың түбіне түсе бергенде, айлакер қыз бұрымын кесіп тастайды: Қодар түпсіз тұңғиыққа құлап қаза табады. Сөйтіп, Қозының кегі қайтарылады. Батыр қыз ғашығының күмбезіне келіп, өзіне қанжар салып, қол жұмсайды.

Араб тіліндегі ***Антар ибн Шаддад*** (عنترة بن شداد) араб ақыны, ол соғыстарда өзінің батылдығымен, қайсарлығымен танылған тұлға ретінде көрсетіледі [6, 11-б.]. Сондықтан ер жүрек, батыр, қайсар жігіттерді Антарға теңейді, өйткені, бұл есім – батырлық пен қайсарлықтың символы.

Қазақ халқында осындай тұлға ретінде *Қобыланды батырды* **айтуға болады. Тоқтарбайұлы Қобыланды** (XV ғ.) – аты аңызға айналған халық батыры. Халық жадында сақталған әңгімелерде, халық шежірелерінде оны көбіне «Қара Қыпшақ Қобыланды» деп атайды. Шежіре деректеріне қарағанда, Қара Қыпшақ Қобыланды – Жошы ханның Шайбан деген баласының

тұқымы Әбілхайыр ханның тұсында (XV ғасыр) өмір сүрген, соның белгілі қолбасшыларының бірі болған адам.

Сонымен, осындай прецеденттік есімдер мазмұнының астарында, яғни, тарихи тұлғалардың, мифтік бейнелердің аттарында (антропонимдерде) ұлттық болмыс пен мәдениет сақталған.

Прецеденттік антропонимдерді лингвомәдени аспектіде қарау олардың ұлттық белгілерін айқындайды. Антропоним – бір тілге қатыстылығы тұрғысынан ғана қарастырылмай, сонымен қатар, оның шығу тарихы, қолданылу аумағы, сол есімді қолданған халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, тарихы мен әлеуметтік жағдайы жайлы көптеген маңызды мағлұмат беретін тілдік бірлік.

Қорыта келе, діні бір, мәдениеті ұқсас, тарихының тоғысатын жолдары бар қазақ және араб халықтары мәдениетінің бір-біріне әсерінің мол екендігін айқын көруге болады. Оның себебі, араб және қазақ халықтарының көшпелі тұрмыс кешуіне байланысты, негізгі мәдениеті де, далалықтар үлгісінде түзілгені мәлім. Сондықтан көптеген әдет-ғұрыптардың түп-тамыры бір бұлақтың бастауынан таралады. Өмір сүру ерекшеліктерінің байланыстылығы осымен ғана шектелмейді, сондай-ақ, қазақ тұрмысына елеулі ықпал еткен факторлардың бірі – Ислам діні.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Ә.Қайдаров. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. А., «Ғылым», 1988; 2. В.А.Маслова. Лингвокультурология. Учебное пособие. М., 2004, 208-с.; 3. Ю.Н.Караулов. Русский язык и языковая личность. М., 1987, 263-с.; 4. Ф.М.Әшімханова. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі, Филол. ғылым. канд. дисс. А., 2007, 112-б.; 5. Ваиль Фахим Ибрагим. Прецедентные имена в российской и египетской прессе последних десяти лет (2000-2010), Каир, 2013; 6. М.Ашраф. Аттия, Понимание культуры через лингвокультуремы (на материале арабских лингвокультурем). // Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «исторические и социально-политические науки», А., 2013, 8-11-с.

Кәмшат САРМАНОВА,
Н.Байғанин атындағы
мектеп-балабақшасының мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Темір ауданы,
Ақсай ауылы.

САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Білім мен тәрбие – ажырамас егіз ұғым. Ұлы данышпан әл Фараби «Тәрбиесіз берген білімнің күні қараң» деген сөзі – осының дәлелі. Сондықтан бүгінгі ұрпақтарға білім-ғылым нәрін берумен қатар, өз халқымыздың тағылым қағидаларын үйретіп, игертудің маңызы зор.

Н.Байғанин атындағы мектеп-балабақшасында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жүргізу – мұғалімнің өзіндік шеберлігімен бірге, заманауи жаңа электронды оқулықтарды пайдалану, әрбір сабақты түрлі инновациялық сабақ түрлері арқылы өткізуге негізделген.

7-сыныптағы «Етістіктің бұрынғы өткен шақ» түрін оқыту.

Сабақтың мақсаты: өткен шақ түрлерін пысықтау негізінде жаңа сабақты меңгеру. **Міндеттері: білімділік** – оқушыларды өз бетімен жұмыстануға жетелеу, бұрынғы өткен шақ етістігінің жасалу жолдарын есте сақтау, халық ауыз әдебиеті түрлерін қайталай отырып, жаңа сабақты бекіту, оқушылардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту; **дамытушылық** – оқушының материалды өз бетімен зерделеуі мен ғылыми түсініктерді талдай отырып, өзіндік пікір еркіндігін қалыптастыруына шығармашылық ізденіске ұмтылуына бағыт беру; **тәрбиелік** – халық ауыз әдебиетін қастерлеуге, сүюге, елжандылыққа, елге, жерге, туып-өскен атамекенге деген сүйіспеншілік сезімін өрістету. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** пікірлесу, баяндау, жартылай зерттеу, салыстыру, талдау. **Пәнаралық байланыс:** география, тарих, әдебиет.

Сабақ барысы.

1) Ұйымдастыру: оқушылардың сабаққа қатысын, сабаққа даярлығын тексеру. Зейінін сабаққа бұру мақсатында «Ауыл қысы» мәтінін құрастыру ұсынылады (5-минут).

- Жас өркен! Етістіктің шақтарын еске түсіру барысында өзімізге ең таныс тақырып – қыс мезгілі туралы әңгімелесек қалай болады? Бұл тақырып бәрімізге ұнайды деп ойлаймын.

Оқушының әңгімесінен: «Қыс мезгілінде қар қалың <u>түсті.</u> Айнала аппақ. Ағаштар <u>мұлгіп тұр.</u> Күн <u>суытты.</u> Осы мінезіне қарамастан қыс мезгілі маған қатты <u>ұнайды.</u> Қыс туралы қалам тартпаған ақын-жазушы жоқ десек те <u>болады.</u> Мұқағали «Қыс – денсаулық, қыс – аппақ»,- деп оның әдемілігі мен пәктігіне жыр <u>арнаған.</u> Қыс – ең керемет жыл мезгілі!»

«Қыс қиындығымен <u>ұнайды</u>» мәтінінен үзінді: «Қыс – ауыл адамдары үшін үлкен сын. Қар күреп, боранмен алысқан, мал жайлап, бейнет көрген ауыл қазағы үшін қыс көп қиындық <u>әкеледі.</u> Ауыр жұмыс <u>шаршатады,</u> қыс аязы беті-қолыңды <u>тоңдырады,</u> сонда да ойнаудан <u>шаршамаймыз,</u> себебі қысқы ауа адам ағзасын <u>шынықтырады</u>».

2) Зерделеу бөлімі.

Мәтін бойынша ой толғай отырып, сөйлемдегі әрекет пен қозғалысты білдіретін сөздердің жігін ажыртып, қай шақта екенін талдау.

Жедел сұрақтар ағыны: 1) Шақ дегеніміз не? 2) Қалып етістіктерді ата? 3) Күрделі нақ осы шақ дегеніміз не? 4) Ауыспалы осы шақ қалай жасалады? 5) Келер шақтың неше түрі бар?

Жаңа сабақ.

Венн диаграммасы

3) Мағынаны түсіндіру. «Ертегілер әлемінде».

«Менің сүйікті кейіпкерім». Оқушылар Кендебай, Толағай, Көлтауысар, Таусоғар бейнелері бойынша шағын мәлімдеме жасады, үзінділерді жатқа айтты, ертегінің айтылу мәнері ескерілді. Сынып үш топқа бөлінді. Мысалы:

«Ерте, ерте, ертеде,

Ешкі жүні келтеде,

Ертіс бойында Саржан атты аңшы өмір сүріпті. Әйелі Айсұлу күндердің бір күнінде шекесі торсықтай ұл туыпты. Есімін Толағай қойыпты. Ол күн сайын емес, сағат сайын өсіпті...» десе, келесі оқушы оның ерлігін тілге тиек етті.

I топ ертегі кейіпкерлері туралы әңгімелесе, II топ «Эксперт» топ деп аталып, ертегінің дұрыс өрбуін, сөйлемдердің өзара байланысын, стильдік қателерді тексерді. III топ ертегілер ішіндегі етістіктерді теріп жазып, тұлғасына талдау жасап, жіктеді.

Үйге тапсырма: 149, 151-жаттығулар.

«Он жылдан соң қазақ әншісі патшаның сарайында ән шырқайды». **1915 жыл. Семей. Г.Н.Потанин.**

Сабақтың тақырыбы: Ж.Аймауытов. «Әнші» әңгімесі.

Сабақтың мақсаты: әнші бейнесін тану мақсатында сабақты түрлендіре отырып, басты кейіпкердің мінез-құлқын, жан-дүниесін оқушылардың өз еңбегі арқылы аша білу. **Міндеттері: білімділік** – осы арқылы жас өркеннің өз іс-әрекетіне деген сенімін, өмірге құштарлығын арттыру; **дамытушылық** – жас ұрпақты өнердің жасығынан асылын ажырата білуді, дәстүрлі ән өнерін қастерлеуді, халық мұрасын қадірлеуге баулу; **тәрбиелік** – әнші бойындағы асыл қасиеттерді: қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдықты жас ұрпақ бойына сіңіре білу, ұстазды сыйлауды үйрету.

Түрі: жаңа сабақты игеру. **Әдіс-тәсілдері:** пресс-конференция, пікірлесу, баяндау, жартылай зерттеу, салыстыру, талдау. **Пәнаралық байланыс:** география, тарих, музыка.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру бөлімі.

1) - Қымбатты оқушылар, «Өлімнен құтқарған өлең» деп аталатын пресс-конференциямызды ашық деп жариялаймыз. Бүгін бізде қонақта – жазушы, ақын, географ, социолог, өнертанушы, тарихшы, психолог мамандар. Конференция жұмысын жүргізу журналист Нұрсая Нығметқызына тапсырылады. Әрбір маман иесі Әмірқанға қатысты деректермен толық танысты. Бұл міндет оқушыларға әңгімені толық оқып шығуға, оның барысы мен тілдік ерекшеліктерін, әншінің психологиялық әлемін, тұрмыс-тіршілігін, ең бастысы – өнерін бағалау жауапкершілігін танытты. Мысалы, «Әмірқан кім?» деген сұраққа мынадай сызба құрылды:



2) Сыр-лебіз (оқулықпен жұмыс).

3) «Сауалнама»:

1. Әмірқан кім? (әнші); 2. Әкесінің аты? (Қашаубай); 3. Туған жері? (Семей); 4. Кәсібі? (ән айтады); 5. Ерекшелігі? (Ешкімге еліктемейді, ұқсамайды); 6. Сүйікті әні? (Ағаш аяқ); 7. Ұстазы? (Жұмабек), (Жарылғапберді); 8. Досы? (Дәулетжан); 9. Сүйгені? (Ақтамақ); 10. Сүйікті асы? (Құрт көже, қымыз).

Бекіту сұрақтары: 1. Семей қаласының өнегелі дағдысы қандай? 2. Әңгімеде қандай ұлттық мереке туралы айтылған? 3. Әмірқан қай әншінің прототипі? 4. Потанин ойлаған қазақ әншісінің арманы орындалды ма? 5. 1925 жылы ол қандай жүлдемен оралды? Қайдан?

Үйге тапсырма: «Әмірқан – өнері мен адамдық болмысы тең тұлға» ойтолғауы.

Раушан ЖҰМАНҚЫЗЫ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Гүлнәр БАҚЫТҚЫЗЫ,
география пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы.
Көкпекті ауданы.
Шәріптоғай негізгі мектебі.

ТҰЙЫҚ ЕТІСТІКТІҢ ТҮРЛЕНУІ

(Кіріктірілген сабақ)

Сабақтың мақсаты: Оңтүстік Америка материгінің географиялық орыны, ашылу мен зерттелу тарихы; тұйық етістіктің түрленуі туралы оқушылардың білімін қалыптастыру; Кескін картамен, картамен жұмыс істеуге дағдыландыру; етістіктерді дұрыс пайдалануға, жазуға үйрету; Оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру, тіл дамыту, ой-өрісін кеңейту; білімге баулу.

Түрі: кіріктірілген /география+қазақ тілі/. **Технология:** СТО дамыту, АКТ. **Жұмыс түрі:** фронт, шағын топтық, жеке, зерттеу. **Әдіс-тәсілдер:** географиялық диктант, кластер құру, әңгімелеу, «координаттық Америка», түсіндірме диктанты, ой толғау жазу. **Көрнекілігі, құрал-жабдықтар:** кеспе қағаздар, бейнеролик, Дүние жүзінің физикалық картасы, кескін карталары, кестелер, тірек сөздер мен сөз тіркестер жазылған парақтар, табиғат дыбыстары жазылған аудиотаспа.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі.

Психологиялық ахуал орнату. «Алтын балық» әдісі.

2. Сабақтың мақсатын қою. Жұмыс түрін түсіндіру.

- Бүгін біз оңтүстік жарты шар материктері бойынша саяхатымызды жалғастырамыз /*боранның дыбысы/*. Соңғы рет Антарктида материгінде болдық. Енді Оңтүстік Америка материгіне аттанамыз. Саяхат барысында материктің географиялық орынымен, ашылу және зерттелу тарихымен, тұйық етістіктің түрленуімен танысамыз.

3. Жаңа тақырып.

а\ Аттанбастан бұрын мына тапсырманы орындайық. «Географиялық диктант».

Жер шарындағы ең биік материк? /Антарктида/. 1983 жыл Антарктида тіркелген ең төмен температура? /-89,2^{0}С/. Материктің ең биік нүктесі? /Винсон тауы 5140м/. Материктің ең төмен жатқан жері? /Бентли ойысы – 2555м/.

ә\ Шағын топтық жұмыс.

- Кемеміздің басын Оңтүстік Америкаға бұрайық /*толқын дыбысы*/. Алдымызда кездесетін Батыс желдері ағысын өту үшін келесі тапсырманы орындайық: АМЕРИКА сөзінің әр әріпінен басталатын тұйық етістікті жазыңдар. Әр топтан бір оқушы жауаптарын қорғайды.

А
М
Е
Р
И
К
А

- Тұйық етістікті қайталау «іші-сырты» ойыны.

Берілген ұғымдардан тұйық етістікке қатыстыларды шеңбердің ішінен орналастырыңдар.



б\ Кластер құрастыру. Әңгімелесу.

Міне, Оңтүстік Америка материгіне жеттік /*гилея дыбысы*/. Осы материк жайлы не білесіңдер? Өз ойларыңды кластер арқылы білдіріңдер.

- Оңтүстік Америка жерінің ауданы үлкендігі жөнінде 4-орын алады. Табиғатының мынандай ерекшеліктері бар:

Мында Жер шарындағы ең мол сулы және су жинау алабы өте үлкен өзен – Амазонка орналасқан.

Материктің солтүстігінде дүние жүзіндегі ең биік сарқырама – Анхель орналасқан, ол 1954м биіктіктен құлап ағады.

Анд тауларында дүниежүзіндегі биік тау көлдерінің ең ірісі – Титикака орналасқан.

Оңтүстік Америка – Жер шарындағы ең ылғалды және ең жасыл материк.

Анд таулары дүниежүзіндегі ең ұзын тау болып табылады. Ұзындығы 9000 шақырымнан асады.

Оңтүстік Американың теңіз деңгейініің ең биік нүктесі- Аконкагуа /6960м/. Ең төмен жатқан нүктесі – Валдис түбегінде орналасқан /-40м/.

в\ Зерттеу жұмысы.

- Материк бойынша саяхаттарыңа сендерге келесі тірек сөздер мен сөз тіркестер көмектеседі. Бұл тіркестерден тұйық етістіктердің түрленуін анықтаңдар. Бұл сөздердің көмегімен материкті зерттеп, кескін карталарыңа белгілеңдер.

Орналасуы, шеткі нүктелердің атауы, жағалауының тілемденуі, аралдардың кездесуі, мұхит суларымен шайылуы.

Материктің батысын Тынық мұхит, ал шығыс жағалауын Атлант мұхитының сулары шайып жатыр. Оңтүстік Америка жағалауларында материктік қайраң өте енсіз, әсіресе, Тынық мұхит жағалауларында бірден терең шұңғымалар басталады. Материктің солтүстік жағалауын Атлант мұхитының Кариб теңізі шайып жатыр.

Батыста аса биік Анд тауларының орналасуына байланысты Тынық мұхиттың материк табиғатына тигізетін әсері онша емес. Перуана суық ағысы бойлай өтетін жағалау бөліктерінде Атакама шөлі орналасқан. Материк табиғатына Атлант мұхитының әсері де күшті. Материк ылғалдың басым бөлігін осы Атлант мұхитынан алады.

г\ «Координаттық Америка» тапсырмасы.

Географиялық координаталар		Географиялық нысандар	Қазақ тілінен тапсырма /2 тұйық етістік жазу/
Ендік	бойлық		
16^0о.е.	48^0б.б.		
1^0о.е.	78^0б.б.		

2-топ

Географиялық координаталар		Географиялық нысандар	Қазақ тілінен тапсырма /2 тұйық етістік жазу/
Ендік	бойлық		
6^0с.е.	62^0б.б.		
2^0о.е.	55^0б.б.		

д\ Мәтінмен жұмыс.

География оқулығының 146-б. МАТЕРИК ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ МҰХИТТАР бөлімінің 1-2-азат жолы бойынша жұмыс.

Мәтінді оқып, тұйық етістік пен заттанып кеткен тұйық етістіктерді екі бағанға бөліп жазыңдар. Тұйық етістіктердің түрленуін анықтаңдар.

е\ Материктің ашылу мен зерттелу тарихы бойынша бейнеролик. Испан және португал басқыншылары туралы әңгімелеу.

Саяхатшылардың портреттерін картаға орналастыру:

Христофор Колумб – Ориноко өзенінің сағасы;

Америго Веспуччи – Амазонка сағасы;

Фернан Магеллан – магеллан бұғазы;

Алесандр Гумбольдт – Анд таулары;

Н.И.Вавилов – егіншілік орталықтары.

ж\ Түсіндірме диктанты. Сөйлемдерді жазып, тұйық етістіктерді табу. Түрленген тұйық етістіктердің қосымшаларын ажыратыңдар.

Тұйық етістіктерді түрлендіріңдер: 1-топ – септеу, 2-топ – тәуелдеу.

Жаңа дүние бөлігін ашу құрметіне А.Веспуччи ие болды. Құрлықтың топырақ-өсімдік жамылғысының қалыптасуы мен таралуы ең алдымен ылғалдану дәрежесіне тәуелді. *А.Гумбольдт Анд тауларын зерттеу нәтижесінде белдеулік заңдылығын негіздеген.*

Бекіту. «Адамзат мәдениетіне Оңтүстік Американың ашылуының әсері» тақырыбында ойтолғау жазу.

Рефлексия

Y/т.

$37, к/к ірі шығанақтарды, бұғаздарды белгілеу, саяхатшылар туралы хабарлама дайындау.

191-жаттығу. Мәтінді оқып, тұйық етістік бар сөйлемдерді теріп жазыңдар. Тұйық етістіктердің түрленуін анықтаңдар.

Бағалау.

Гүлден МАКСИМОВА,
Ш.Берсиев атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Ойыл ауданы.

ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ – ЕСІМДІК

(6-сынып, қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі)

Сабақтың мақсаты: есімдіктің түрлері бойынша оқушылардың алған білімдерін анықтау үшін топтық жұмысты ұйымдастыру. ***Сілтеме:*** орта мерзімді жоспар, әдістемелік құрал. ***Міндеттері:*** өз бетімен білім алады; оқушының сыни ойлауы дамиды; шығармашылығы, ізденісі артады. ***Күтілетін нәтиже:*** - оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы дамып, тілдік (сөздік) мәнері қалыптасады; - мәтіндерді талдап, қорытынды шығара алады; - жеке ой-пікірінің құндылығы артады. ***Әдіс-тәсілдер:*** топтық жұмыс, сұрақ-жауап, зерттеушілік әңгіме, суреттеу, ассоциация. ***Құрал- жабдықтар:*** кестелер мен сызбалар, маркер, стикер, постер, (А4) бағалау парақтары. ***Түйінді идея:*** ізденіс – білімге жетелейді. ***Топқа бөлу:*** оқушылар сөйлемдерді құрастыру арқылы мозаика әдісімен үш топқа бөлінеді.

Сергіту сәті: Не? Қалай? Қашан?

1-тапсырма: Есімдіктің мағыналық түрлеріне үш топ ассоциация жасап, постер қорғайды.



Әр топ мүшелері бір-бірін «отшашу» әдісімен ынталандырады.

2-тапсырма: 1-топ. Есімдіктің мағыналық түрлерін кірістіре отырып, «Біздің сынып қызықтары» деген тақырыпта шағын әңгіме жазады. 2-топ. 175-жаттығу. Есімдіктердің астын сызып, морфологиялық талдау жасайды. 3-топ. 194-жаттығу. Есімдіктерді мағыналарына қарай топтап, бөлек жазады.

Топ мүшелері: 2 ұсыныс, 1 тілекпен баяндайды.

3-тапсырма: Сыни ойлауға бағытталған «Есімдік әлемінде» атты шығармашылық көрме.

1-топ: Суреттер арқылы мәтін құрастырады. 2-топ: Есімдіктерге байланысты өлең, жұмбақтар ойлап табады. 3-топ: Есімдіктерді қатыстырып, сөйлемдер жазады (бірдеме, әлдекім, әрнені, әркімге, қайбір).

Топ мүшелері «бағдаршамды» көтеру арқылы белсенді топты марапаттайды. (қызыл, жасыл, сары).

Бағалау. Жиынтық бағалау парағы.

Оқушының аты-жөні: ----------

Тап-сыр-ма-лар	Топқа бөлу әдісі	Ассоциация	Біздің сынып қызықтары (әңгіме жазу)	175-жаттығу	194-жаттығу	Суретті бейне (шығар-машылық тапсырма)	Есімдіктерге байланысты өлең жұмбақ құрастыру	Есімдіктерге байланысты сөйлемдер жазу	Ынталандыру әдістері ұнады	Сабақта белсенділік таныттым
Белгі-леу жолы										

(+) – түсіндім, тапсырманы дұрыс орындадым.

(-) – толық түсіне алмадым, тапсырманы жартылай орындадым.

Үйге тапсырма: 206-жаттығу. Есімдіктерді қайталауға арналған тест тапсырмалары.

Гүлбадан МӘМБЕТРЗАЕВА,
«Тоғыз» орта мектебінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы,
«Шілікті» ауылы.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТАЛДАМАСЫ

/2-сағат/

Сабақтың мақсаты: ақын өмірінен қысқаша мағлұмат беріп, өлеңдеріндегі идеяларды талдау, басты мұратын анықтау. **Міндеттері: білімділік –** Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін ұғындыру, тақырыбы, жанры және маңызы жайында сөз қозғау; **дамытушылық –** өлеңдерді нақышына келтіріп мәнерлеп оқу арқылы талдау, бүгінгі өмірмен салыстыру, зерттеу, ой қорыта білу қабілетін қалыптастыру; **тәрбиелік:** ерлікке, елдікке, батырлыққа баулу, елін, жерін сүюге, патриот болуға шақыру. **Көрнекілігі:** Махамбеттің суреті, плакат, көркем әдебиеттер. **Типі:** шығармашылық сабақ. **Түрі:** дәстүрлі. **Технологиясы:** СТО, кубизм стратегиясы. **Әдіс-тәсілі**: талдау, суреттеу, түсіндірмелі сөздік. **Ғылымилығы:** өлеңдерінің шығу тарихы, тақырыпқа бөлінуі. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, музыка.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқу құралдарын даярлау, сабаққа назарларын аудару.

«Сіз білесіз бе?» психологиялық тренингісі: Сіз білесіз бе, бүгін қаңтардың нешесі? Сіз білесіз бе, мектебімізде қай бірлестіктің апталығы болып жатыр? Сіз білесіз бе, біз қай ғасырдың өкілдерін өтіп жатырмыз? Сіз білесіз бе, Махамбет Өтемісұлы кім?

II. Үй тапсырмасын тексеру: «Ротация» бөлімі.

Оқушыларды топқа бөліп, плакат беремін. Топ мүшелері плакатқа 2 сұрақтан жазып, айналдырады. Топтар бір-бірінің сұрақтарына жауаптарын жазып, қорғайды.

III. Жаңа сабақты меңгерту: *Махамбет батыр туралы бейнекөрініс /күннің жадын жазғызу/.*

«Блум» жүйесі.

1. Білу. Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің тақырыбы

Батырлық, ерлік туралы	Көтерілісті, соғысты сипаттайтын өлеңдері	Исатай туралы өлеңдері	Өзі туралы өлеңдері	Үстем тап өкілдері, хан-сұлтандарға айтқан өлеңдері	Толғау тектес өлеңдері
«Ер болып туған соң..», «Ереуіл атқа ер салмай», «Беркініп садақ асынбай», «Біз ер едік», «Атадан аруақты ер туса».	«Соғыс», «Тілек», «Әй, Махамбет, жолдасым», «Толар-сақтан саз кешіп».	Тайманның ұлы Исатай», «Исатай деген ағам бар», «Кел, кетелік», «Мінгені Исатайдың ақтабан-ай» «Қызғыш құс», «Мен, мен, мен едім», «Мұнар күн», «Жабығу», «Мінкен ер», «Тарланым», «Арыстан одан кім өткен?», «Жақия»	«Сөйлесем дауысым аңқыған», «Шамдансам, шалқамнан түсер асаумын», «Арғымаққа оқ тиді», «Мен сұңқардан туған құмаймын», ‘Мен тауда ойнаған қарт марал’, «Менің атым – Махамбет», «Егескендей ер болса».	«Міне алмаған алаға / Жәңгірге/», «Жәңгірге айтқаны», Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны».	«Орай да борай қар жауса», «Арғымақтың баласы», «Еменнің түбі-сары бал», «Жалған дү-ние», «Желп-желп еткен ала ту».

Академик С.Қасқабасов: “Махамбет өзін...алда арманы көп, албырт шағында адам өзін барынша артық бағалап, ...асып туған батыр сезінген, сондай болуды көздеген. Ойын ашық айтып, өзінің образын сомдаған. Ол өзінің бет әлпетін, дене құрылысын суретеумен қатар, өзін жұртқа таныстырды. Сөйтіп өзінің кім екенін, нені көксейтінін хабарлап, тіпті

өзінің мінезін бірге көшіріп отырған” .

2. Түсіну. *«Махамбет – өзіне дейінгі халық әдебиетінің барлық табыстарын толық меңгеріп, кемшілігін қайталамай, өз бетін, өз стилін айқындап, әдебиетте көрнекті үлгі қалдырған ақын...» Қажым Жұмалиев.*

Сабақтың ғылымилығы. Махамбет лирикасының қайнар көзі: *халық ауыз әдебиеті, шығыс әдебиеті, жыраулық поэзия.*

Ұйқас түрі:	Буын саны	поэтикасы	Өлеңдерінің тақырыбы	Ақын лексикасы
Қара өлең. Ерікті. Аралас. Шұбырт-палы. Кезекті ұйқас.	11 буынды. 7 буынды. 7-8 буынды. Аралас буынды.	Эпитет, метафора, теңеу, риторикалық сұрау, ассонанс, аллитерация, элегия.	Ел, халық жайы, замана және адам.	Жер–су атаулары, туыстық атауы, қару-жарақ, қоғамдық-әкімшілік мәнге ие атаулар, жаңа, ерекше сөздер мен сөз тіркестері.

3. Талдау.

І топқа: «Тарланым» өлеңін талдау.

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсам қолым жетер ме?
Арызым айтсам өтер ме?
Арыстаным, көп болды-ау,
Саған да менің арманым!
Кермиығым, кербезім!
Керіскедей шандозым!
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!
Теңіздей терең ақылдым!
Тебіренбес ауыр мінездім!
Садағына сары жебені салдырған,

Садағының кірісін
Сары алтынға малдырған,
Тереңнен көзін ойдырған.
Сұр жебелі оғына
Тауықтың жүнін қойдырған.
Маңдайына сары сусар бөрік басқан,
Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан,
Айқайласа белдігі байланған,
Астана жұртын айналған,
Атына тұрман болсам деп,
Жұртына құрбан болсам деп,
Адырнасын *ала өгіздей* мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ, Жайық тең өткен.
Атқанын *қардай* боратқан,
Көк шыбығын *қанды ауыздай* жалатқан
Арыстан еді-ау Исатай!
Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен?!
Ерікті ұйқас, риторикалық сұрау, аллитерация, ассонанс.

- Исатайдың арыстандай қайратты тұлғасын қандай көркем сөздер арқылы суреттейді? /кермиығым, кербезім, ақылдым, қырмызыдай ажарлым/.

- Исатайдың сыртқы сұлу пішінімен бірге мінезін қандай сөздер арқылы береді? / Теңіздей терең ақылдым, Тебіренбес ауыр мінезді- – сабырлы, ойлы, парасатты жан; Хиуадай базарлым – сері екенін айтады/.

- Исатайдың садағы, жебесі қандай?

- Киімінің өзгешелігін қалай суреттеген? /Маңдайына сары сусар бөрік басқан/.

- «Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан» - ашуға мінсе, қаhарланса нар тәуекелге бел буған деген ұғымды білдіреді.

- Айқайласа белдігі байланған,
Астана жұртын айналған,
Атына тұрман болсам деп,

Жұртына құрбан болсам деп деген жолдары елдің қамын жеген батыр деген ұғымда.

- Атқан оғы Еділ, Жайық тең өткен /градация/.

Әр сөзі қуатты, мағыналы ,терең. Махамбет үшін Исатайдан артық адам жоқ.

Өлеңнен бойыңа ерекше шабыт, күш-қуат аласың.

II топқа: «Мұнар күн» өлеңіне талдау. Үнтаспадан өлеңді тыңдату.

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн.
Бұлықсып жүрген мырзадан
Бұрынғы дәулет тайған күн.
... Арқаулының бойынан
Теріскей дауыл соққан күн.
Сағағы болат қылыштың
Балдағынан сынған күн.
Хас бәйтерек жығылып,
Жығылғаны естіліп,
Алыстағы дұшпанның...
Қуанып көңілі тынған күн.

- Бұл өлеңді Исатайға арналған жоқтау деп те айтуға болады. «Күн» деген сөз әр жол сайын қайталанып тұр. Бұл жерде «күн» – өмір, бірде – мұнар, халыққа жайсыз күн, бірде – ел басынан бақыт тайған күн.

«Мұзға тайған буыршын» - Исатай, бура –хан, теріскей дауыл –көтерілісшілерді жаншуға шыққан жазалаушы топ, жығылған бәйтерек – жеңілген халық.

Дәптермен жұмыс. *Түсіндірмелі сөздік.*

Мұнар күн – а/ ауаның күңгірттенуі, бұлыңғырлануы, тұман, бұлт басуы; ә/ қаралы, қайғылы күн. **Буыршын** – аруана мен үлектен туған, табанының бедері бар жас бура.**Бұлықсып** – толған, жетілген, байыған. **Бұлан** –аша тұяқты, бұғы тектес ірі аң. **Мейманасы тасу** – көңілі өсу, масаттану, астамшылық.

Он сан –а/ қисынсыз көп; ә/ сан алуан. **Лашын** – жыртқыш құстар тұқымдасына жататын саят құсы. **Бүлген** – а/ бүліну, қирау; ә/ қайғыру, жоқтау; **Қорашыл** –қорадан шықпайтын ит. **Хас** – өте, дәл.

III топқа: ақынның өлеңдерінен нені байқадыңдар?: сөз саптауының ерекшелігі; өршілдік; өжеттілік; қайсар – қайсар жаужүректілік; елге қамқорлық; жауға аяусыздық; сөйлер сөзге шешен; ақпа-төкпе ақындық.

4. Салыстыру /интерактивті тақтаны қолдану/:

Махамбет өмірін қазіргі кездегі өмірмен салыстырып жазу.

Махамбет өмір сүрген кезең	**Қазіргі кезең**
Ресей астындағы бодан ел. Күрес пен тартыс, ата қоныстан айырылу, ата қоныстан көшу.	Егеменді тәуелсіз ел. Халыққа сенген, сайлап алған Президенті бар, атамекенге оралу (оралмандардың елге оралуы).

- Тәуелсіз ел болғаннан кейін халқымыздың ақын-жазушыларының щығармашылығы зерттеліп, зерделене бастады. Соның бірі – Махамбеттің күйшілік қырының танылып, ұрпағына жеткізілуі. Махамбет тек батыр, ақын ғана емес, күйшілігімен де әдебиетіміздің алтын қорынан орын алған биік тұлға. Оның **«Жайық асу», «Қайран Нарын»**, **«Жауға шапқан», «Жұмыр, Қылыш»**, **«Өкініш», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Шілтерлі терезе»** атты күйлері бар.

«Жұмыр, Қылыш» күйін тыңдату арқылы оқушылардың ойын білдіру.

- «Махамбет десем, ойыма...». «Егер Махамбет тірі болса...». «Мен – Махамбет» өлеңдерінен.

Өлеңдер жинағы: «Махамбет», «Жыр Жебе». Махамбет ақынның бейнесі қазақ ақындарының поэмаларына негізгі арқау болды: Ы.Шөреков. “Исатай –Махамбет“, Ж.Молдағалиев. “Кек”, Қ.Бекхожин. “Махамбет қабіріндегі толғаныс”, М.Шаханов. “Қарақұм трагедиясы”, Ф.Оңғарсынова. “Алмас қылыш”, т.б.

IV. Сабақты бекіту. Жинақтау.

«Бір сөзден – сөйлемге дейін». Әр топ мүшелері бір-бір сөз жазу арқылы тақырыпқа немесе сабаққа байланысты сөйлем құрастырады.

V. Үйге тапсырма: Махамбет өлеңдерін жаттап, сұрақтар дайындап келу, тест құрастыру.

VI. Оқушыларды бағалау.

Марфуға СЛЯМҚАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
«Жаңа Ғасыр»
№175 гимназиясының мұғалімі.

СӘБИТТІҢ ҚОС ЖЫРЫ

(«Заман кімдікі?» және «Бозторғай», 6-сынып)

Сабақтың мақсаты: С.Дөнентаев туралы мәлімет беру. Өлеңдерін мәнерлеп оқу, талдау, өлеңнің мазмұнын, тақырыбын, идеясын ұғындыру. **Міндеттері: білімділік** – негізгі ерекшеліктерін айқындап таныту, шеберлік сырын ашу; **дамытушылық** – өз ой-пікірлерін айта білуге, шығармашылық жұмыстарына баға беруге тәрбиелеу; б) Ізденіп оқуға ынталандыру. Көркемдік сезімге баулу. **Түрі:** аралас сабақ. **Көрнекілігі:** интерактив тақта, слайдтар: «Сәбит – қазақ ақыны», «С.Дөнентаев туындылары», «С.Дөнентаевтың өмірдеректерінен фото-суреттер». **Әдісі:** түсіндіру, салыстыру, талдау, топтау, сыни тұрғыдан ойлау стратегиясы. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушыларды түгелдеп, сабаққа дайындығын тексеру.

II. Үй тапсырмасын сұрау: 1-топ М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы; 2-топ. «Казақ тілі» өлеңі; 3-топ. «Мен кім?» өлеңі.

Шығармашылық жұмыс: «Ана тілім – айбыным» «Мен кіммін?» (эссе (көркемсөз) жазу).

«Еркін жауап» стратегиясы (Үй тапсырмасын қорытындылау):

Ана тіліне деген сүйіспеншілігіңді сурет не сөйлем арқылы түсіндіру.

III. Жаңа сабақ.

I.«Қызығушылықты ояту» кезеңі.

1-слайд. Сабақтың эпиграфы: «Сәбит – мысал жанрының шебер ақыны. «Бозторғай» - патша үкіметінің әкімдерін келістіріп сынаған өлең». *Бейсенбай Кенжебаев.*

«Түсіну» стратегиясы. С.Дөнентаевтың өмірі мен шығармашылығы.

«Топтастыру» стратегиясы. Ақын өміріне, ақындық қасиетке байланысты сөздерді теріп алып топтастыру. Ақынның ақындық, тұлғалық бейнесін жасау.

1-4-слайд: «Сәбит – сан қырлы талант иесі».



II. Топпен жұмыс.

1-топқа: «Мағынаны тану» стратегиясы. «Заман кімдікі?» Әділет туралы ойланып-толғанатын ақын өлеңдерінің ерекшелігі қандай? Риторикалық сұрақ дегеніміз не?

Сұрақ-жауап: 1. Заман кімдікі? 2. **«Ой қозғау»** және **«Еркін жазу» стратегиясы**. Ал бүгін ше? Қазіргі заман кімдікі? «Менің өлең туралы пікірім».

5-слайд.

Сәбит заманы	Бүгінгі заман бейнесі

Мұғалім сөзі: - «Заман сені билемесін, сен заманды биле» деп Абай айтқандай, жаңа заманауи дамудың көшінен қалып қалмайық.

2-топқа: «Суреттеу» және «Сипаттау» стратегиясы. «Бозторғай» мысал өлеңін мәнерлеп оқу, мазмұнын ашу. Өлеңдегі кейіпкер бейнесін сипатта. Мысал өлең дегеніміз не? Қандай мысалшы ақынды білесің? А.Байтұрсынұлының қай мысалына ұқсас? Қандай мақал есіңе түседі?

6-слайд (Кестені толтыру).

Мысал өлеңдегі кейіпкерлер:	бозторғай	қырғи	бөдене	қаршыға	лашын	қаз	шүрегей	бүркіт
Өлеңнен тауып, сипаттап жаз.	сорлы, кедей, кемтар құс (халі нашар).	төре, опа бермес кәпір, құстардың жауы.	өз басын қорғай алмай жүрген сорлы.	жыртқыш құс, шүрегейдің қас жауы.	хан, қаздың қас жауы.	момын, кедей.	Жалқау, кедей.	құс патшасы.

«С.Дөнентаев кейінгі ұрпақ есінде қазақ өлеңінің бозторғайы болып қалды». *Құлбек Ергөбеков*.

3-топқа: 2. **«Талдау» стратегиясы** (Өлеңдерін талдау, теориялық ұғымдар бойынша, өлеңді құрылысына қарай талдау). Екеуі де а,а,б,а-қара өлең ұйқасы, 11 буынды, 3 бунақ, 4 тармақ, 6 шумақты өлең. Эпитетті тауып жаз.

Проблемалық сұрақ:

Бозторғай бүркітті тапты ма? Оқушы өз ойын айтады. Бүгінгі заманмен байланыстырып қорытындылайды.

IV. Қорытындылау: Сәбит – қазақ ақыны, мазмұнды да қысқа өлеңнің шебері, сыншыл ақын, мысалшы, Абай мен Сұлтанмахмұттан кейінгі сатирик ақын. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді.

V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма. Сәбит Дөнентаевтың «Заман кімдікі?» өлеңін жаттау, «Бозторғайын» мәнерлеп оқу, сахналық қойылымға даярлану, өмірі мен шығармашылығы (реферат жазу).

Айткүл ҚОБЫЛАНОВА,
Жаңаөзен қаласындағы
№15 орта мектептің мұғалімі.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР

Сабақтың мақсаты: жырдың бай мазмұнын, негізгі ерекшеліктерін оқушылардың бойына сіңіріп, махаббат тақырыбын шырқау шыңға көтеріп жырлаған, ғажайып соғылған әсем күмбез, сұлу ескерткіш екеніне көзін жеткізу. **Міндеттері: білімділік –** жырдың ауыз әдебиетінің інжу-маржаны екендігін ұғындыру, жырдағы көтерілген проблемаларды аша отырып, кейіпкерге талдау жасау; **дамытушылық –** логикалық ойлау қабілетін дамыта отырып,кейіпкерлер әлемін талдау барысында оқушыларды пікір алмасуға,ойларын аша білуге,дәлелдей білуге үйрету; **тәрбиелік –** сүйіспеншілік, адалдық сияқты қасиеттерді құрметтей отырып, ішкі рухани тазалыққа үндеу, адами сезімдерді құрметтеу.

Типі: білік пен шеберлікті дамыту сабағы. **Әдісі:** топтық жұмыс, СТО, іздену, талдау. **Пәнаралық байланыс:** география , тарих.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру;

Үй тапсырмасын сұрау;

Мазмұндау жоспары;

Сәйкестендіру тестісі.

Бекіту: 1. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қандай жырға

жатады? 2. Лиро-эпос жырларының батырлар жырынан қандай айырмашылығы бар? 3. Жырда ауыз әдебиетінің үлгілерінен қандай түрлері кездеседі?

3. **Жаңа сабақ:** Жырда қандай кейіпкерлер бар? (топтастыру). Жырдағы кейіпкерлер: Қозы - Баян - Қарабай - Сарыбай - Қодар - Ай - Таңсық - Тайлақ.

4. **Сөздік жұмыс:** *Қыдыр қонар* – бақ қонды; *Кесел* – ауру; *Мағшарда* – о дүниедегі сұрақ күні; *Шолпы тартып* – мұқтаждық, жетіспегендік; *Іребдел* – іріктелген,таңдамалы; *Шідері* – аттың тұсауы; *Жөргекте* – бесікте; *Кәпір* – дінінен безген адам.

5. **Тақтамен жұмыс:**

1-топ	Қозы	Қодар
2-топ	Сарыбай	Қарабай
3-топ	Қозы	Баян

6. Жырдағы кездесетін салт-дәстүрлер (топтастыру).

Салт-дәстүрлер

Топ басшыларын ортаға шақырамын.Топ мүшелерімен ақылдасып, дәстүрлердің мағынасын табуы керек.

7. Мағынаны табу. Бата – адал ниет, ақ жүректен шыққан жақсы тілек, жылы лебіз. Әдетте, батаны көпті көрген ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелер, кемеңгер даналар, ауызы дуалы кісілер, би-шешендер берген. **Қоштасу** – елдің бастан кешкен қайғы-мұңы және адам өмірінің өтпелі шағына, өтіп бара жатқан заманға қоштасу мен қимастық сезімі айтылатын жыр. **Естірту** – әлдекімнің туған-туысы қайтыс болғанда, көңіл айтып естіртетін өлең. Ол өлең, күй және қарасөз түрінде кездеседі. **Көңіл айту** – қайтыс болған адамның жақындарына алыс-жақын, ағайын-туыстың,тілектес кісілердің «арты қайырлы болсын», «иманы берік болсын» секілді көңіл жұбатарлық сөздер айтуы. **Жар-жар** – топпен айтылатын, ұзатылып бара жатқан қыздың қайын жұрты жағынан жігіттер, қыз жағынан қыздар шығып, алма кезек айтылатын жыр. **Құдалық** – жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі, яғни, бойжеткен қызын сұрайды. Қыз әкесі келісім берген соң

құдалықтың жөн-жоралғыларын жасайды. **Атастыру** – ескі салт, қыз бен жігіт ата-аналарының күні бұрын уәделесуі. **Сүйінші сұрау** – жақсылық, қуаныштты хабар әкелгенде сүйінші сұраған. **Аңшылық** – аң аулау ертеден қалыптасқан салт. Шын мәнінде сауық құру, қызық, шынығу, ептілік, серілік, сезімталдық, сергектік, білімпаздық сияқты көптеген қасиеттерді ұштайтын өнер мектебі десе де болады. **Сауын айту** – бір елде ас, үлкен той болатын болса, ол күні бұрын жан-жаққа хабарланып, сауын айтылады. Бұл жай шақыру емес, әр ел салт-дәстүрмен, яғни, батыр-палуанымен, жүйрік атымен , ақын, жыршысымен, сайыс сабасымен келсін дегенді білдіреді. **Сәлемдеме** – ол адамдардың бір-біріне деген сыйластығының, құрмет тұтуының айқын белгісі. Көптен көрмей сағынысқан адамдардың бір-біріне жіберген қымбат бұйымы, асыл заты.

8. **Кейіпкерді таны.**

Бұл кім? Қареке-ау, бай екенсің сөзің шалыс,
Екеуміз жапан түзде болдық таныс (Сарыбай).

Бұл кім? Балталы, Бағаналы ел, аман бол!
Бақалы, балдырғанды көл аман бол! (Ай,Таңсық).

Бұл кім? Асыраған қызыңды мен алмаймын.
Жалғыз қызың Баянды мен аламын. (Қодар).

Бекіту (топтастыру): Жырдағы кездесетін жер-су атаулары – Балталы, Бағаналы, Шідерлі, Аягөз, Қызылбелбеу, Абыралы, Жалаулы.

Қорыту: 1. Жырдағы көтерілген мәселелер; 2. Қозы өліміне себепкер болған кім?; 3. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры саған ұнады ма?; 4. Қай кейіпкер қандай қылығымен ұнады?.

Жырдың тарихымыздың қай дәуірінде пайда болғандығы жөнінде ғалымдар әр түрлі пікір айтады. Бір тобы Жошы дәуіріне тіресе, енді бір тобы Ноғайлы дәуіріне телиді және бір тобы қазақ хандығымен байланыстырады.Қалай десекте, қазақ елі 2002 жылы фольклорлық мұраның 1500 жылдық тарихын атап өтті. Зерттеуші ғалымдар жырды Шекспирдің «Ромео-Джульетта» трагедиясымен бара-бар деп таныған. Ал Потанин «Бұл – жер жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын

шығарма.» деп бағалаған. Ғұлама ғалым Ә.Марғұлан «Бұл жыр – мәңгілік жыр» депті.

Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – қазақ ауыз әдебиетінің құнды інжу-маржаны.

Шағын шығарма жазу.

Әсел АМАНБАЙҚЫЗЫ,
Н.К.Крупская атындағы орта мектеп мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы,
Атасу кенті.

СӘКЕННІҢ «СЫР САНДЫҒЫ»

Сабақ мақсаты: Сәкен Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік бере отырып, өлеңнің идеялық мазмұнын ашу. **Міндеттері: білімділік** – топтық жұмыстарға бейімдеп, көптің қамын ойлайтын білікті азамат етіп өсіру; ақынның өзіндік мұратын таныту; сыни ойлауға үйрете отырып, өз пікірін айтуға дағдыландыру; **дамытушылық** – өмірдің терең иірімдеріне бойлатып, сырын ұғындыру; **тәрбиелік** – қандай жағдайда жүрсе де биік адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай өмір сүру – ең негізгі борышы екенін ұғындыру. **Әдіс-тәсілдері:** «Бес жолды өлең», «Топтастыру стратегиясы», «Ойтолғау», «Сатылай кешенді талдау». **Күтілетін нәтиже:** 1. Топтық жұмыстарға бейімделеді; 2. Ақын шығармашылығында көтерілген адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген тұлға дайындалады; 3. Бұрынғы біліміне сүйене отырып, жаңа ақпараттармен салыстыруға үйренеді. **Көрнекілік:** интерактивті тақтадағы слайдтар, ақын өлеңдерінің жинағы, суреттер, ватман, маркер.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Жүректерге құятыны – ғажап тіл,
Өмір сырын ұқтырады сабақ бұл.
Еркін елдің сенім артар ертеңі –
Сәлем бердік, ғажап қыздар, азат ұл!...

- Бүгінгі сабағымызда сіздерден зор талап, биік намыс, терең зерделілікті күтемін. Барлығыңызға сәттілік тілеймін!

Үй тапсырмасын тексеру: *Не көрсем де – Алаш үшін көргенім, Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!* ***Мағжан.***

Ғұмырдария стратегиясы: 1. Туған жері; 2. Ата-анасы; 3. Білімі; 4. Ұстаздары; 5. Ақындығы; 6. Мағжан туралы айтылғандар.

Мақсаты:	Міндеттері:
Сәкен Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік бере отырып, өлеңнің идеялық мазмұнын ашу.	1. Топтық жұмысқа байланысты міндет /Кластер жасайды, бағалау, т.б. жұмыс жасайды/. 2. Мазмұнға байланысты міндет /өлеңнің тақырыптық-идеялық негізін, көркемдік ерекшелігін ашады/. 3. Сын тұрғысынан ойлауға байланысты міндет /өлең бойынша өз көзқарасын білдіре отырып, салыстырулар жасайды, тұжырымға келеді/.

Мұғалім жетістігі: *сабақ жоспарында 7 модульді қамтиды; тақырыпты жан-жақты сыни ойлау тұрғысынан түсінуге, пайымдауға мүмкіндік береді; бір-бірін сыни бағалауға үйретеді; зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.*

Оқушы жетістігі: *өзіндік ой-пікірлерін сенімді, жүйелі түрде сызбалармен жеткізе алу дағдылары қалыптасады; өлеңге баға бере алады, сыни көзқарасы қалыптасады; өзіндік ой-пікірі қалыптасады, салыстырулар жасай алады; топтағы жауапкершілікке үйренеді.*

Жаңа сабақ: Ой қозғау. «Сәкен кім?» Сәкенді кім деп айтуға болады екен?

Сәкен – ақын. Сәкен – жазушы. Сәкен – революционер. Сәкен – драматург. Сәкен – лирик. Сәкен – қоғам қайраткері, Сәкен – ел қамын ойлаған адам. Сәкен жазықсыз жаланың құрбаны.

Өзіндік іздену-зерттеу жұмысы. 4-топ – «Зерттеушілер» тобының дайындаған жоба жұмысы қорғалады.

«Сәкен – тұғыры биік тұлға» тақырыбында. «Сыр сандық» – Сәкеннің көңіл-күй лирикаларының ішінде адамға адамның достығы мен ар тазалығының нәзік сырларын шерткен қазақ поэзиясының шоқтығы биік шығармасы.

Ақын «Сыр сандық» өлеңін досына хат түрінде жазған. Сезім мен сыр, ой мен образ жымдаса қабысып кеткен бұл өлеңнің ішкі ырғағы, әуезі есіле төгіліп, жібек торғындай судырап тұр. Адалдық пен арамдық, талант пен күншілдік, мансап пен ұждан, достық пен қастық туралы тебірене сыр шерткен ақын мұзбалақ, зеңгір тау, сыр сандық, сым перне, алтын сарай образдары арқылы эстетикалық мұраттарын ірікпей толғаған.

Сәкен адамның көңіл-күйін, сырын тұспалдай жырлап, оны биік таудың басындағы кілттеулі сыр сандыққа балайды. Дос жанын түсіне білетін нағыз адам – дос қана сол құзар биіктегі сыр сандықтың кілтін тауып ашып, көңілдің күй пернесін баса алмақ.

Сәкен лириканы тек сезімді жырлаумен шектемей, оған азаматтық әуен, ойлы мазмұн дарытып, жаңа мүмкіндіктерін ашты. Қазақ лирикасының үздік үлгілерін тудырған ол ізгі де сұлу сезімдерін, айнымас достық пен махаббаттың шабытты жыршысы болды.

Сырты сұлу жанның іші де – сұлу. Ішкі жан сұлулығынан шыққан өлеңдерінің бірі – «Сыр сандық».

- Балалар, жан сұлулығы дегенді қалай түсінесіңдер?
- «Сыр сандық» сөзінің мағынасын ашайық.

«Сыр» деген не? «Сандық» деген не? «Сыр сандық» дегендегі «сандық» сөзі қандай мағынада тұр?

- Ал, «адамның сыр сандығы» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Олай болса, Сәкен ағаның айтайын деген сыр сандығы адамның ішкі құпиясы екен.

Символ (рәміз) – әдебиетте ойды астарлап суреттейтін ерекше балама бейне.

«Сыр сандық шашуы»

Әр адамның ішкі сыры –
Берік қойма сақталған.
Сол қойманың сыр түкпірін
Достың досы – ақ ақтарған

Лирикалық кейіпкер – өлеңдегі ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіретін ақынның өз бейнесі, жиынтық образы. Лирикалық өлеңдегі кейіпкер – ақынның өзі. Лирикалық кейіпкер – жаны таза адам.

Досыңмын деп ант береді
Жем іздеген жанама.
Жем таусылса, жалт береді,
Сенерлік дос санама.
Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара, жырласын!

Сыр сандықтың кілтін ашатын, адал жанның сырын ұғатын досты іздейді. Дос жанын түсіне білетін нағыз адам – дос қана сол құзар биіктегі сыр сандықтың кілтін тауып ашып, көңілдің күй пернесін басады. Айтқанынан қайтпас табанды, сырға, сертке берік – шын достар ғана. «Қолыңда жемің барда шырқ айналып, жем таусылса, жалт беретін жанама достар» қарсы қойылған.

Дос – адалдық, әдептілік, шыншылдық, сенімділік. Бұл қасиеттерді бойына жинақтаған адам кім? (Адамгершілігі мол).

Өлеңнің негізгі идеясы: адал достықты дәріптеу.

Тапсырма №1.

1-топ: Өлеңнің тақырыбы. Өлеңнің негізгі идеясы. 2-топ: Дос, достыққа байланысты мақал-мәтелдер жазу. 3-топ: «Сыр сандық» өлеңіне сатылай кешенді талдау. 4-топ: Бес жолды өлең.

Тапсырма №2. «Досқа айтылар сыр» атты ішкі толғаныстарын монолог ретінде жазу.

Жаңа сабақты бекіту.

«Сыр сандық» өлеңі – ой мен сезім терең қабысқан, өмір, достық, адам тағдыры туралы үлкен толғаныстан туған шығарма. Ақын тек өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын ғана айтып отырған жоқ, жалпы адамзатты ғана толғандыратын, жалпы адам баласын ойландыратын құндылықтарды жырлап отыр.

Сұрақ-жауап стратегиясы: 1. Достық деген не? 2. Жақсы досты қалай табамыз? 3. Нағыз достықты жасауға бола ма? 4. Дос қатесін кешіруге, түзеуге бола ма?

Нақақтан күйіп кеткен. Сәкендей асыл ағаларымыздың обалы – опасыз суайттарда, екі жүзді көлгірлерде, «басыңа бұлт төнсе» іздеп таба алмайтын «көлеңке – доссымақтарда». Олардың бойында оянбай қалған адамдық қасиеттеріне тамызық болып ояту – біздің адамзат алдындағы борышымыз.

Үйге тапсырма: ақынға ашық хат. «Ардағы ауылымның – Сәкен аға» тақырыбында ойтолғау жазу.

Бағалау кезеңі: бағалау парақтарын топ басшыларынан алып бағалау.

С.Сейфуллиннің «Тау ішінде» әні тыңдалады.

Рефлексия. Стикерлерге өткізілген сабақ барысындағы ойларын жазу.

Назгүл ТАЗАБЕККЫЗЫ,
Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназияның мұғалімі.
Тараз қаласы.

МҰХТАР ӘУЕЗ ӘҢГІМЕЛЕРІ

(«Жетім», «Үш күн», т.б.)

Сабақтың мақсаты: кемеңгер суреткер қаламгердің әңгімелерінде көтерілген әлеуметтік мәселелер мен айтылған идеялар туралы кең түсінік беру, қоғамға деген дұрыс

көзқарасын қалыптастыру. **Міндеттері: білімділік** – әлемге танымал ұлы жазушы әңгімелерінің тәрбиелік мәні мен тақырыбы туралы түсінік беру; **дамытушылық** – жеке тұлға ретінде оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін дамыту. Шебер де шешен, өткір сөйлей білуге машықтандыру; **тәрбиелік** – адамгершілікке, мейірімділікке, білімділікке, сана-сезімнің өркендеуіне тәрбиелейді. **Түрі:** жаңа білім беру**. Көрнекі құралдар:** интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушыларды түгелдеу; 2. Оқу құралдарын тексеру.

II. Үй жұмысын сұрау.

- Бүгінгі, кешегі сабағымызда XX ғ. әдебиетінің заңғар биігі, шығармалары арқылы қазақ халқын дүние жүзіне танытқан, Николай Погодин айтқандай, қазақтар үшін екінші Абай болған Мұхтар Әуез өмірі мен өнер жолын айтатын боламыз. Олай болса, тақтаға назар аударайық.



2) Білдім, білгім келеді...

а) М.Әуез қай жерде және қашан дүниеге келді? ә) М.Омарханұлы 11 жасынан бастап кімнің тәрбиесінде болды? б) М.Әуездің білім алған орындарын атап шық. в) Жазушының тұңғыш туындысы қалай аталады және қай жылы жарық көрді? г) Қазақ сахарасында дүниеге келіп, сол сахарасын, оның талантты әдебиетін дүниеге паш етіп отырған жазушы табысының сыры неде?

3) Даңқы өлмес, дауысы сөнбес (жазушы туралы шетел зиялылары және қазақ қайраткерлері мен қаламгерлерінің ортақ лебізі).

III. Жаңа сабақ.

Адамзаттың Айтматовы атанған Ш.Айтматов М.Әуез туралы былай деген екен: «Бүкіл әлемді көз алдыңа келтіру үшін, басқалардың көзіне түсіру үшін, адам рухының қадір-қасиетін асқақтата көтеріп, жар салу үшін өз биігің – М.Әуез сияқты айқын болу керек».

20 жылдар мен 30-40 жылдарды қамтитын қазақ әдебиетіне мол мұра етіп алып келген М.Әуез шығармаларының тақырыбы – бұрынғы қазақ даласының тіршілігі мен тағдыры.

Мұхтар Әуез әңгімелері: *20 жылдар:* 1. Оқыған азамат. 2. Қорғансыздың күні. 3. Қыр әңгімелері. 4. Үйлену. 5. Кінәмшіл бойжеткен. 6. Қаралы сұлу. 7. Жетім. *30-40 жылдар:* 1. Іздер. 2. Білекке білек. 3. Үш күн. 4. Бүркітші. 5. Сөніп-жану.

4) Оқиғаның композициялық құрылымын талдау: 1. Оқиғаның басталуы; 2. Оқиғаның байланысуы; 3. Оқиғаның дамуы; 4. Оқиғаның шиеленісуі; 5. Оқиғаның шарықтау шегі; 6. Оқиғаның шешімі.

5) Проблемалық сұрақтар: 1. Тірі жетім мен тас жетімдер бар ма? 2. Бүгінгі күні Қасым сияқты жетімдер бар ма? 3. Жетім балалар жағдайы қалай шешілуде? 4. Жетім көрсең жебей жүрді қалай түсінесің?

IV. Сабақты бекіту. 6) Ырымшыл қазағым-ай!

Мұхтар Шаханов, Мұхтар Мағауин, Мұхтар Құл-Мұхамед, Мұхтар Ділдабеков. Мұхтар Шахановтың «Менің есімімді неге Мұхтар қойған?» өлеңінен үзінді оқу.

Ашты ол талай ғылымда жаңалықтар,
Дүниедегі достасты бар алыптар.
Соқты өзіне ескерткіш өз сөзімен,
Халқымыздың мақтанышы – дана Мұхтар! С.Мәуленов.

Туған елімізді, жерімізді, тілімізді өліп-өшіп сүюде Абай жолынан, Әуез жолынан айнымайды.

V. Қорытынды: 1) оқушы білімін бағалау; 2) үй жұмысы – жазушының басқа да әңгімелерін оқу, «Үш күн» әңгімесін талдау.

Әсем ПІРІМОВА,
Абай атындағы
№138 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ПЕН «ГҮЛШАТ – ШЕРИЗАТ»

(Қоғамдық-гуманитарлық бағыт. 10-сынып)

Сабақтың мақсаты: Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Гүлшат – Шеризат» дастанының сюжеттік желісін, композициясын өздігінен іздену арқылы меңгерту, дастан туралы ғылыми-теориялық түсінік беру, образдарына талдау жасау арқылы дастанның тақырыбы мен идеясын таныту. **Міндеттері: білімділік –** дастанның көркемдік ерекшеліктері мен жазушы шеберлігі жөнінде кеңірек түсінік беру; **дамытушылық** – сыни ойлау көзқарасын, қабылдауын, дүниетанымын дамыту. Сөз саптауын жетілдіріп, өз ойын ашық айтуға баулып, сенімін күшейту; **тәрбиелік** – адамгершілікке, адалдыққа, кешірімді болуға, рухани тазалыққа үйрету, пәнге деген қызығушылығын арттыру. **Әдіс-тәсілі:** проблемалық ізденіс, СТО, ойын, топпен жұмыс, сатылай кешенді талдау, модульдік оқыту технологиясы. **Көрнекілігі:** слайд, портрет, қима қағаздар, перфокарта, бағалау белгілері, білім кілті. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, өзін-өзі тану, әдебиет теориясы, шығыс әдебиеті

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру: оқушылармен амандасу, түгелдеу. Сабаққа дайындығын тексеру. Ұжымдық психологиялық ұйымдастыру әрекетін жүргізу. Топқа бөлу.

1-топ: «Абайдың дарабоздары». 2-топ: «Абайдың көшбасшылары».

Үй тапсырмасын тексеру: 1) Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Бұлақ көзі » өлеңін жатқа оқу.

2) Жоба қорғау: 1-топ тапсырмасы: *Мәшһүр Жүсіп – дара тұлға.* 2-топ тапсырмасы: *Мәшһүр Жүсіп – этнограф.*

Өткен тақырыпты пысықтау. *«Олжалы бестік» ойыны.*

Ойлы болсаң, озып көр – Мәшһүр Жүсіптің шын есімі? Мәшһүр атану себебі? *Зерек болсаң, сынап көр* – Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кітаптарын ата. *Мықты болсаң, ашып көр* – Ақын шығармаларының өзекті тақырыбы не? *Жүйрік болсаң, шауып көр* – берілген сөздердің Мәшһүр Жүсіпке сәйкес келмейтінін айтсаң, бестік – сенікі. *Алғыр болсаң, айтып көр* – Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын қалай топтастыруға болады? *Дайын болсаң, алып көр* – Бір адам бар өрік, мейіз ағашы сықылды, Жемісінен дүние жүзі баһра алады. Бір адам бар терек ағаш сықылды, Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды. Үзінді қай өлеңнен алынған? *Тапқыр болсаң, тауып көр* – Мәшһүрдің ғұмырнамалық өлеңдерін ата.

5. Жаңа сабақ.

Дастан туралы ғылыми-теориялық түсінік беру.

а) Дастан (парсыша «айту, баяндау, жырлау» дегенді білдіреді) – әдеби-эпикалық жанр. Шығыс халықтары әдебиетінде, әсіресе, парсы, түрік әдебиеттерінде кең тараған. Дастан белгілі бір сюжетке құрылады. Құрылымында кейде өлең, кейде қарасөз араласып келе береді.

Қазақ дастандары тақырыбы жағынан 5 түрге бөлінеді: 1. Ислам қағидаларын, діни наным-сенімдерді насихаттайтын дастандар. Мысалы: «Сал-сал», «Зарқұм», т.б. 2. Шығыс аңыз-әңгімелері негізінде туған дастандар. «Мың бір түн», «Шаһнама», «Тотының тоқсан тарауы». 3. Шығыс классиктері негізінде пайда болған дастандар. Фирдоуси, Науаи, Низамилер жазған «Ләйлі – Мәжнүн», «Таһир – Зуһра», «Ескендір», т.б. 4. Романтикалық сарындағы ғашықтық дастандар. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», т.б. 5. Ерлік пен ел жайындағы батырлық дастандар. «Рүстем – Дастан», «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын».

Топтық жұмыс. «Білім көзі – кітапта».

«Ең бастысы» ойыны. 1-топ тапсырмасы: Дастанға арқау

болған тірек сөздер мен сөз тіркесін жазу. 2-топ тапсырмасы: Дастандағы негізгі ойды ашатын сөйлемдерді жазу.

ә) Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Гүлшат – Шеризат» дастанының мазмұнын баяндау. Оқушыларға дастанды алдын ала оқып келу тапсырылған. Сондықтан оқушылар дастан сюжетін тізбектей баяндап береді.

Мәтінмен жұмыс жүргізу. Талдау сұрақтары: 1. Дастанның жанрлық ерекшелігі неде? 2. Аңызға құрылуын дастаннан мысал келтіру арқылы дәлелдеңдер. 3. «Гүлшат – Шеризат» дастаны қазақ дастандарының қай түріне жатады? 4. Парахзаттың арам ниетін мәтіннен тауып оқыңдар. 5. Гүлшат Шеризатты сөзбен қалай тоқтатады? Мәтіннен үзінді келтіру арқылы дәлелдеңіздер.

Дәптермен жұмыс.

Дастанға сатылай кешенді талдау жасау.

Авторы: Мәшһүр Жүсіп Көпеев. *Тақырыбы:* Адал ниетпен әділ іс қылу. *Идеясы:* Әділдіктің жеңіске жетуі, жақсылықтың салтанат құруын дәріптеу. *Жанры:* Поэзиялық шығарма, әдебиеттің тегіне қарай – эпос, түріне қарай – дастан. *Кейіпкерлері:* Көркін, Парахзат, Гүлшат, Шеризат, арыстан, керуенбасы Қожа Сағит. *Композициясы:* Оқиғаның басталуы. Көркін патшаның бір балаға зар болуы. Аңға шығуы. *Оқиғаның байланысы:* Парахзаттың ханымды өлтіртуі, баланы арыстанның, керуенбасы Қожа Сағиттың баланы асырап алуы. Парахзаттың түсі. *Шиеленіс.* Шеризаттың ержетіп, керуеншілермен бірге Шынмашын еліне келуі. Гүлшаттың Иран бағы. *Шарықтау шегі.* Барыстың хаты. Шындықты білу, Парахзатты зынданға тастау. *Шешімі:* Гүлшаттың ара түсуімен Парахзаттың күнәсінің кешірілуі. *Өлең құрылысы:* Дастан 11-12 буынды (кейде 7-8 буынды жыр үлгісі де араласып келген), 3 бунақты, қара өлең ұйқасымен жазылған. *Бейнелі сөздер:* эпитет, теңеу сөздерді тауып, теріп жазу. *Тәрбиелік мәні:* Әрқашан кешірімді болу, адамдарға жақсылық жасау.

Образдық талдау. *Дастандағы басты кейіпкерлерге төмендегі үлгі бойынша образдық талдау жасаңдар:* 1. Кейіпкердің сипаты. 2. Кейіпкердің мінезі. 3. Ұнамды не ұнамсыз әрекеті. 4. Мақсаты.

Еркін жауап. Пікір алмасу. *Сөйлемді жалғастыр. Егер мен Шеризат болсам...*

Өмірмен байланыс. Қазақ қоғамында осындай жайттар кездесе ме? Дастандағы өзіңе ұнаған эпизод қайсысы? Дастандағы ойды халық даналығымен қалай түйіндеуге болады?

6. Білімді бекіту. Зымыран сұрақтар: 1. «Гүлшат – Шеризат» дастанының сюжеттік желісі қайдан алынған? 2. Парахзаттың қыз бала тілеуінің мәні? 3. Автордың түйінді сөзі қандай? 4. Дастандағы ертегілік сипат пен аңыздық сипатты атаңыздар. 5. Дастан дегенді қалай түсінесің? 6. Қазақ әдебиетінда дастан неше түрге бөлінеді? 7. Дастанның тәлімдік мәні неде?

7. Үй тапсырмасы: дастаннан үзінді жаттау.

8. Бағалау. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.

Рефлексия кезеңі.

Асылтас ТҰҢҒАТАРОВА,
Есір Айшуақұлы атындағы орта мектеп мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы,
«Жыңғылды» ауылы.

СӘБИТ МҰҚАНОВ ЖӘНЕ «САЯТШЫ ОРАЗ»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: Сәбит өмірімен таныса отырып, әңгіме мазмұнын меңгерту. **Міндеттері: білімділігі** – қазақ әдебиетінде әңгіме жанрының атқаратын рөліне, ерекшелігіне тоқталып, кеңірек түсінік беру; **дамытушылығы** – кейіпкер әрекетімен саятшылық өнер екенін таныту, сөздік қорын молайту, ой қорытуға дағдыландыру; **тәрбиелілігі** – Сәбит шығармаларынан үлгі алып өнерді сүюге, ізгілік және

адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу, оқушылардың таным, білім көкжиегін кеңейту. **Әдісі:** Блум жүйесі, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, топпен жұмыс, толықтыру, т.б. **Көрнекілігі:** ақын портреті,слайд, интерактивті тақта,саятшының суреті, А-3 форматты қағаз, маркерлер, т.б. **Пәнаралық байланыс:** геометрия, биология, этнография, қазақ тілі. **Күтілетін нәтиже:** Сәбит Мұқановтың өмірі, шығармашылығы туралы мәлімет алады, тақырыпты талдауға үйренеді, өз ойларын еркін айта алады, саятшылықтың үлкен өнер екенін біледі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: а) амандасу, сынып тазалығын қадағалау, оқушыларды түгелдеп, назарларын сабаққа аудару; ә) оқушыларды геометриялық фигуралармен үш топқа бөлу, (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек) топ басшысын тағайындау, бағалау парақшасын тарату; б) сабақтың мақсатын айту.

I. Білу. Қызығушылықты ояту. **1-топқа:** Сәбит кім, қай жылдары өмір сүрді? **2-топқа:** Сәбиттің шығармалары. **3-топқа:** Сәбит туралы пікірлер.

«Саятшы Ораз» («Өмір мектебі» өмірбаяндық трилогиясынан үзінді). Оқиға Мұқанның баласының атынын баяндалады (Әр топқа мазмұнын бөліп айттыру, кейіпкерлерін жазу).

Ораз – саятшы, негізгі кейіпкер. Мұқан – Ораздың көршісі. Зәуре – Мұқанның қызы. Сүлеймен – Зәуренің күйеуі. Бағила, Ұлтуған – Мұқанның балалары. Мағаз, Жанкүміс – Ораздың балалары.

II. Түсіну (топтық жұмыс). Әңгімеге жоспар құру: 1. Жаңа қоныс. 2. Саятшы Ораз. 3. Ораздың мергендігі. 4. Ораздың құс баптау шеберлігі. 5. Оразға үйір болған балалар. 6. Ораздың адамгершілігі.

«Екі жақты түсіндірме күнделігі». *Трилогия* – мазмұны бір-бірімен байланысты, негізгі кейіпкерлері ортақ бір автордың үш кітаптан тұратын шығармасы. *Саятшы* – құсбегі, құс баптаушы. *Сауға беру* – ақысыз беру, садақа беру (ауланған аңнан берілетін сый). *Шілік* – сулы жерде өсетін бұта. *Ителгі* – сары шұбар қанаты ұзын кішкене қыран құс. *Қаршыға* – шағын денелі имек тұмсықты қыран құс. *Тұйғын* – қаз, үйрек аулап қоректенетін жыртқыш құс. *Күзен* – терісі бағалы жыртқыш аң. *Кісе* – күміспен, жезбен әшекейлеп істеген, шақпақ салатын қалтасы бар қайыс белбеу. *Тұрымтай* – кішірек келген жыртқыш құс. *Кендір* – арқан жіп. *Шиті* – оқпаны ұзын, екі аяқты білтелі мылтық. *Итақай* – иттің күшігі.

III. Қолдану. Көркемдегіш құралдар.

Портрет – шығармада кейіпкердің түр-тұлғасын суреттеу. *Орта бойлы, кең жауырынды, төстек кеуделі, мұрынының екі жақ сайынан басқа бетін түгел жапқан, ұзындығы кіндігіне түсетін қалың ақ сақалды, кішірек келген дөңестеу мұрынды, ойнақылау келген дөңгелек қара көзді, желкілдеген ұзын ақ қасты, кең маңдайлы, әжімсіз қызыл-күрең кескінді, ықшам сыртқы киімдерін шалбарланып алатын, кең шалбарының балағын ішіне сала, қонышын тізеден асыра етік киетін, беліне қазақша кісе буынатын, кісесінің төңірегінде мылтықтың оғын, дәрісін, тазалайтын саймандарын салатын салпыншақтары көп, кішігірім тебінгідей оқшантайлы, сол жақ бүйірінде қынды ұзын кездігі салбырап жүретін, арқасынан асынған шиті мылтығы түспейтін адам...*

Пейзаж – табиғаттың көркем суреті. *Біз көшіп барған ауыл қыстауының ұзын тұрқы батыстан шығысқа қарай созылған биік дөңнің қырқа жотасында. Жотаның ұзындығы төрт-бес шақырымдай, қапталының кеңдігі екі-үш шақырымдай. Осы жотаның батыс пен шығыс жағын және екі жақ қапталдығын жаба өскен қалың ну ағаш. Ағаштары түп түгел қайың мен терек. Ауыл қалың ағашты қырқа жонның арасында тұрады. Төбеден жауған қар болмаса, қысты күні қалың ағаштан бұл ауылға боран беттей алмайды. Қырқа жонның нақ биігінде сай бар, көктем кезінде бұл сайда аттың бауырлығынан келерлік су жатады да, төңіректей қалың ағаш өскен ауыл осы сайда дөңгелене орналасқан.*

Кейіпкерлерге мінездеме. *Сүлеймен* – орта дәулетті, сараң адам. Ораз – жалғыз оқты шитімен ататын мерген, қыс бүркіт,

жаз қаршыға мен тұйғын салумен айналысқан құсбегі, өзінің олжасын елмен бөлісе білетін қайырымды жан.

Теңеу – жұлдыздай, тебінгідей, шақырымдай. *Синоним саятшы, құсбегі, үлкен,зор, ну, қалың.*

Тұрақты сөз тіркесі: *Иттің ұлы итақай* – кімкөрінген. *Шапқан атқа қатарласам* – ала құйындатып.

Мақал-мәтел: Ең ауыр ақы – көрші ақысы.

IV. Талдау. 1-топқа: Концептуалды кесте**.**

А) Кейіпкер: Ораз. Өмірге қызығушылығы: өте жоғары, кедейшілікке мойымай, аң аулап күн көреді, елге көмектесті. Адамгершілік қасиеті:әрдайым жайдары, мол олжасын елге сауғаға береді, мейірімді, қайырымы мол. Кейіпкерге берілетін баға: өте жақсы.

Ә) Математикалық өрнектеу «Елтін». **2-топқа:** 1. Саятшылық дегеніміз не? 2. Аңшылық туралы қандай шығармаларды білесің? **3-топқа:** 1. Әңгімеде кездесетін құстарға сипаттама бер. 2. Мақал-мәтел айтыңыз (аңшылық, құс)

V. Жинақтау (топтық жұмыс). «Топтастыру» стратегиясы бойынша әңгіменің тәрбиелілік мәнін ашу.

VI. Бағалау. «Өзін-өзі бағалау парағы» бойынша бағаланады. Тест:

1. Сәбит қай жылы өмірге келді? а) 1973; ә) 1900; б) 1938.

2. Сәбит Мұқанов неше жастан бастап өлең жаза бастады? а) он жеті; ә) он сегіз; б) он тоғыз.

3. 1917 ж. алғашқы өлеңі:

а) «Көңілім»; ә) «Адасқандар»; б) «Сұлушаш».

4. Сәбит Мұқановтың көлемді еңбегін белгіле.

а) «Өмір мектебі»; ә) «Көксерек»; б) «Саятшы Ораз».

5. «Саятшы Ораз» әңгімесіндегі басты кейіпкер немен шұғылданады?

а) балық аулуамен; ә) тері илеумен; б) құсбегілікпен.

6. Ораз өзі аулаған аң терілерін не қылады?

а) сатып пайда қылады; ә) сауғаға береді;

б) тұрмысқа пайдаланады.

VII. Үйге тапсырма: мазмұны, аңшылық тақырыбына шығарма жазу.

VIII. Рефлексия. «Екі жұлдыз, бір тілек» (стикер арқылы кері байланыс орнату, бүгінгі сабақтан қандай ақпарат алдың?).

Жеткен нәтижем: 7-сынып оқушылары үлкен белсенділік көрсетті; Мәтіндегі сөз сырына үңілді; Қазақ тілі, биология, геометрия, этнография, математика пәндерімен пәнаралық байланыс жүзеге асты; Сынып оқушылары түгел сұралды, бағаланды; Ауызша, жазбаша тіл дамытылды; Сынып оқушыларының сабаққа қызығушылығы, белсенділігі артты.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1) 7-сынып оқулығы; 2) «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі». А., 2008; 3) «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2013, №9; 4) «Шың» кітабы. А., 2012; 5) «Қазақстандағы жануарлар әлемі» кітабы; 6) «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» кітабы.

Таңат ҚУАНҰЛЫ,
Ш.Айманов атындағы жалпы білім
беретін қазақ-гимназия мектебінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Баянауыл ауданы.

«АҚСАҚ КИІКТІҢ» АҚЫНДЫҚ СЕЗІМДЕРІ

Сабақтың мақсаты: С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңін көркемдік ерекшелігіне қарай талдау. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Киік өмірі мен ақын тағдырының ұқсастығын анықтап беру арқылы қорыту. **Міндеттері: білімділік** – Ақынның сөз қолданысын талдау. Көркемдегіш құралдарын таныту; **дамытушылық** – С.Сейфуллин туралы қосымша материалдармен жұмыс; **тәрбиелік** – табиғатқа деген жанашырлық пен сұлулыққа деген көзқарас. **Түрі:** талдау

сабағы. **Әдіс-тәсілі:** Қуандық Мәшhүр-Жүсіп. «Әдебиетті қисынды оқыту» әдістемесі. **Пәнаралық байланыс:** тарих, Биология. **Көрнекілік:** киіктің суреттері, «Қызыл кітап» бейнесі.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа жұмылдыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау: С.Сейфуллин қай жылы, қай жерде дүниеге келген? Ақынның қандай шығармаларын білесіңдер? «Ақсақ киік» өлеңі не туралы? Бетпақ даласы Қазақстанның қай жерінде орналасқан? Ақын оны қалай суреттеген? Киік туралы не білесіңдер? Қызыл кітап туралы не білесіңдер? Киіктің, яғни, Бөкеннің бейнесін ақын қалай суреттеген? Өзіне ұнаған жерді жаттап келдің бе? Өлең құрылысына қарай қандай өлеңге жатады? Өлеңде риторикалық сұрау бар ма? Киікті аңшылар не себептен атады екен? Шөлде қандай аңдар мен өсімдіктер өседі?

III. Жаңа сабақты түсіндіру.

Оқушыларды бүгінгі сабақтың тақырыбымен таныс-тырамын да, бүгінгі сабақта қолданатын әдістеме жайында жалпы түсінік беремін.

Оқушылардың тізімін алып, кестеге түсіріп, оң және теріс бағанасы бар бағалау парағын жұмыс үстеліне қоямын.

Интербелсенді тақтаға төмендегідей сауалнамалар жазылғанын көрсетемін: 1. Киік әдемілігін танытатын сөздер мен сөз тіркестерін ата. 2. Киік әсемділігін танытатын сөздерді жаз. 3. Киіктің көптігін айқындайтын сөздерді жаз. 4. Табиғат қиындығын,онда өмір сүру ауыртпалығын айқындайтын сөздерді айтыңыз. 5. Киікті көп атуды бейнелейтін сөзді ата. 6. Киік қиналуын: қанның көп ағуын неден көреміз? 7. Киік азапталуының басқа да түрлерін танытатын не? 8. Лирикалық қаhарманның, сол арқылы ақынның киік қиналысына, өліміне аяныш білдіруін неден білеміз?

Тапсырманы айқындап тұрған сөз немесе сөз тіркесінің төбесіне керек санды қояды (1-8).

Бекіту: Проблемалық сұрақтарды шешу.Сонымен ақын өлеңде не айтқысы келді?Ақын неден жиреніп,неге үгіттейді? «Тек киікті атпаңдар» деген оймен шектелуге бола ма?

Қорыту: «Әдемілікті көре біліңдер, әсемдікті аяландар» деген тақырыпта пікірлесу.

Үй тапсырмасы: І.Жансүгіровтің «Күй» поэмасын оқып келу.

Бағалау.

Күнімай ҚАЛМАТАЕВА,
№11 орта мектеп мұғалімі.
Тараз қаласы.

НӘТИЖЕ САБАҚТА – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Сабақтың мақсаты: өткен тақырыптың мағыналы мазмұнын есте сақтап, айтайын деген идеясын көкейге тоқып, Қазақстанның тарихи ескерткіштерін жатқа білу. **Міндеттері: білімділік** – оқушылар білімін нығайту, теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру; **дамытушылық** – оқушылардың ізденімпаздық, ойлау қабілеттерін арттыру, өз көзқарастарын жүйелі де тиянақты баяндауға баулу; **тәрбиелік** – оқушыларды ізеттілікке, шапшаңдыққа, білімділікке, мәдениеттілікке тәрбиелеп, белсенділігі мен қызығушылығын ояту. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, ауызша баяндама, сөйлесу, ой салу, іздендіру, өздік жұмыс, жаттығу, жазу, блиц-турнир. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, Қазақстан Республикасының картасы, суреттер, буклеттер, Тараз туралы кітаптар көрмесі, сөздіктер, асық. **Болжамдап отырған нәтиже:** Туған жерін, оның ғажайып ескерткіштерін білетін, мақтаныш тұтатын мемлекеттік тілде сөйлейтін тұлға.

Сабақтың жоспары:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру, ой жинақтау кезеңі.

III. Пысықтау кезеңі.

IV. Сабақтың қорытындысы.

V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) сәлемдесу, жоқ оқушылар туралы мәлімет қабылдау; ә) оқушылардың сабаққа дайындығын, көрнекіліктің орынында болуын тексеру; б) оқушыларға сабақтың тақырыбын, мақсатын, жүргізу тәртібін хабарлау.

II. Үй тапсырмасын тексеру: а) ой жинақтау кезеңі, сұрақтарға жауап алу: 1) Қазақ жерінде ежелгі нелер көп? 2) Олар қалай пайда болған? 3) Қалалардың көбі қандай жерлерде салынған? 4) Қазақстанда ең алғаш қалалар қашан пайда болған? 5) Ертедегі қалалардың сыр-сипатын кімдер ашып берді? 6) Ежелгі қалаларымыз қазір бар ма?; ә) сөйлесу: «Болашақтағы қала»; б) блиц-турнир: 1. Мен .... қаласында тұрамын. 2. Менің қалам Қазақстанның .....орналасқан. 3. Менің қалам ..... 4. Қаламда .... ескерткіштер бар. 5. Қаламда .....оқу орындары бар. 6. Қаламда ..... астам ұлт өкілдері тұрады. Олар тату-тәтті тұрады.

Үй тапсырмасын қорытындылау.

III. Пысықтау кезеңі. Интерактивті тақтада: сабақтың тақырыбы, мақсаты.

1) – Балалар, бүгін нәтиже сабақ, тақырыбы – «Қазақстанның тарихи ескерткіштері».

Қазақ жеріндегі ежелгі қалалар көп болған. Көбі жоқ. Ал сақталған қалалар: Түркістан, Отырар, Тараз. Тараз VII ғасырдан бастап әйгілі болған. Ол Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың біріне айналған. Біздің қаламыздың сәулет өнерінің тамаша ескерткіштері туралы әңгімелесу алдында, Түркістан мен Отырар туралы да мәлімет дайындаған оқушыларға сөз берейік.

2) 3 оқушы шығып, асық иіріп, тақырып таңдайды.

- Бүк – «Қасиетті Түркістан» - әңгімелесу, өлең айту;

- Алшы – Отырар туралы мәлімет беру.

- Шік – «Көне Тараз» – қысқаша мәлімет беріп, өлең оқу.

3) – Енді, Тараз қаласының есткерткіштеріне тоқталайық (Интерактивті тақтада: Тараз қаласы, оның ескерткіштері). Оқушылар ескерткіштер туралы деректерді жинап, дайындалып келіпті. Соларға сөз берейік.

Қайталау кезеңі:

а) сұрақ-жауап: Құрмалас сөйлем дегеніміз не? Неше түрі бар? Салалас құрмалас сөйлем қанша түрге бөлінеді? Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтары?

ә) өздік жұмыс:

- Балалар, «Ежелгі қалалар» тақырыбына 4 салалас құрмалас сөйлем құрастырыңдар. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.

IV. Сабақты қорытындылау (интерактивті тақтада):

Семантикалық карта

	Шабғар	**Фараб**	**Тараз**	**Түркістан**	**Отырар**
1. «Екінші Мекке»					
2. Айша бибі кесенесі.					
3. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі.					
4. Отырар алғашқы кезде қалай аталған?					
5. Арыстан баб ғимараты					
6. Әбу Насыр әл Фараби туған қала.					
7. Түркістанның орынында IV-X ғ. қандай қала болған?					
8. Орта Азия мен Қазақстандағы ең алғашқы монша.					

	Орталық базар алаңы	Абай атындағы драм. театрдың алдында	Сүлейменов көшесі	Қаланың ортасында	Төле би мен Қойгелді көшелерінің қиылысында

1. Мұхаммед Хайдар Дулатидің есткерткіші					
2. Бауыржан Момышұлының ескерткіші					
3. Бәйдібек бабаның ескерткіші					
4. Жамбыл атамыз-дың ескерткіші					
5. Қолбасшы Қойгелдінің ескерткіші					

V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма: Реферат жазу.

Баян БАЙХАДАМОВА,
Жамбыл облысы бойынша
педагог қызметкерлердің біліктілігін
арттыру институтының аға оқытушысы.

ТЕСТ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Оқыту үрдісіндегі ең маңызды бөлімінің бірі – оқытудың нәтижесін тексеру. Тексерудің барлық түрін, әдісін, пішімін қажетті жағдайда орындау, жүйелі түрде дұрыс қолдану оқыту сапасын жоғарылатып, оқушылар үлгеріміндегі жетіспеушілікті дер кезінде ашуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық теория өлшемінің негізі «педагогикалық тапсырма» деген ұғымға саяды.

Педагогикалық тапсырма – барлық тапсырмалардың мақсаты мен мазмұнын қамтитын ұғым.

Педагогикалық тапсырма оқушылардың танымдық қызметін белсендіруге, білім сапасын арттыруға және педагогикалық еңбектің нәтижелі болуына ықпалын тигізеді. Педагогикалық тапсырма тест, бақылау жұмысы, диктант, зертханалық жұмыстар

және басқадай түрде жүргізіледі. Осының қатарындағы кеңінен қолданып жүрген бақылау түрі – тест.

Тест ағылшын тілінен аударғанда «бақылау», «байқау», «зерттеу» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде ҚР барлық оқу орындарында тест түріндегі тапсырмалар кеңінен қолданылады. Ол сұрақ түрінде және бір ғана дұрыс жауапты табуға құрылған. Уақыт мұндай түрдің өзіндік кемшіліктері бар екенін байқатты. Себебі, бұл көп жағдайда жауапты анық білмей, кездейсоқ дұрыс жауапты белгілеп, білім деңгейі төмен оқушылардың жоғарғы көрсеткіш танытуына әкеліп соғып жатыр. Яғни, бұл – нақты білімді тексеру барысында өз мақсатына жетпегендігінің айғағы. Сондықтан да бүгінгі қоғамға сай білімді тұрақтандырудың және сапасын тексерудің жаңа түрлерін табу қажеттігі туындайды. Осы мақсатта Ресей Федерациясының педагогика ғылымының докторы, профессор Вадим Сергеевич Аванесов «Форма тестовых заданий» деген еңбегінде тест түрлерін көрсеткен.

Айтылған еңбекке сүйене отырып, мектеп мұғалімдеріне, жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған тест тапсырмаларын жүйелеп, төмендегідей түрде ұсындық: **Тест тапсырмаларына қойылатын талаптар:** тест тапсырмалары белгілі бір жүйелі ойды бейнелейтін логикалық анықтама (тұжырым) түрінде болуы; форманың дұрыс таңдалуы; тапсырма элементерінің дұрыс орналасуы; таңдап алынған форма шеңберінде дұрыс жауаптарды бағалаудың бірдей болуы; нұсқаудың оқушылар үшін біртектілігі.

Тест түрлері: жабық тест, балама тест, анықтау тест, тіке жауап тест, ашық тест, реттік тест, толықтыруды қажет ететін тест, фасет тест. **Жабық тест** берілген тапсырмаға үш жауаптың ішінен бір дұрыс жауабымен шектелуі тиіс. Мысалы: Мына мысалдан болымсыз антонимді тап. А) жақсы – жаман; ә) жақсы – жақсы екен; б) жақсы – жақсы емес. **Балама тест** берілген тапсырмаға «иә» немесе «жоқ» деген екі жауаптың біреуімен шектелуі тиіс. Берілген тапсырманың жауабы ойыңыздағыдай болса «иә» деген жауапты, ал егер дұрыс болмаса «жоқ» деген жауапты береді. Мысалы: Қазақ әліпбиінде 32 әріп бар ма? «жоқ». Екі жай сөйлемнен жасалып, күрделі бір ойды білдіретін сөйлем

құрмалас сөйлем бе? «иә». **Анықтау тест** екі бағаннан тұрады. Бірінші бағанда берілген тапсырманың жауабын екінші бағанға жазасыз. Жауап өте қысқа және нақты болуы шарт. Мысалы:

Тапсырма	Жауап
Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөзді не дейміз?	Табу

Тіке жауап тест мұғалімнің берген сұрағына оқушы бірден жауап беруі қажет. Мысалы: Бітеу буынға мысал келтір. Жауабы: бер, кел, қант, төрт.

Ашық тест дайын жауап берілмеген оқушы жауапты өзі тауып жазады. Жауабы көлемдірек болады. Мысалы:

Тапсырма	Жауап
Синоним дегеніміз не?	Мағынасы бірдей, бірақ айтылуы мен жазылуы әр түрлі болатын сөздерді айтамыз.

Реттік тест берілген тапсырмаларды дұрыс ретімен орналастыру. Мысалы: А) Біресе ол барады, біресе Айгүл барады. Ыңғайлас салалас. ә) Күн де шығып тұр, жел де соғып тұр. Қарсылықты салалас. Б) Бұл шөп әдемі екен, бірақ зияны да бар. Кезектес салалас.

Толықтыруды қажет ететін тест – мәтінде, сызуда формуланың жазылуында керекті сөздерді, белгіні, таңбаны қоятын ашық орын қалдырылады. Мысалы: мен _____ келдім.

Сіздің назарыңызға бірнеше дұрыс жауап болуы мүмкін тестілік тапсырма берілген. Барлық дұрыс жауапты дөңгелектеңіз.

Тапсырма: **1. Еріннің қатысына қарай езулік дауыстылар...** 1) а; 2) б; 3) ұ; 4) ә; 5) о; 6) ө; 7) ү; 8) ы. 2. **Антоним болатын сөздер:** 1) ақ-қара; 2) үлкен-дәу; 3) жасыл-қызыл; 4) жомарт-сараң; 5) ақылды-данышпан; 6) жақсылық-жамандық; 7) ат ізін салмау-ат ізін құрғатпау; 8) ашу-дұшпан. 3. **Анықтауыштың сұрақтары:** Кім? Қай? Неге? Қайда? Қалай? Қашан? Кімнің? Қандай? Не үшін? Қашаннан?

Оқушылардың білім деңгейін тексеру мақсатында тестің ФАСЕТ түрін пайдалану да өте тиімді. Фасет – бір тапсырмадан

жауаптың бірнеше түрін табуға арналған тест түрі. Ол бір тапсырмада бірнеше нұсқа құруға мүмкіндік береді, бұл бірдей нұсқаның қайталануынан туындайтын көшіріп алуды тежейді, яғни, нақты білімді анықтауға неғұрлым тиімді түрі болып саналады. Мысалы: 1. Өздік, сілтеу, жалпылау есімдігін көрсет: 1) өзі; 2) біз; 3) мен; 4) сол; 5) бәрі; 6) анау; 7) күллі; 8) өзіміз; 9) түгел; 10) барша; 11) бұлар; 12) барлығы; 13) мыналар.

Тест тапсырмаларының ендігі бір түрі – өзара байланысты немесе сатылы тапсырмалар. Яғни, мұндағы ерекшелік: дұрыс жауапты табу – алдындағы сұрақтың жауабының дұрыстығына байланысты болатындығы. Оның себебі мазмұн байланысында, яғни, ой үзілмей жалғасып отыруы қажет.

Тапсырма: **1. Қазақ халқын әлемге әйгілі еткен шығарма:** 1) «Қазақ солдаты»; 2) «Оянған өлке»; 3) «Абай жолы»; 4) «Шұғаның белгісі»; 5) «Дауылдан кейін». **2. Оның авторы:** 1) М.Әуезов; 2) Б.Майлин; 3) Ғ.Мүсірепов; 4) С.Сейфуллин; 5) Ғ.Мұстафин. **3. Басты кейіпкерлері:** 1) Қайрош; 2) Шұға; 3) Абай; 4) Байжан; 5) Игілік.

Міне, осылай әр түрлі деңгейдегі білім сапасын тексеру мақсатында шексіз тапсырмалар құрай білуге болады. Мұнда тест тапсырмаларының тек бірнеше түрі ғана сөз болды. Ал олардың әлі де бірнеше түрлерін құрастырып, тиімді пайдалануға болады. Мұндай тест тапсырмаларын мектепте де, жоғары оқу орындарында да қолдануға болатын, білім сапасын тексерудің нәтижелі әдіс-тәсілдерінің бір түрі дер едім.

Оқушылардың білімі мен білігін тексеруде тест тапсырмалары қазіргі таңда өз нәтижесін беруде.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1) В.С.Аванесов. «Форма тестовых заданий», статья первая ПИ № 2, 2007; 2) В.С.Аванесов. «Содержание теста и тестовых заданий», статья вторая. Начало ПИ №3. 2007; 3) В.С.Аванесов. «Теория и методика педагогических измерений». №4. 2007; 4) М.М.Жанпейісова. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». А., 2006; 5) М.Тобугов. «5-6 сыныптар бойынша қазақ тілі пәнінен тест түрлерінің жиынтығы». А., 2006.

Авторлық бағдарлама

Ботагөз ДОСҚАЗИЕВА,
Ғ.Мүсірепов атындағы
№86 мектеп-гимназиясының мұғалімі.
Алматы.

КӨРКЕМ СӨЗ ЗЕРГЕРІ

(8-9-сыныпқа арналған)

Түсініктеме хат

Ғабит Мүсіреповтің мұрасының ашылмаған қырларын тану – өткен тарихтан қорытынды жасап, бүгінгі өмірде ұтымды пайдалану үшін ғана емес, ертеңгі ұрпаққа дұрыс жол сілтеудің де қажеті. Ғ.Мүсіреповтей іргелі құбылыстың тарихқа қатынасын зерттеудің танымдық жағынан берері мол. Өмірін шығармашылық ізденіспен өткізген, өз заманындағы саяси оқиғаларға белсене араласқан ол тарихшылардың назарынан тыс қалған тарихи фактілер мен олардың себебін көре білген. Міне, сондықтан да Ғ.Мүсіреповтің тарихқа, мәдениеттің дамуына қосқан үлесін зерттеу – жазушының қайраткерлік қыры мен рухани мұрасын кешенді түсінуге мүмкіндік беретін қадам.

«Көркем сөз зергері» курсы халқы сүйген қаламгерге айналған әрі қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан жазушы Ғабит Мүсіреповтің тәрбиелік мәні зор мұрасын оқуға арналған.

Бағдарламада қазақ әдебиетінің абыройын асырып, мәртебесін биіктеткен классиктердің бірі, көркем сөздің ұстасы, академик-жазушысы Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылық жолына жан-жақты шолу жасалды.

Ғабиттану мәселелері бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп жүрген белгілі ғалымдардың, зерттеушілердің жазбалары енгізіле отырып, тарихи хронологиялық тізбектілігін сақтай отырып, оқушы жасына сай жасақталды.

Ғабит Мүсіреповтің балалық шағынан бастап, өмірінің

соңғы күндеріне дейінгі жүріп өткен өмір жолы мен көркем туындыларын тереңдете оқыту арқылы асыл қасиеттерін, адамгершілігін, азаматтық ғажап тұлғасын таныту керек. Оқушылардың рухани-эстетикалық талғамын жетілдіру, олардың жан дүниесін байытып, шығармашылық қабілетін дамыту міндет.

Курстың бағдарламасы мына мақсаттарға сай құрылды: оқушыны өзіндік ізденістерге негіздей отырып, Ғабит туралы мағлұматтар беру; көркем туындыға өз бетімен пікір айтуына ықпал ету; тарихи шындық, көркем шындық туралы түсініктерін жетілдіру; жазушының әңгімелері мен шығармалары арқылы адамгершілікке баулу; ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

Курстың міндеті: оқушыларға Ғабит Мүсірепов шығармалары мен аудармаларын оқыту, қазақ әдебиетіне қосқан үлесін таныту; даналық ойлары мен ұлағатты сөздерін талдай отырып, ана тілінің жанашыры екенін, көркем сөздің шебері екенін ұғындыру; драма жанрының негізін қалаушы екенін, қазақ кино саласына сіңірген еңбектерін атап өту; өз бетінше іздену дағдыларын дамыту.

Курстың өзектілігі бұл тұрғыдан да айқын көрінеді. Ғ.Мүсіреповтің тарихи көзқарасында дәстүрлі қазақы ұғым-түсінік пен тарихи құндылықтар да, социализм тұсындағы саяси құндылықтар да шоғырланып, үйлесімді жарасым тапқан. Демек, осы құпиясы мол құбылысты зерделеу өткеніміздің тағылымын бүгінгі күнге қолдануға септігін тигізеді. Тақырыптың ғылыми-практикалық маңызы осында жатыр.

Осы курс ана тақырыбында бір емес, бірнеше рет қалам тартып, оны жоғары дәрежеге көтерген жазушының шығармаларын талдай отырып, оқушының жүрегінде анаға деген ыстық махаббаттарын одан әрі орнықтырады. Қарапайым халықтың тұрмысын бүкпесіз жазған шығармалары арқылы жас оқырмандардың адамгершілік мінез-құлықтарын шыңдай түседі.

Ғабит Мүсірепов қазақ әдебиетінің барлық жанрын дамытуда аянбай еңбек етті, шығармаларымен байытып,

абыройын биіктетті. Оның шығармалары арқылы ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы халық өмірінің шынайы шындығына терең бойлайды. Оның шығармалары бүгінгі оқырманның да, болашақ ұрпақтың да ажырамас рухани серігі, қымбат мұрасы болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1) Ғ.Мүсірепов «Таңдамалы үш томдық», Бірінші том повестер мен әңгімелер, «Жазушы», А.,1980; 2) Ғ.Мүсірепов. «Таңдамалы үш томдық», Үшінші том повестер мен әңгімелер, «Жазушы», А., 1980; 3) Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алған шығармалар: Ғ.Мүсірепов «Кездеспей кеткен бір бейне» повесть және әңгімелер, «Жазушы», А., 1987; 4) Ғ.Мүсірепов. «Әдебиет – кәсіп емес, өнер» жас қаламгерлер кітапханасы, толғаныстар (құрастырғандар: Ә.Нарымбетов, Ж.Әбдіғапарова) «Жалын», А., 1987; 5) М.Мақатаев. «Күнделік», «Жалын», А., 1991; 6) Ғ.Мүсірепов. «Бес томдық шығармалар жинағы», Бірінші том повестер мен әңгімелер «Жазушы», А., 1992; 7) «С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов – қазақ әдебиетінің классиктері» халықаралық ғылыми конференция материалдары (құрастырған Г.Жетпісқызы) «Арыс», А., 2002; 8) «Қазақстан жазушылары ХХ ғасыр» анықтамалық (құрастырғандар: Е.Дүйсенбайұлы, А.Естен, Қ. Омарұлы, М. Есләмғалиұлы, Қ.Жұмашева) «Ана тілі» баспасы, А., 2004; 9) Әдеби мемуарлар «Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер» (Құрастырушы: С.Оразаұлы), «Білім», А., 2004; 10) Ғ.Мүсірепов. «Ана тілімізді анамыздай ардақтайық» мақалалар, ой-толғаныстар (құрастырған Ә. Қайырбеков) «Толағай», А., 2007; 11) Ұлықман Асыл. «Даналық энциклопедиясы: таза қазақ нақылдары», «Мектеп», А., 2009; 12) «Өміршең ойға тоқтау жоқ», «Жалын» Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал №5, А., 2011. **Қосымша: Оқушыларға арналған шығармашылық жұмыстардың тақырыптары:** 1) «Халқы сүйген қаламгер» тақырыбында реферат жазу; 2) Ғ.Мүсіреповтен қалған мұра; 3) Ғ.Мүсіреповтің көркем тіліне талдау жасау; 4) «Бесеудің хаты – тарихи шындық» тақырыбында баяндама жазу; 5)

Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы ана тақырыбы; 6) «Бейімбет және Ғабит» (реферат); 7) «Ғабит және Ғабиден» (реферат); 8) Ғабиттанушылардың мақалаларынан үзінділер жинау.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі
(8-сынып)

Кіріспе (1 сағат). Курстың мазмұны, мақсаты мен міндеті. Негізгі кезеңдері. Жас ғабиттанушыға ізденіс жұмыстарына бағыт-бағдар беру. Ғабиттанудың қазіргі дәуір талап етіп отырған негізгі міндеттері. Жазушы өміріне қатысты деректер. Ғабиттану мәселелерімен айналысып жүрген белгілі ғалымдар, зерттеушілер, жазушылар, журналистер.

«Автобиографиялық әңгіме» (2 сағат). Жазушының тәрбие, білім алған ортасы, оқу ордалары, ұстаз өнегесі туралы жазған өмір дерегі.

Ғабит Мүсірепов өмірі мен шығармашылығы туралы (1 сағат). Жазушы қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының дамуына зор үлес қосты. Оның әдебиет мәселелері жайында жазған еңбектері ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап өмірінің соңғы кезеңіне дейін мерзімді баспасөз бетінде қазақ, орыс тілдерінде үздіксіз жарияланып тұрды.

Сәбит Мұқанов «Ғабит Мүсірепов туралы» (Қысқаша биографиялық очерк) (2 сағат). Ғабиттің балалық, жастық шағы, айналасы, оның ата-анасы, туған-туыстары туралы және шығармашылығы туралы.

«Қос Шалқар» әңгімесі (2 сағат). Туған өлке табиғатының ғажайып суреттері, адамдардың әлеуметтік тіршілігі.

Сынақ сабағы (1 сағат). Тест алу.

«Талпақ танау» (2 сағат). Өзіндік сыр-сипаты, ерекшелігі мол тұлғалы туынды. Адам психологиясындағы түбегейлі тартысты ойнақы әзілмен, жарасымды қалжыңмен, ұлттық нақышпен, тіл өнерінің құдіретімен айнытпай берудегі шеберліктің қадір-қасиеті көркем көрсетілген.

«Шұғыла» әңгімесі (2 сағат). Қазақ халқының 1932 жылғы қайғылы өмірі үлкен суреткерлік бояумен берілген.

«Бесеудің хаты» (2 сағат). 1932 жылдың 4 шілдесінде ол

республикаға танымал адамдармен бірлесе отырып, халықтың басына төнген аштық нәубеті жайында БКП(б) қазақ өлкелік комитетіне “Бесеудің хатын” жолдады. Хаттың мазмұны мен көтерген келелі мәселесі Ғабит Мүсіреповтің қай кезеңде де болмасын халқының қамы үшін күресіп, қоғам алдындағы парызын адал орындаған азамат болғандығын айғақтай түседі.

Сынақ сабағы (1 сағат).

«Біздің Би-аға» (2 сағат). Бейімбет Майлинге арнаған, оны парасаттылықтың эталоны етіп көрсеткен “Біздің Би-аға” атты очеркінде (“Социалистік Қазақстан”, 1965, 12 қыркүйек) Ғ.Мүсірепов өз өмірінің сол тұсынан құнды деректер келтіреді.

«Өлімді жеңген ана» (2 сағат). М.Горький шығармаларының ізімен жазылған әңгімесіндегі ана тұлғасы – әдебиетімізге қосылған көркем жаңалық.

«Ақлима» (2 сағат). Майданда өлген баласына деген сағынышы мен перзенттен айырылу өкініші күшті ананың мүгедек өзге бір жауынгерді өзіне бала етуге бекінгені айтылады.

«Әмина» әңгімесі (1 сағат). Ана тақырыбындағы шығармалары арқылы сөз өнеріне жаңа көркемдік өрнек әкелді. Әйелдердің келер ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай, тағылым аларлықтай қадір-қасиеттерін әсерлі етіп бейнелейді.

«Айгүл қойшының күндері» (2 сағат). Еңбектен ғана бақыт тапқан, ел қамын ойлайтын қоғам қайраткерінің үлкен адамгершілігі суреттеледі.

Сынақ сабағы (1 сағат).

Шебер аудармашы (1 сағат). О.Генри, С.Тагарао, М.Горький, М.Шолохов, В.Василевская, И.Эренбург, У.Шекспир, А.Островский, Ж.Мольер, Я.Галан, К.Симонов, А.Леонов, А.Сафронов, А.Штейн, тағы басқа қаламгерлер шығармаларын қазақ тіліне аударды. Мүсірепов, белгілі ғалым Г.Ломидзе атап көрсеткендей, “Ол керемет дәлдікпен әрі үйлесімділікпен жұмыс істейтін өте нәзік, өрнекті шебер. Мүсірепов қаламынан жанды бейне, тірі пішін сомдалып, ол суреттеген адам мінез-құлқы мен құбылыстарға кең тыныс, ауқымдылық тән” суреткер болды.

Б.Бұлқышев. «Ана» әңгімесі (1 сағат). Бұл әңгімеде Баубек Бұлқышевтің анаға деген махаббатын, ыстық сезімін шебер аударған.

Шығарма (1 сағат).

Б.Полевой. «Елдің ері» очеркі (2 сағат). Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің ерлігі туралы жазылған көркем очерк.

В.Василевская. «Жер үйде» (1 сағат). Анисья әжейдің фашистерді қалай жермен-жексен еткені баяндалады.

З.Вейнбергер. «Киев көшесінде» әңгімесі (1 сағат). Киев көшесінде Украинаның ер қызы елі үшін намысын қолдан бермей өлгендігі айтылады.

Жыл бойы өткенді қайталау (1 сағат).

Нормативтік бөлім
(8-сынып)

Барлығы – 34 сағат, аптасына – 1 сағат

№	Тақырыптың атауы	Сағат саны			Өткізу түрі	Білімдік қазына, нәтиже
		Барлығы	Лекция	Практика		
1-тоқсан (9 сағат)						
1.	Кіріспе. Курстың мақсаты, міндеті.	1	1		Лекция сабағы	Конспект
2.	«Автобиографиялық әңгіме»	2	1	1	Әңгімелеу, талдау	Реферат
3.	Ғабит Мүсірепов өмірі мен шығармашылығы туралы	1	1		Шолу лекциясы	Хроноло-гиялық кесте
4.	С.Мұқанов «Ғабит Мүсірепов туралы» (Қасқаша биографиялық очерк)	2	1	1	Лекция түрінде тарихпен байланыстыру	Баяндама
5.	«Қос Шалқар»	2		2	Әңгімелеу, талдау	Ойтолғау
6.	Сынақ сабағы	1		1	Тест	
2-тоқсан (7 сағат)						
1.	«Талпақ танау»	2		2	Әңгімелеу, талдау	Кейіпкерлер-ге мінездеме беру

2.	«Шұғыла»	2		2	Әңгімелеу, талдау	Кейіпкерлер-ге мінездеме беру
3.	«Бесеудің хаты». Наза мен налаға толы хаттар. Тарих беттерінен.	2	1	1	Лекция түрінде тарихпен байланыстыру	Баяндама
4.	Сынақ сабағы	1		1	Бақылау сұрақтары	
3-тоқсан (10 сағат)						
1.	«Біздің Би-аға»	2		2	Әңгімелеу, талдау	Реферат
2.	«Өлімді жеңген ана»	2		2	Әңгімелеу, талдау	Сахналық қойылым
3.	«Ақлима»	2		2	Әңгімелеу, талдау	Ойтолғау
4.	«Әмина»	1		2	Әңгімелеу, талдау	Эссе жазу
5.	«Айгүл қойшының күндері»	2		2	Әңгімелеу, талдау	Мінездеме жазу
6.	Сынақ сабағы	1		1	Тест	
4-тоқсан (8 сағат)						
1.	Шебер аудармашы	1	1		Лекция	Реферат
2.	Б. Бұлқышев. «Ана» әңгімесі	1		1	Әңгімелеу, талдау	Жаттау
3.	Шығарма	1		1	Шығарма-шылық жұмыс	Шығарма жазу
4.	Б. Полевой. «Елдің ері» очеркі	2		2	Әңгімелеу, талдау	Мінездеме жазу
5.	В. Василевская. «Жер үйде»	1		1	Әңгімелеу, талдау	Ойтолғау
6.	З. Вейнбергер. «Киев көшесінде» әңгімесі	1		1	Әңгімелеу, талдау	Эссе
7.	Жыл бойы өткенді қайталау	1		1	Қорытын-ды, тест	

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі (9-сынып)

Кіріспе (1 сағат). Курстың мазмұны, мақсаты мен міндеті. Негізгі кезеңдері. Жас ғабиттанушының ізденіс жұмыстарына бағыт-бағдар беру. Ғабиттанудың қазіргі дәуір талап етіп отырған негізгі міндеттері. Жазушы өміріне қатысты деректер. Ғабиттану мәселелерімен айналысып жүрген белгілі ғалымдар, зерттеушілер, жазушылар, журналистер.

Ә.Нарымбетов. «Көркем сөздің зергері» (2 сағат). Қазақ сөз зергерлері ішінде Ғабит Мүсіреповтің қайталанбас жазушылық қолтаңбасы ерекше. Стилінің әсемдігі, дәлдігі, тілінің нәрлілігі, нәзік юморы мен аса байқампаздығы – бүкіл бір ұрпаққа үлгі.

Драма жанрын дамытушы (1 сағат). Драматургия саласына сіңірген еңбегі де орасан зор. Оның драматургиясы шиеленіскен әлеуметтік тартысқа құрылған, қимыл-әрекеттері ширақ, диалогтары дәлме-дәл, монологтары ақындық пафоспен рухтанған серпінді, тілі құнарлы да бейнелі: осы қасиеттер кейіпкерлер характерлерін терең ашуда қолайлы қызмет атқарған.

«Қыз Жібек» пьесасы (2 сағат). Халықтық лиро-эпостың негізінде туған тың өрнекті дүние.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы (3 сағат). Қозы Көрпеш, Баян образдары қазақ драматургиясындағы үлкен суреткерлік шеберлікпен берілген.

Ғ.Мүсірепов – киносценарист (1 сағат). В.Иванов, Б.Майлинмен «Амангелді» атты бірінші қазақ киносының сценарийін жазды. «Махаббат туралы дастан» атты көркем суретті және екі сериялы «Қыз Жібек» фильмінің сценарийін жазған, әсіресе, соңғы туындысымен ол киносценарийдің үлкен шебері екенін танытты.

«Қыз Жібек» фильмі (2 сағат).

«Махаббат туралы дастан» фильмі (2 сағат).

Мұқағали Мақатаев. «Ғабеңе», «Күнделігінен» естелік (17 наурыз 1973жыл, 1 сағат). Ғажайып ақындардың бірі – Мұқағали Мақатаевтың Ғабит Мүсіреповтің туған күнінің құрметіне орай жазған жүрекжарды өлеңі, інісінің ағасына арнауы.

Сынақ сабағы (1 сағат).

«Атақты әнші Майра» әңгімесі (3сағат). Жазушы тарихи факт, тарихи адамның өміріне сүйене отырып, қазақ әйелінің өнерпаздық тұлғасын оның адамдық қасиетімен ұштастыра тұрып әдемі суреттеп берді.

«Кездеспей кеткен бір бейне» повесі (1966, мемл. сыйл., 1970. 3 сағат). Классикалық шығарма. Қара сөзбен жазылған поэма іспетті бұл шығармада Сәкен Сейфулиннің азаматтық тұлғасы зергерлікпен шебер бейнеленген.

Ана тілін анамыздай ардақтайық (1 сағат). «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» деген тақырыпта өткен шығармашылық конференцияда жасалған баяндама.

Даналық ойлары мен ұлағатты сөздері (1 сағат). Жазушының жүректен шыққан ой толғаныстары мен ұлағатты сөздері күнделікті өмірімізде айнымас бөлшекке айналды.

Шығарма (1 сағат). Сынақ сабағы (1 сағат).

Тұрсынбек Кәкішевтің «Тәбәрік» атты сұхбаты (2 сағат). Ғабит Мүсіреповтің қазақ әдебиеті тарихындағы еңбектерін білу үшін алынған сұхбат.

«Туған елге соңғы сөз» (1 сағат). Жас ұрпаққа, туған еліне «Әдебиет пен өнер ұлы болмайынша – ұлт ұлы болмайтынын» ескертті.

Мұхтар Шаханов. «Эверест» өлеңі. Ғафу Қайырбеков «Ағаны аңсау» өлеңі (1 сағат). Қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан, халқының бір туар ақынымен қоштасуы, уақыт өтсе де жазушы мұрасы өшпейтіндігінің дәлелі ретінде жазылған жырлар.

Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер (2 сағат). Ұлы тұлғалардың, ақын-жазушылардың, сыншылардың, ғалымдардың, тума-туыстарының жылы лебіздері мен естеліктері беріледі.

Шығарма (1 сағат).

Қорытынды сабақ (1 сағат).

Нормативтік бөлім (9-сынып)

Барлығы – 34 сағат, аптасына – 1 сағат

№	Тақырыптың атауы	Сағат саны			Өткізу түрі	Білімдік қазына, нәтиже
		Барлығы	Лекция	Практика		
1-тоқсан (9 сағат)						
1.	Кіріспе. Курстың мақсаты, міндеті.	1	1		Лекция сабағы	Конспект
2.	Ә.Нарымбетов. «Көркем сөздің зергері».	2	1	1	Лекция	Хронологиялық кесте
3.	Драма жанрын дамытушы	1	1		Лекция	Реферат
4.	«Қыз Жібек» пьесасы	2		2	Рөлдік оқу, талдау	Сахналық қойылым
5.	«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы	3		3	Рөлдік оқу, талдау	Сахналық қойылым
2-тоқсан (7 сағат)						
1.	Ғабит Мүсірепов – киносценарист. Қазақтың тұңғыш киносы – «Амангелді»	1	1		Лекция	Баяндама
2.	«Қыз Жібек» фильмі	2		2	Фильмді көру, салыстыру	Шығарма
3.	«Махаббат туралы дастан» фильмі	2		2	Фильмді көру, салыстыру	Ойтолғау
4.	Мұқағали Мақатаевтың естелігі. «Күнделік» (17 наурыз 1973), «Ғабеңе» атты өлеңі	1		1	Мазмұнды талдау, логикалық оқу	Жатқа айту
5.	Сынақ сабақ	1			Тест	
3-тоқсан (10 сағат)						
1.	«Атақты әнші Майра» әңгімесі	3		3	Мәтінмен жұмыс	Мінездеме
2.	«Кездеспей кеткен бір бейне»	3		3	Мәтінді талдау	Реферат
3.	Ана тілін анамыздай ардақтайық	1	1		Лекция	Ойтолғау
4.	Даналық ойлары мен ұлағатты сөздері	1	1		Талдау	Жаттау
5.	Шығарма	1		1	Шығармашылық жұмыс	Шығарма
6.	Сынақ сабақ	1			Бақылау сұрақтары	
4-тоқсан (8 сағат)						
1.	Тұрсынбек Кәкішевтің Ғ.Мүсіреповтен алған «Тәбәрік» атты сұхбаты	2	1	1	Рөлдік оқу	Баяндама
2.	«Туған елге соңғы сөз»	1	1		Лекция	Ойтолғау

3.	Мұхтар Шаханов. «Эверест» өлеңі, Ғафу Қайырбеков. «Ағаны аңсау» өлеңі	1		1	Мазмұнды талдау, логикалық оқу	Жаттау
4.	Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер	2		2	Лекция	Реферат
5.	Шығарма	1		1	Шығарма-шылық жұмыс	Шығарма
6.	Қорытынды сабақ	1		1	Тест	

Білуі тиіс: көркем туындыны өз беттерімен оқу, талдау, салыстыру, бағалау; әр түрлі ғылыми ізденіске негізделген тапсырмаларды орындау; шығармадағы кейіпкерлерге мінездеме беру; мәтіннен айшықты сөздерді таба білу; өлеңді құрылысына талдау, мақамына сай оқу, мазмұнды талдау.

Меңгеруі тиіс: жаңа білімді саралап, талдай білу, сын айта білуі; дебат, айтыс, пікір сайыстары бойынша өз ойының маңыздылығын дәлелдеу, көркем сөйлеуі; алған білімін жинақтап, сол бойынша шығарма, эссе, реферат, баяндама жаза білу; қосымша материалдармен, ғылыми еңбектермен жұмыстана білу.

Ақпаратты-әдістемелік бөлім. Оқушылардың білімін бағалау бес балдық жүйе бойынша жүргізіледі.

Бағалауға қойылатын талаптар: «5» бағасы – курстың тақырыбын толық меңгерген; өз ойларын нақты дәлелдей білген; өтілген материалды әдеби тіл нормаларына сәйкес жеткізе білген; іздену, зерттеу жұмыстарында шығармашылық қасиетін көрсете білген. **«4» бағасы** – тақырыпты жақсы меңгерген; тапсырмаларды қажетті деңгейде орындаған; сұрақтарға ішінара жауап берген. **«3» бағасы** – тақырыпты толық меңгермеген; өз пікірін жүйелі түрде жеткізе алмайтын; тапсырманы үлгі бойынша орындайтын. **«2» бағасы** – тақырыпты меңгермеген; түсініктер мен дәлелдерді ұғынбаған; сұраққа жауап бере алмайтын.

Курс бойынша оқушылардың білімдеріне мүмкіндік беретін репродуктивтік танымдық тапсырмалар жүйесі құрылды.

Пәнаралық байланыс

Гүлнәзия ДОШНИЯЗОВА,
Ембі қалалық №1 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Бақытгүл ДӘРМЕНОВА,
география пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы.

БАЯНДАЙ БАТЫРЛАР МЕКЕНІ

Мақсаты: әдебиет пен география пәндерін байланыстыра отырып, Мағжан Жұмабаевтың Сарыарқа мекенінде болған «Батыр Баян» дастанын меңгерту. **Міндеттері: білімділік** – шығарманың тарихи сипатына мән беріп, географиялық деректерге сүйене отырып, сюжеттік желісі мен идеялық мазмұнын ашу; **дамытушылық** – поэма мазмұнында кездесетін географиялық атауларды анықтап, сипаттама беру арқылы іскерлік дағдыларын дамыту. Топпен жұмыс жасау қабілетін арттыру, өзіндік көзқарасын дәлелдеуге, талдап түйіндеуге, өз пікірлерін қорғай білуге үйрету; **тәрбиелік –** ұйымшылдыққа тәрбиелеу, елдің тарихын, жерін, елін құрметтеуге, патриотизмге баулу. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, топтық жұмыс, кластер құрау, «Синквейн» стилінде өлең шығару, картамен жұмыс, зерттеу жұмысы, семантикалық картамен жұмыс, әңгімелеу, талдау. **Көрнекілігі мен құрал-жабдықтары:** интерактивті тақта, Қазақстанның физикалық картасы, сандық, үлестірілмелі қағаздар, маркерлер, сувенирлер, «Батыр Баян» фильмінен фрагмент. **Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка, кино өнері.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Кіріспе сөз. «Сарыарқа – Баяндай батырлар мекені». Құрманғазының «Сарыарқа» күйімен көркемделеді (қазақ тілі пәнінің мұғалімі Дошниязова Г.Ә.).

Оқушылардың сабаққа мақсат қоюы.

«Сарыарқа – жер еркесі» слайд-шоуы (география пәнінің мұғалімі Дәрменова Б.Д.).

«Сандар сөйлейді» картасымен жұмыс. Топқа бөліп, жоспар бойынша мазмұнын әңгімелеу. Мәтінмен жұмыс. Географиялық

атауларды табу. Топтық жұмыс, кластер құру. «Батыр Баян» фильмінен үзіндіні талдау. Семантикалық карта толтыру.

«Синквейн» стилінде өлең шығару. Жұмыс барысында С.Тұрысбековтің «Көңіл толқыны» күйі ойналады.

«Білім сандығы» – алған білімдерін бекіту.

Сабақты қорытындылау, марапаттау.

Әдебиет мұғалімі**: -** Бүгін – бізде ерекше сабақ. Мына тыңдап отырған күйлеріңіз сіздерге таныс па? Күйдің аты қандай, авторы кім? Бұл – Құрманғазының «Сарыарқа» күйі. Бұл күйдің тегіннен-тегін орындалып жатпағанын сезіп отырған шығарсыздар. Біздің бүгінгі сабағымыз Сарыарқа жеріне байланысты (слайд *№1).*

«Арқаның көз жіберсем алабына:

Сарыарқа сары дария қиыры жоқ,

Кез болсын қандай қыран талады да,

Ішінде сары дария көз тоқтатар,

Көкшетау – Сарыарқаның аралы да» деп жырлаған екен Мағжан бабамыз (күй тоқтайды). Сабағымыздың тақырыбы «Сарыарқа – Баяндай батырлар мекені» , себебі бүгінгі сабақта бір сағат ішінде әдебиет және география пәндері бойынша білімдерімізді толықтырамыз. Алдарыңыздағы «білім сандығы» сабақтың соңында бүгінгі алған білімге толу керек. Ендеше, сабағымыз Сарыарқа жерінде болған батыр Баян оқиғасына қатысты болмақ (слайд *№2).*

География мұғалімі**: -** Сарыарқа – ежелден даңқы шыққан шежірелі өлке. Сарыарқа – Қазақстанның ірі физикалық - географиялық және табиғи-тарихи аймақтың бірі. Сонымен қатар, физикалық-географиялық аудандастыру жөнінен 9 аймақтың біріне кіреді. Бұл жер туралы аңыз да аз емес. Мысалы: Өте ертеде қазақтар далада көшіп-қонып жүргенде, таудың бір шыңында бір тау бүркіті өмір сүреді. Ол сұлтандардың жағымсыз қылықтарына қырағы көзбен қарап отырады екен. Сұлтандар осы бүркітті өлтірейін десе оқтары тимейді екен. Кейбіреулері ұясына шығайын десе шыға алмапты. Бұл жұмбақ жер қалай аталған? Көкшетау тауы, Оқжетпес шыңы. (слайд *№3-9).*

География мұғалімі: **-** Бүгінгі сабағымыздың мақсаты қандай болу керек деп ойлайсыздар, кім айтады? (оқушылар сабаққа мақсат қояды). Сарыарқаны басқаша Қазақтың ұсақ шоқысы деп атайды, себебі мұнда ұсақ шоқылар, яғни, аласа таулар тізбегі бар. Жақсы, олай болса, балалар, атластарыңызды шығарыңыздар, қазір картамен жұмыс жасаймыз. Тапсырма «сандар сөйлейді» деп аталады. Мұнда Сарыарқа шоқыларының биіктіктері берілген, соны анықтау керек (слайд *№10):* 664 м; 618 м; 803 м; 901 м; 1111 м; 1565 м.

Әдебиет мұғалімі жоспар бөлімдері бойынша поэманың мазмұнын сұрайды. I топқа берілетін тақырыптар *(*слайд *№11):* 1. Көкшетау табиғаты. 2. Қазақ елі басындағы жаугершілік. 3. Абылай хан жарлығы. Батыр Баянды күтуі. 4. Баянның кешігу себебі.Баян мен қалмақ қызы. II топқа берілетін тақырыптар: 1. Жас ғашықтар – Ноян мен қалмақ қызы. 2. Ноян мен қалмақ қызының қашуы. 3. Батыр Баянның ашуға ерік беруі. 4. Оқыс шешім. III топқа берілетін тақырыптар: 1. Баянның Көкшетауға аттануы. Абылай ханға баруы. 2. Жауға аттану. 3. Қалмақтардың алдауы. Шегіну. 4. Баянның жауға жалғыз аттануы. Жау қолынан қаза табуы.

География мұғалімі: - Жақсы, балалар, сіздер Сарыарқаның географиялық атауларын атадыңыздар. Олай болса, географиялық анықтама алу үшін әр топқа тапсырма беріледі (слайд *№12):*

Географтар: 1. Географиялық жағдайын анықтау: а) Сарыарқаны картадан көрсету; б) Кластер құрау; в) сол өлкедегі қандай географиялық нышандар. Геологтар: а) қалыптасқан кезеңі; б) қатпарлығы; в) пайдалы қазбалары. Гидроклиматологтар: а) климаттық жағдайы; б) су қорлары; в) жауын-шашыны.

Әр топ өзінің бағытына қарай кластер құрып, Сарыарқаның географиялық жағдайымен, пайда болған кезеңімен, пайдалы қазбаларымен таныстырады.

Гидро-климатологтар өзен-көлдерімен және климаттық жағдайымен таныстырады (оқушылар өз мәліметтерін айтып болған соң).

- Гүлнәзия Әділгерейқызы, «Батыр Баян» фильмінде жауын-шашынның түсуін бейнеленген сіз ол туралы не айтасыз?

Әдебиет мұғалімі (үзіндіні талдау). Бұл фильмде батыр Баянның ашуға ерік беріп, оқыс шешім қабылдап, інісінің сатқындығына ашуланған жері бейнеленген. Өз мүддесінен гөрі ел мүддесін жоғары қойған батыр Ноян мен қалмақ қызын өлтіргеннен кейін үлкен психологиялық күйзеліске түседі. Қайғылы жағдайды режиссерлар Көкше табиғатының климатын қоса суреттеген (фильмнен үзінді қарайды. Слайд *№13).*

География мұғалімі: - Бүгінгі сабақта «Батыр Баян» поэмасының мазмұнымен, шығу тарихымен, географиялық сипатымен таныстыңдар. Алған білімдеріңізді байқау үшін семантикалық карта толтырасыздар (семантикалық карта тарату, марапат қағаз толтыру. Слайд *№14).*

	Ең биік тауы.	Қызы-ларай шыңы.	Батыр Баянның інісін оққа байлаған ауыр жағдай болған жер.	Абылай қалың қолымен қоныс тепкен жер.	ЮНЕСКО қорғауға алған.	Қал-мақ-тар жайла-ған жер.	Тау бүркіті мекен-деген жер.
Көкшетау							
Қызыларай							
Іле							
Ақсоран							
Бурабай							
Қорғалжын							
Оқжетпес							
Сарыарқа							

Семантикалық карта жинау. Шығармашылық жұмыс орындау «Синквейн» стилінде өлең шығару.

Тақырып: «Сарыарқа». Слайд *№15.*

Әдебиет мұғалімі: - Ортамызда тұрған «білім сандығын» алған білімдеріңізді қорытындылай отырып толтырайық. Әдебиет пәні бойынша алаған білімдеріңізді домбыра, киіз, үй, түйені сандыққа салу арқылы білдіресіңдер. Географиядан алған білімдеріңізге кеме, глобус, жануарларды салу арқылы білдіресіздер

Қорытындылау. Марапаттау.

Нұрдана ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ,
Облыстық санаториялық үлгідегі
мектеп-интернатының тәрбиешісі.
Талғар қаласы.

ӘДЕБИЕТ ДЕГЕН ӘЛЕМ БАР

(7 «а» сынып)

Мақсаты: атадан балаға мирас болған байлығымыз, қазынамыз – туған тілге, көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру, оқушының рухани жан сарайын кеңейту, ақын-жазушыларымыздың дана ойлары, көркем сөз бояулары, сырлы әуендері арқылы өнер мен білімге, адамгершілікке тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** ақын-жазушылар портреттері, бүктемелер, қанатты сөздер. Сахнада «Адай» күйі ойнап тұрады.

1-жүргізуші: - Армысыздар, тілін сүйер ұландар,
Оқушылар мен ұстаздар, тәрбиешілер!

«Әдебиет – деген әлем бар» атты ашық тәрбие сағатын бастаймыз. Әдебиет – әсемдік әлемі. Халықтың рухани байлығы. Ол оқушының ақыл-сезімін тәрбиелеп жетілдіруден басқа – қазақ деген елдің өткені мен бүгінгісін танытады.

2-жүргізуші: - Қазір адамдардың барлығының да көздері ашық, ғылыми-техникалық дамудың шарықтап тұрған кезеңі – компьютер дәуірінде өмір сүріп жатыр. Бірақ бір нәрсе жетіспейді. Бүкіл адамзат соны іздеумен әлек. Ол – рух қажеттілігі, рухани азық.

1-жүргізуші: - Өмірде екі түрлі байлық бар. Біреуі – материалдық байлық, екіншісі – рухани байлық. Рухани даму – қажеттілік. Ол адамның өз басы үшін де, өзі өмір сүріп отырған қоғам үшін де қажет. Меніңше, бұл байлық адам бойына кітап арқылы дариды, сусындатады.

Бүркіт Ысқақбаевтың өлеңі – «Кітап – білім бұлағы». Әшімбай Әйгерім оқиды.

2-жүргізуші: - Кітап та – алма ағашы
Жемісін біздер теретін.
Тәтті алмаға балашы
Кітабыңның әр бетін,- деп Мұзафар Әлімбаев атамыз жырлағандай, әдеби кітаптар – білім көзі, рухани қазына. Егер зерделеп оқитын болсаң, кітап сенімен пікірлеседі, сырласады.

Ұлылардың кітап жайында айтқандары: 1. Серке Қожамқұлов. «Кітап – өмір ұстазы». Нұрман Б. оқиды. 2. Павло Тычина. «Кітап – мұхит». Рахымбергенова А. жатқа айтады. 3. Максим Горкий. «Кітапты сүйіңдер». Алмас А. орындайды. 4. Әлішер Науаи. «Кітап ақылы – нақыл». Оңтай Б. түсіндіреді. 5. Расул Гамзатов. «Кітаппен дос бол». Әшімбай А. орындауында.

1-жүргізуші: - Әбдімомын Желдібаевтың күйі «Ерке сылқым» күйі. Орындайтын: Алмас А., Байжомарт С.

Қазақта мынандай тұрақты сөз тіркестері көп кездеседі: рухани бай адам, рухы жоғары, рухтанып кетті, ұлттық рух, рухани ұстаз, т.с.с. Осы тіркестерге мұқият зер сала отырып, «рух» деген нәрсенің адам денесіндегі бір қуат екендігіне көз жеткізуге болады. Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер рухтан туындайды да, барлық жаман қасиеттер нәжістің көрінісі болып табылады.

Адам денесі бір болғандықтан, оның ішінде билік үшін үнемі осы екі қуаттың күресі жүріп жатады. Қымбат Әбілдәқызының өлеңі – «Екі жол бар». Орындайтын: Ермекбай Еркеш.

Жұмекен Нәжмеденовтің өлеңі – «Жаманыңды көрмесем», Әбдіқадірова Гүлмарал оқиды.

2-жүргізуші: - Уақыт өткен сайын қадір-қасиеті арта түсетін даналар болатындығын жұртшылық ежелден-ақ мойындаған. Абай – сол тұрғыда дара адам. Абай мұралары – адамгершіліктің, имандылықтың, биік парасаттың асыл қазынасы. Ақын бар асыл ойын өз халқына, келер ұрпағына арнады. Ол ең алдымен жастардың алдында тұрған басты міндет – ғылым, білім үйрену жолы екенін атап көрсетті.

Абайдың өлеңі: «Әсемпаз болма әрнеге» (Рахымбергенова

А.). «Ғылым таппай мақтанба» (Әшімбай А.).

1-жүргізуші: - Абай жастардың адам болу үшін жаман қылықтардан аулақ болуын қалайды. Адам болу мәселесіндегі Абай негіздеген «Бес асыл іс» пен «Бес дұшпан» ешқандай данышпан дау айта алмайтын, қай қоғам, қай заман болса да мәнін жоймайтын терең таным екені даусыз.

Абай атаған «Бес асыл іс» терең ғылыми таным болғандықтан, кейінгі өлеңдері мен қарасөздерінде «Бес асыл істі» жан-жақты ашып, сипаттап отырды (Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым).

2-жүргізуші: - Рақым – Абай шығармаларында кейіннен үлкен өзекті арнаға құйған гуманизмнің алғашқы көрінісі.

Талап, еңбек, терең оймен табылған дүние, меңгерілген ғылым адамның өзі үшін ғана болса, адамшылықтың орыны болмайды. Абай адамның адам болуын адамға істеген жақсылығымен, мейір-шапағатымен бағалайды. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Адамшылықтың қарызына еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың»,- дейді 37-сөзінде.

С.Сейфуллиннің әні – «Біздің жақта».

1-жүргізуші: - Шәкәрім – Абайдан соң теңдесі жоқ ақын, аудармашы, ойшыл, философ, сазгер, әнші әрі ұлтымыздың асыл мұрасына айналған поэмалар жазған дастаншы.

Шәкәрімнің өлеңі – «Адамдық борышың» (А.Рахымбергенова). «Жолама қулар маңайға» (А.Алмас).

2-жүргізуші: - Қазақ әдебиетінің көгінде жарық жұлдыздай жарқ еткен, Абайдан кейінгі реалист ақын – Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Ақын қазақтың көгіне өрмелеп шығып, оқу-білімнің нұрын шашуды көздеді. Кеудесіндегі жұдырықтай жүрегінің әмірімен алдына «толған мақсат, таңдау» қойған Сұлтанмахмұт үшін өмір биігі – халқына қызмет ету болды.

Адам өмірі қызмет, дәулетпен емес, артына қалдырған ісімен өлшенбек. Данышпан Абай атамыздың «Адам баласы бір-бірінен ар-ақыл, мінез-ғылым, өнер деген нәрселермен озбақ.

Одан өзгемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» дегені ойға оралады да, осы аталғандардың бәрі де Сұлтанмахмұтта мол болғандығына кәміл сенесің.

Кезекті С.Торайғыровтың өлеңдеріне береміз: 1. «Асыл сөз» (Усеров Т.). 2. «Оқу» (Нұрман Б.). 3. «Ұлт» (Курзаков Е.).

Абайдың әні: «Көзімнің қарасы» (Әшірақын А, Бейсетай Т, Әшімбай А, Алмас А, Ермекбай Е.).

1-жүргізуші: - Мағжан Жұмабаев! Осы бір есім елге таныс болғаннан бері «Мен қазақпын» деген азаматтың бір селт етпейтіні жоқ та шығар. Өйткені басына ажал оғы таяп тұрса да айбынды ақын алған бетінен бір қайтпай, елінің егемендігі мен ұлтының бақытын жырлаудан бір сәт те тайынбай өткені баршаға мәлім.

Тіл – халықтың тарихы, ұлттық жаны. Мәдениеттің даму жолы, ақыл-ой мен сезімнің жанды көрінісі.

М.Жұмабаевтың өлеңі: «Қазақ тілі» (Әшірақын А.), «Мен кім?» (Кенжебай Н.), «Атақты ақын сөзі алтын хакім Абайға» (Аташбаева Ж.).

2-жүргізушісі: - Мұқағали – жыр еліне ауыз әдебиетінің мөлдірінен сусындап, ұлы Абайдың тереңіне бойлап, өзіне дейінгі ақындарды пір тұтып, орыс пен еуропа, шығыс әдебиеттерінен тәлім алып келген ақын.

Мұқағали – ғажайып сыршыл ақын. Ол – бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын жұмбақ ақын. Мұқағали мен халықтың арасында рухани-табиғи байланыс мықты. Ақын туған жерін, туған халқын, ана тілін жанындай сүйді. Оның кез келген шығармаларының жердің, елдің биік рухы сезіледі.

Кезекті М.Мақатаевтың өлеңдеріне береміз: 1. «Поэзия, менімен егіз бе едің?» (Алмас А.). 2. «Жазылар естеліктер мен туралы» (Бейсетай Т.). 3. «Үнсіздік» (Көшекбаева М.).

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Әннің тәтті оралған мәні оятар» деген сөзі жанды тербетеді.

М.Мақатаевтың сөзіне жазылған ән – «Есіңе мені алғайсың» (Аташбаева Ж.).

1-жүргізуші: - Қазақта «Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас» деген мақал бар, шүкір, ел ағалары – баршылық. Олар ерекше қасиетімен ел құрметіне бөленуде. Соның бірі – белгілі ақын Мұхтар Шаханов. Оның поэзиясы елімізге де, шетелдерге де танымал.

Кезекті М.Шахановтың өлеңдеріне береміз: 1.«Арман» (Бейсетай Т.). 2. «Жаңа қазақтар» (Оңтай Б.). 3. «Төрт ана» (Байжомарт С.).

2-жүргізуші: - Сырлы да сазды сөзбен өрнектелген ой асылының шыңы – көркем әдебиет. Әдебиет – ұлттың жүрегіне апарар жол, сан тарау сырын ұқтырар ұлағатты мектеп.

Ұлылардан – ұлағат (Әдебиет туралы пікірлері)

(Курзаков Е, Әбдіқадірова Г, Усеров Т, Кенжебай Н, Әшірақын А, Сағидуллаев М, Байжомарт С.).

1-жүргізуші: - Рухтың мекені – адамның жүрегі. Жүректің жылуы – махаббат, ар-намыс, қайрат-жігер сезімдердің барлығы да осы рухтан туындайды. Рухани бай адам, ең алдымен, әділ, мейірімді және қанағатшыл болады.

2-жүргізуші: - «Өнер алды – қызыл тіл» дейді халқымыз. Балаға берілетін бүкіл білім мен тәрбие, ең алдымен, сөз арқылы жүзеге асырылады. Әр ұрпақтың алдындағы ең қасиетті парыз – ана тілін, төл әдебиетін құрметтеу, оны өзінен кейінгіге рухани аманат ретінде табыстау.

«Кеңес күйі» (Байжомартова С, Алмас А.).

1-жүргізуші: - «Поэзия әлемінде самғасын,
Әдебиеттің талай жолын шарласын.
Қазағымның ақындары көбейіп,
Мұралары мәңгі есте сақталсын!»- деп

ақын жырға қосқандай, құрметті қонақтар, оқушылар, осымен біздің «Әдебиет деген әлем бар» атты тәрбие сағатымыз аяқталды. Қатысушы көрермен қауымға көп-көп алғыс айтамыз. Келесі кездескенше, аман-сау болыңыздар!

Айгүл ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
Екібастұз қаласындағы №18 мектеп мұғалімі.
Павлодар облысы.

«СӨЗ – МЕРГЕН» ТІЛ САЙЫСЫ

Мақсаты: қазақ тілінің – мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге өз үлесімізді қосу және осындай игі іске жастарды тарту, биік мұраты да – осы ұлтқа қызмет ету. Оқушылардың тапқырлығын, өз ойларын тез, ұтымды жеткізу, ойлау қабілетін, тіл шеберлігін арттыру. Адамгершілік тәрбиесін беру. Өз Отанымызды құрмет тұтуға, тілімізді, дінімізді жандандыруға үлес қосуға, ұмыт болып бара жатқан көне дәстүрімізді қалыпқа келтіруге ұмтылу. **Көрнекі құралдары:** сандықша, сабақ кезеңдеріне жазбаша сөздер, тұрақты сөз тіркестері, шарлар.

«Сөз – мерген» интеллектуалдық ойыны «...Өткірдің жүзі, Кестенің бізі – Өрнегін сендей сала алмас» деп, қуаттылығы мен нәзіктігін Абай ақын тамсана жырлаған қазақ тілінің құдіреттілігін паш етеді. Ұлттық рухани болмыстың алғышарты болып табылатын қазақ тілінің тереңде тұнып жатқан сөз маржандарын жарқырата көрсету арқылы көрерменнің туған тілге деген сүйіспеншілігі мен құрметін, патриоттық сезімдерін ояту – бағдарламаның басты идеясы.

«Сөз – мерген» үш кезеңнен тұрды:

I кезең – «Мықты болсаң, тауып көр».

1-тапсырма.

1	Әл	**ІС**
2	Қуат	
3	Шама	
4	Күш	

(Күшіне сенбе, ісіне сен.)

2-тапсырма.

1	Балта	**АҒАШ**
2	Үскі	
3	Балға	
4	Ара	

(Алтын балтаның сабы да ағаш.)

3-тапсырма.

1	Дала	**СЕЛ**
2	Аспан	
3	Өзен	
4	Тау	

(Тау мен тасты сел бұзар, Адамзатты сөз бұзар.)

4-тапсырма.

1	Жын	**АЛТЫН**
2	Шайтан	
3	Періште	
4	Құбыжық	

(Періште алтын көрсе, жолдан таяды.)

Ұпай саны аз бала ойыннан шығады. Шыққан бала **«Сөз – мергеннің»** қоржынына бір көнерген сөз салып кетеді.

II кезең – «Жүйрік болсаң, шауып көр».

1-тапсырма.

1	Қағаз	**АУЫРЛЫҚ**
2	Темір	
3	Тас	
4	Ағаш	

(Керек тастың ауырлығы жоқ.)

2-тапсырма.

1	Үй	**ТОҒЫЗ**
2	Қамал	
3	Бекініс	
4	Қора	

(Тойған үйге тоғыз бар.)

3-тапсырма.

1	Алтын	**ТЕРІ**
2	Күміс	
3	Қола	
4	Мыс	

(Алтынды еріте білмеген ірітер, тері еріте білмеген шірітер).

Шыққан бала «Сөз мергеннің» қоржынына бір сөз салады.

Ұпай саны аз бала ойыннан шығады.

III кезең – «Ойлы болсаң, озып көр» деп аталады (Көнерген сөздің мағынасын ашу).

1	Кәсіп	**ҚОЛҚАР (қасқырдың асығы)**
2	Егін	
3	Мал	
4	Аң	

1	Адамның қасиеті	**ДЫМАҚ**
2	Ем-дом	
3	Тағам	
4	Киім	

Қоғамымызда болып өткен түрлі тарихи ахуалдар негізінде белең алған кейінгі буын бойындағы ой және тіл жұтаңдығын ескере отырып, олардың сөздік қорын байыту, сауатты сөйлеуді үлгілеу, ұмыт болуға айналған мақал-мәтелдер мен көне сөздерді ұтымды пайдалана отырып, қолданысқа ендіру; тіл мәдениетін жетілдіріп, тіл тазалығы мен шұрайлылығына көңіл аударту. Түпкі мақсат – Мемлекеттік тіл мәртебесін асқақтату.

Оңаша жыр отауы

ЖАРЫҚ ДҮНИЕ, ҒАШЫҚПЫН КЕЛБЕТІҢЕ!

Жастайынан ұстаздықты ұлықтап өскен сазгер ақын Оспанова Перизат Шахабайқызы жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісін қасиетті бойтұмардай биік ұстаумен бірге, қолы босап, кең тыныстаған сәттерінде шабыт шақырып, жыр жазады. Нәзік жүрегінен ақтарылған өлеңдеріндегі шынайы шындық пен мөлдір сезім оқырманын еріксіз баурап алып, жанын тебірентеді. Соның жарқын куәсі – төмендегі келісті көркем дүниелері. Терең сырына бәріміз бірге үңілейік.

МҰҚАҒАЛИ АҚЫНҒА

Өмірдің тіршілігін боямасыз
Кірпіштей жырдан қалап қоя аласыз.
Өлеңмен үй тұрғызып, терезесін
Шумақпен шағын қылып оя аласыз.

Оқылар өлеңіннен ойың айқын,
Әнші көп әндеріңді орындайтын.
Поэзия дүниесін аралаған
Ақынсың ер қазағым мойындайтын.

Жырыңыз жалын болып шын маздаған,
Тақырып қалмаған ғой сіз жазбаған.
Өзіңдей жазушы жоқ тіліп түсер,
Өлеңнің алтын кенін кім қазбаған?!
Оқимын кітабыңды тебіреніп,
Оқығым келеді ылғи еміреніп.
Мұқаңның от жырларын жас ұрпаққа,
Тапсырған аманат қып өмір сеніп!

ҚАЗАҒЫМ

Жомарт болып жаратылған қазағым,
Мен елімді мақтан етіп жазамын.
Тәуелсіздік туың көкте желбіреп,
Артта қалған тозағың мен азабың.

Қазағымның қасиетті құраны,
Мәртебесі – шарықтаған Қыраны!
Бостандықта өмір сүрген елімнің
Айтылады бейбітшілік жыр, әні!

Даңқы асқақ желбіреген туымның,
Бұлағы да зәмзәм тұнық суымның.
Ұлттық ата салтында өскен шынайы
Намысы зор қазақы қыз, ұлымның!

АНА – ӨМІР ШЫРАҒЫ

Ана бізге қасиетті жан мәңгі,
Адал бол деп өсірді ғой санамды.
Үйіміздің жанып тұрған шырағы,
Өмірімнен артық көрем анамды.

Ақ жаулықты ана – бақыт, ана – жыр,
Бір өзі ғой – сәбиіне жанашыр!
Бала үшін жан қиюға әзір ол,
Қиындықпен күресетін жан асыл!
Сыйлады ол өмір деген ғажапты,
Тіршілікте сүю деген ләззатты!
Аналық ақ махаббаты кеудемде
Құштарлықтың алау отын маздатты.
Аялы ыстық алақанын сүйемін,
Мен – бәйшешек жемісімін, білемін.
Талбесікті әлдиімен тербеткен
Жыр етемін киелі пәк тілегін!

АУЫЛДА

Қызу еңбек науқаны әр ауылда
Адал жұмыс жүргізер бар қауымға.
Таусылмайтын күйбеңі тіршіліктің
Жол бермейді жалқау боп шаршауыңа.

Таңертеңнен басталар сауының да,
Жылқы айдау өрістік жайылымға.
Мөңіреген уда-шу мал дауысы,
Осылардың бәрі тән ауылыма.

Самауырын қайнайды еселенген,
Амандасар өткен жан көшеменен.
Ата менен апалар терлеп-тепшіп,
Сүт қатылған шай ішер кесеменен.

Дастарханда нан тұрар жұмсақ ыстық,
Қыстың өзі жылынар тұрған қысып.

Ошақтағы қазанға сүт пісірер,
Үлгереді жеңгелер іске пысық.

НАРША АҒА

(әні бар)

Туған жерден тұлға көрем,
Тұла бойы – тұнған өлең.
«Хат жазып тұр» деген әнді
Әлі күнге тыңдап келем.

Қайырмасы:
Жыры көкте шарықтаған,
Әні елде қалықтаған.
Қарт Қаратау бөктерінде
Із қалдырған жарқыраған.

Сөндірмеген жыр жалынын,
Сөзі жұмбақ сырларының.
Нарша ағам – бірегейі
Қазағымның ұлдарының.

Өмір дүние өттің жалған,
Көңіл керуен болдың арман.
Сен дегенде жүрегіме
Сағыныштың әні қонған!

АДАМ БОЛАМ БАҚ ҚОНҒАН

Қарлығаштай қанат қақтым ұядан,
Қаршығадай шолам биік қиядан.
Аққудай мен жүздім айдын көлімде,
Жырға қостым сезімімді ұнаған.

Шағаладай аспанымда самғадым,
Көгершіндей ел тілегін жалғадым.
Қарғалардай қара ниет жаулармен
Қыран құстай айқасудан талмадым.

Сақта құдай шибөріден топтанған,
Сәтім де бар сауысқандай сақ болған.
Бола алмаймын қорғансыз бір торғайдай
Бүрсең қаққан, Адам болам бақ қонған!

СЕЗІМ

Қуанғанда судай тасып сезімің,
Өкінгенде таусылады төзімің.
Ол біреуді аяймын деп жүргенде
Кеш біледі-ау мұңды көзін өзінің.

Сұлу сөзді жанға жақын көріп сен,
Өзгересің құштарлыққа еріп сен.
Біреулерге Айға ұқсап тұрарсың,
Мазақ қылар құр бекерге желіксең.

Сезім деген – селт еткізер құбылыс,
Бақыт – күрес, сан мәрте бұл жығылыс.
Тылсым сырға бағындырар өмірде
Жүрегіңді билейтін зор құрылыс.

Сүйіп тұрып сүйгеніңді жеккөріп
Жүресің ғой, бастан сынды өткеріп.
Өмірдің бос қызығына алданып,
Айырыласың бастан бақты көп көріп.

Аңғал сезім жылытып та күлдірер,
Кейде, тіпті, жақсы істі бүлдірер.
Сезіміннің ере берсең соңынан
Адастырып жүрегіңді тілгілер...

Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.
Басуға 30.04.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84х108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0.
Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4000.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**
Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,
Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.
Факс.....243-15-53.
Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.
Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №5, 2014 ж., 144 бет, Алматы.